

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ 821.111

Қолжазба құқығында

Қияқбай Нұрила Бақтиярқызы

**АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ
ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ (ДЖЕЙН ОСТИННІҢ “PRIDE
AND PREJUDICE” ЖӘНЕ СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ
«ҚАМАР СҰЛУ» РОМАНДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)**

6M021000 – Шетел филологиясы: ағылшын тілі мамандығы бойынша
гуманитар ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін
дайындалған магистрлік диссертация

ТҮРКІСТАН – 2017

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ

Қорғауға жіберілді:

Ағылшын филологиясы
кафедрасының меңгерушісі,
соц.ғ.к., доцент м.а. _____ Б.Д. Тұрлыбеков
(қолы)
«__» _____ 2017 ж.

Магистрлік диссертация

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ
ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ (ДЖЕЙН ОСТИННІҢ “PRIDE AND
PREJUDICE” ЖӘНЕ СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ «ҚАМАР
СҰЛУ» РОМАНДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)

мамандығы: 6М021000 – Шетел филологиясы: ағылшын тілі

Магистрант _____ Н.Б.Қияқбай
(қолы) (аты-жөні,тегі)

Ғылыми жетекшісі,
ф.ғ.к., доцент _____ Н.Қ.Айтбаева
(қолы) (аты-жөні,тегі)

КІРІСПЕ

Махаббат – көптеген ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болған тақырыптардың бірі: бірі сүйген жарына қосылса, екінші оқиға трагедиялық қалыппен аяқталғаны және бар.

Диссертацияда негізгі қарастыратын **тақырыбымыз** – әйелдің қоғамдағы орны, әйел бостандығы, қоғам тарапынан беріліп жатқан баға мен қайраткер болу жолындағы әйелдің қоғаммен күресі.

Бұл тақырыпты зерттеудегі негізгі **маңыздылық** мынада:

- Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы мен Джейн Остиннің «Pride and Prejudice» немесе «Тәкәппарлық пен соқыр сенім» романдарындағы әйел жағдайы
- XIX-XX ғасырдағы қоғамның әлеуметтік сипаты
- Мансап пен байлықтың қоғамдағы орны
- «Жаңа әйел» концептісі
- Сұлтанмахмұт пен Джейннің шығармашылықтарын салыстыра отырып, жазу стильдерін анықтау, ерекшеліктеріне баса назар аудару
- Гендерлік стереотиптің қазақ және ағылшын әйелінің өміріне әсері

XIX ғасыр – тарих сахнасы үшін ескілікпен қоштасып, өз жаңалығымен келген дәуір. Сұлтанмахмұт пен Джейннің алдында махаббат түгіл, басқа да адами құндылықтардың құлдырай бастаған шағында қоғамды мұндай қатерден сақтап қалу міндеті тұрды. Сол міндетті өздерінің шығармалары арқылы қоғам санасына жеткізе алу – үлкен жауапкершілікті жүктеді. Сол себепті осы жағдайлардың бәрін зерттеу бұл диссертациялық жұмыстың негізгі **зерттеу объектісі** ретінде қарастырылады.

Диссертациялық жұмыстың негізгі **мақсаты** – Элизабет пен Қамардың әрекеттері арқылы гендерлік стереотиптерге қарсы бас көтере білген «жаңа әйел» концептісін ашқан кейіпкерлердің образы арқылы әйелдердің қоғамдық қайраткер атануын зерттеу.

Осы таңға дейін ағылшын және қазақ әдебиеттерін салыстыра отырып, әлеуметтік мәселенің пайда болуын, шешілу жолын, себебі мен салдарын анықтап бере алмаған жұмыстардың болмағаны анық. Сол заман тұсындағы қоғамға төнген қауіп қатерден құтылу, арылу жолын табу – жұмыстың алдында үлкен **міндетін** көрсетеді.

Махаббат екі адамның некеге тұруына негізгі себеп болды деп айту қиын. Джейн бұл жағдайды Беннеттер отбасы арқылы сипаттап жеткізеді, ал Сұлтанмахмұт Қамардың оқиғасын Нұрыммен шиеленістіру арқылы түсіндіріп кетеді. Осы уақытқа дейін бұл сипаттағы жұмыстың жарық көрмеуі **жұмыстың** сапасы мен **жаңалығын** аша түседі.

Зерттеудің негізделген негізгі **өзектілігі** әдеби және қоғамдық зерттеулердің қазіргі таңда бір арнада тоғысуында. Яғни бұл дегеніміз – әдебиет қоғамның ажырамас бөлігі екені белгілі.

Жұмысты жазу барысында көптеген зерттеу методтары мен **тәсілдер** қолданылған: салыстырмалы анализ, синтез және т.б.

Жұмыстың практикалық құндылығы. Аталған жұмысты жоғарғы оқу орнында жаңа заман әдебиеті секциясы бойынша және социология секциясы бойынша ұсынуға болады.

Жұмыстың теоретикалық құндылығы осы уақытқа дейін зерттелмеген материалдарды топтастырып, салыстыра отырып зерттеуінде.

Зерттеу жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдер. Жұмыста сипаттау, салыстырмалы-типология әдістері қолданылды.

Жұмыстың құрылымы кіріспе, екі тараудан және қорытындыдан тұрады. Сондай-ақ жұмысты жазу барысында пайдаланған әдебиеттер де көрсетілген.

Оқу үлгісін

1. АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ СИПАТЫ

1.1 Әйел бостандығы шектеулігінің Джейн Остин шығармашылығында көрініс табуы

XIX ғасырдағы викторияндық әдебитке негізделген ағылшын әдебиеті ағылшын реалистік прозасын талқыға салған жаңа тың идеялар мен тақырыптарымен байта түседі. Бұлай дамуына негізгі арқау болған Ч.Диккенс, У.М.Текерей және Т.Гардиден бөлек әйел жазушылардың да қосқан айтарлықтай үлесі бар.

Викторияндық әдебиеттегі ағылшын дәуірінде «әйел тақырыбы» маңызды тақырыптардың бірі ретінде саналады.

«Қоғам және әйел» тақырыбы дискуссияларда ең көп талқыланатын тақырыптардың бірі. Викторандық дәуір 1837 жылдан 1901 жыл аралығын қамтиды. Қоғамның әйел адамдарға деген қарым-қатынасы қоғамда «әйелдер қозғалысын» тудырды. Бұл жайлы Б.Ли Харман өзінің «Викториандық Англиядағы әйелдердің саяси романы» атты шығармасында әйелдер қоғамның бір бөлігіне айналғысы келгені туралы жазады [1,15]. Осы орайда «гендер» атты түсінік пайда болады. Бұл түсінік Джейн Остиннің шығармаларында да көрініс табады [2,3,4].

Хронологиясы жағынан роман XVIII-XIX ғасыр аралығын қамтиды. Бұл аралықты қамту себебіміз – викториандық дәуірде «әйелдер прозасының» пайда болуымен тұспа-тұс келуі. Дәл осы кезеңде әйелдер прозасында ерекше төңкеріс, серпіліс пайда болды. Әйел жазушыларының шығармалары жаңа толқынға көтерілді. Себебі, әйелдер психологиясы, әйелдердің қоғам тарапынан дұрыс бағалана білуі сияқты маңызды факторлар алға тартылды. Осы екі ғасыр бойы романда жас қыздарға моральдық тұрғыдан өз өзін бағалау бойынша таптырмас жол құрылады. Викториандық дәуірде Джейн Остенді «әлеуметтік комедиялардың авторы» деп танып, оның шығармашылығын эстетикалық тұрғыдан қарастырады. Бұл дәуірде туған-туыстары тарапынан жазушының болмысы мен стилі де қалыптасады. Бұл арқылы әдеби текст сол тарихи дәуірді тануға керемет мүмкіншілік туғызған тарихи құндылық деп танылып, өз заманының шындығын ашады. XX ғасыр тұсында феминисттер мен посколониялдық ізденістердің бас көтеруі Джейн Остин шығармаларының әлемін қайта ашуға мүмкіндік берді. Феминисттер мен постколониялды ізденістерге бағытталған көптеген шығармалар тобы бар екенін атап өту де маңызды.

Остен шығармашылығын, мағынасын және интерпритациясын тану алдымен XX ғасырдағы британдық әдебиеттанушылардан басталады. Олардың ішіндегі ең көп аталатыны – Оксфорд университетінің профессоры, әрі шекспиртанушы А. С. Бредли (Bradley). Ол өз тарапынан Джейн Остин шығармаларына өзіндік академиялық көзқарастарын енгізеді [5,128]. Сондай-ақ А. С. Бредли Оксфорд университеті қабырғасында лекция оқып жүрген

шағында Джейн Остинді «қоғамдық комедиялардың авторы» ретінде зерттеп қана қоймай, оның шығармашылығын екі кезеңге, яғни өмірінің «ерте» тұсында жазылған шығармалар және «кеш» жазылған шығармалар деп бөлуді жөн санайды.

Келесі Джейн Остин шығармашылығын көпшілікке таныстыруда үлесін қосқан адам – XVIII-XIX ғасырлардағы ағылшын әдебиетінде жүргізген зерттеулерімен танымал болған, сондай-ақ ағылшын әдебиетінің сыншысы М. Батлер (Butler). М. Батлердің пікірі бойынша Остен жасаған образдарға эстетикалық тұрғыда баға берген жөн деп санады. Сондай-ақ М. Батлер «Дж.Остен және идеялар соғысы» еңбегінде француз революциясынан кейінгі қалыптасқан Англиядағы интеллектуалды идеялар аясында «саяси тұрғыдағы Остен» тұжырымын алға тартады [6, 29]. Мұнда Остен шығармашылығы төмендегі категориялар мен аспектілер бойынша қарастырылады: француз революциясы, соғыс, ұлтшылдық, карьера мүмкіндіктері, әйел эмансипациясы, вигам мен радикалдар жайындағы Остин пікірлері мен көзқарастары, консерватизм туралы Остиннің пікірі. Ия, шынында да бұл Остен осы сұрақтар төңірегінде зерттеле бастады.

XX ғасырдың 60-жылдары феминизм мәселесінің «екінші толқыны» басталады. Осы орайда 1970-жылдары әдеби тұрғыдағы феминизм (feminism literary criticism) мәселесі қозғалады. Бұл жағдайда бірінші кезекте Джейн Остиннің әйел жазушы болғандығы қарастырылады. Себебі, бұл тұста әйел-жазушылардың идеология үшін қайта жаңғыруы ағылшын-американдық академиялық феминизмнің назардағы мәселесіне ілігеді. Джейн Остиннің әйел жазушылардың қатарындағы ең озық жазушылардың бірі болғандықтан, «әйел-жазушыларының шығармашылығы» (women's writing) деген категориядан бөліп қарастыра алмайтынымыз сөзсіз. Әйелдер туралы жазатын жазушылар туралы сөз қозғар болсақ, екі жақты қарастыруға негіз бар: бірі – өздерінің күнделікті қоғам тарапынан теперіш көріп жүрген әйелдер болса, екіншісі – әйелдер туралы жазатын жазушылар, яғни жынысы әйел емес жазушылар. Бұл тезис американдық әдебиеттанушылық феминизм мен феминисттік теорияның иегерлері, әдебиетінің сыншылары С. Гилберт и С. Губардың негізгі ізденушілік жұмыстарының арқауы болып табылған. Олар өздерінің «Женщина писательница и литературное воображение XIX в.» атты шығармасында «әйел-жазушылардың әйелдердің болмысын бейнелеуде өздерінің шығармашылық тұрғыдан шектеулі» болғандығын жазады. Мұндай патриархалды түсінік көптеген ер-жазушылардың арқасында түзілгені хақ. Дәл осы дихотомиямен Шарлотта Бронте, Дж.Элиот, М.Шелли, сонымен қоса Дж.Остин де күресуге мәжбүр болды. Бұл дәйек Джейн Остиннің оқырмандары тарапынан жазушының шығармашылығын қабылдауда үлкен әсерін тигізді.

Феминизм дегеніміз не? Түбірі қайда? Ол қалай пайда болды дегенге жауап табуы жөн санаймын.

«Феминизм» сөзі латынның «әйел» деген сөзінен шыққан. Феминизм әйелдердің теңдік үшін түрлі ағымдағы күресінің жалпы атауы ретінде айқындалады. Феминология – әйелдер рөлін, әйелдер қозғалысын және

олардың ерлермен тең құқығын қарастыратын ғылым болып саналады. Феминология әлеуметтік статусы мен әлеуметтенудің, саясаттың, үкіметтің гендерлік аспектісін, дискриминация мәселелерін, әйелдер мен ерлердің арақатынасын зерттейді.

XVIII ғасырдың соңында Еуропада ерлердің әйелдерді толықтай бағынышты еткен қоғамдық отағасылық (patriarchy) үстемдігіне қарсы әйелдер құқығы идеясының алғашқы негіздері пайда болды. 1791 жылы Франция төңкерісі қарсаңында О.Гужес (Olympe de Gouges) «Әйелдер құқығының жарнамасы» шығармасында автор «әйелдер — туғаннан еркін адам, ол ерлермен тең құқылы» деп жазды [7, 56]. XIX ғасырдың соңында бұл идея қарыштап дамыды. АҚШ-тық М.Фуллер (Margaret Fuller) әйелдердің заңды құқығы мен тұрмыстағы құқықтарын философиялық тұрғыдан дәлелдеуге тырысты. Ол әйелдер отбасымен ғана шектеліп қалмауы тиіс, қайта, өзін түрлі салада жетілдіруді мұрат етіп ұстануы, ақыл-ой, сана-сезім, ғылым-білім жағында жетілу әйел затының өзін шындап түсінуіне жол ашады деп қарады [8, 171].

Әйелдер құқығы (feminism) идеясы пайда болған күннен бастап әдебиетпен тығыз байланыста болды. Зерттеу аумағы — қоғам / адам, әйел / ер, әйел / отбасы, әйел / қоғам, т.б. қатынастарын қамтитын әйелдер құқығы идеясы дәл осы саланы кең көлемде, жан-жақты, өзіндік тәсілмен бейнелейтін әдеби шығармалардан өзіне дәлел тауып келеді.

Феминисттік сыншылардың Остен шығармашылығының ерекшелігін жазушының жазу стилі мен жанрынан табады. Сонымен қоса, назарға жазушының жеке темпераменті, интеллекті, білімі және ортасы ілігеді. Оқырмандардың көпшілігі Джейн Остенді күнделікті өмір тұрмысынан шыға алмаған жазушы ретінде сынайды. Ал кейбірі оның жазу стилінің өзгеше болғандығын ескереді. Джейн Остин дәуірі Викториандық әдебиетпен тұспа-тұс келгендігіне байланысты, жазушылар, соның ішінде әйел жазушылардың өзіндік жазу ерекшелігі болды десек асыра сілтегендігіміз болмас. Базы деректерді мұндай стильді «courtesy» деп атап көрсетеді. XVIII-XIX ғасыр тұсында бұл жанр өте танымал жанрлардың бірі болды деп айтуға негіз бар. «courtesy» сөзінің түпкі төркіні ағылшын тілінен бастау алады, мағынасы жағынан «сыпайылық» немесе «әдептілік» мағынасына сыяды. Бұл жанрда көбінесе өмір немесе тұрмыс түрі туралы жазатын кезде қолданған. Деректерге сүйенсек, Британ жерінде бұл жанрдың негізін салушы Джейн Остин ретінде белгілі [9,18]. Джейн Остен шығармашылығының тұрмыстық реализммен сәйкес келуі бұл жанрдың әрмен қарай дамуына үлкен әсерін тигізді. «Махаббат пен тәкәппарлық» та осы «сыпайылық» жанрының таныла бастаған уақытында дүниеге келген романдардың бірі болып саналады. XVIII ғасырдың әйел идеологиясы мынадай сипат алады: “A natural association between women and the private sphere, domesticity and leisure and the identification of women with feeling and sensibility rather than reason” [10, 28].

Роман тоны жарқын, анық және сатираға толы. Мистер Коллинзтің Элизабетке жасаған ұсынысын және Леди Катэринаның Лиззиге барғанын сатиралық тұрғыдан өте күлкілі етіп суреттейді.

«Махаббат пен тәкәппарлық» романы Элизабеттің өз аузынан жазып алынған роман ретінде жазылған. Бірақ автор романды үшінші жақпен қарастырады. Романның көңіл күйі драматикалық эмоцияға толы. Шығарма атмосферасы – суық [11,7-18].

Джейн Остен әйелдердің прозаларына пародия жасау, солардың жазғандарын келемеждеу мақсатымен ғана жаза бастайды, кейіннен өзінің қандай керемет жазушы болғанын аңғармай қалады. Көзі ашық, көкірегі ояу қыздар қалам ұстап, өздерінің бай қиялын әрмен қарай жетілдіріп қағаз бетіне түсіруге тырысатын.

Джейн Остин – өз заманын басып озған жазушы. Оның ең шоқтығы биік романдарының бірі «Pride and Prejudice» немесе «Тәкәппарлық пен соқыр сенім» баспаханашының қолына дейін барып, «ішпыстырарлық және керексіз» деп танығандықтан, бірінші реттен-ақ оқырмандар қолына түсе алмаған болатын. Дегенмен де, роман жазылу хронологиясынан екі жүз жыл өтсе де, оқырмандар назарынан тыс қалған емес. Дикенс мұндай дарынды жазушының болғанынан тіпті бейхабар болатын. Ал Шарлотта Бронте өз пікірін былайша жеткізеді: «Романда ешқайдай жарқын образ кездеспейді. Ішпыстырарлық дүние. Тек күйбелең тіршіліктегі адамдардың бейнесін ғана жасап қойған. Мүмкін, ол өте ақылды да, реалистігі шығар ... бірақ оны ұлы деп атауға мүлдем келмейді». Ал Теккерей болса, Джейн Остин туралы тек сөз арасында ғана айтып кетеді. Дегенмен де, XIX ғасырдың өзінде-ақ, Джейн Остиннің талантын бағалаушылар табылған. Мәселен, Вальтер Скот ол туралы: «Күнделікті қоғамдағы маңызды мәселелерді бейнелеген заманауи романды дүниеге алып келген тұлға» деп пікір білдіреді.

Нағыз танымалдылық Джейн Остинге тек XX ғасырда ғана бұйырды.[12, 275]. Өзінен кейінгі ізбасары Вирджиния Вульф Джейн жайлы былайша сөз етеді: "Из всех великих писателей Джейн Остен труднее всего уличить в величии, ей присущи особая законченность и совершенство". Сондай-ақ, М.Форстер оқырмандарға былайша сұрақ қояды: «Почему героями Джейн Остен мы наслаждаемся каждый раз по-новому, тогда как, читая Диккенса, наслаждаемся, но одинаково? Почему их диалоги так хороши? Почему они никогда не актерствуют? Дело в том, что ее герои, хотя и не так масштабны, как герои Диккенса, зато организованы более сложно»[13,156]. Сонымен қатар, Диккенс пен Остинді Р.Олдингтон да салыстырады: «Диккенс владел даром жить жизнью своих героев, и это передавалось его читателям. Погрешности вкуса, предрасположенность к мелодраме, сентиментальности и карикатуре часто ослабляют его. Дар Остен, возможно, более скромный и сдержанный, зато вкус ее безупречен, и он никогда ей не изменял» [14, 19].

Романды оқи отырып, оқырмандардың біразы Джейн Остиннің шығарманы жазудағы «астыртын эзілдері мен автордың айтпақ ойын» бағалайды. Анна Изабелланың (Анабелла) роман бойынша пікірі былай өрбиді:

«Мен жаңа ғана «Тәкәппарлық пен соқыр сенім» романын оқып болдым. Қоғамда қалыптасқан дүниелерді жазуды романист мақсат тұтпағаны көрініп-ақ тұр. Роман қарапайымдылыққа толы. Мен өмірімде оқыған ең керемет кітаптардың бірі екеніне сенімдімін. Оқу барысында көзіңе жас та алмайсың, бірақ өте қызықты, әсіресе мистер Дарсидің образы жақсы шыққан. Жағымсыз кейіпкерлер де өз бейнелерін жақсы сомдаған. Романның авторын кім екенін білгім келеді. Маған оны әйел баласы деп айтқан болатын» [15, 8]. Джейн Остин алғашқы кезде өз кітаптарын лақап атпен шығарып жүргендіктен, оқырмандар үшін мұндай бағалы шығармалардың авторы кім екендігі біраз уақыт құпия болып келді. Анабелла өз кезегінде Джейн Остин мен Элизабет Беннеттің бір-біріне ұқсайтындығын бірден байқады. Олардың мінез-құлықтары, болмысы бір-біріне одан да жақындастыра түскендей.

Остин жайлы белгілі деректер өте аз. Остиннің әпкесі Кассандра отбасылық құпияны сақтау мақсатында немесе өзінің жеке өмірін жасыру мақсатында көптеген деректердің көзін жойып жіберген. Бүгінде Джейннің келбетін шығармалары арқылы танысудан басқа амал жоқ.

Әпкесі Кассандраның жазбаларында романның бірінші нұсқасы «Алғашқы әсерлер» 1796 жылдың қазаны мен 1797 жылдың тамыз арасында, яғни Джейн Остиннің «Элионор және Марианна» атты шығармасынан соң жазылған. 1797 жылдың 1 қарашасында Джейннің әкесі баспаға шығаруға ұсынысы береді, бірақ ұсыныс кері қайтарылады. Бұдан басқа «Алғашқы әсерлер» атты шығарма бойынша отбасылық мұрағатта ештеңе көрсетілмейді. Соңғы нұсқа «Тәкәппарлық пен соқыр сенім» атауына ие болады. Романның алғашқы мәтіндері сақталмағандықтан, екі нұсқаның бір-бірінен айырмашылығы туралы сөз қозғау қиын.

Романның атауының өзгеру себебі – 1801 жылы М.Холфордтың «Алғашқы әсерлер» атты романының шығуы болатын.

Романның соңғы атауы Фанни Бернидің «Дицилия» атты романынан алынған. «Дицилия» романының соңғы томында кейіпкерлердің бірі доктор Листер романның мағынасы мен моралі туралы шағын пікір білдіреді: «Вся эта грустная история – результат Гордости и Предубеждения. Однако запомним: если горести наши проистекают от Гордости и Предубеждения, то и избавлением от них мы бываем обязаны также Гордости и Предубеждения, ибо так чудесно уравновешаны добро и зло в мире».

«Тәкәппарлық пен соқыр сенім» романы «Дицилияға» пародия ретінде құрастырылуы да мүмкін. Себебі, белгілі ағылшын әдебиеттанушысы Ф.Ливис былай жазады: «Гордость и предубеждение – это, безусловно, «реалистический вариант «Дицилии»».

Бұл романды күрделі роман деп айтуға толық негіз бар. Себебі Остин ханым романның мәтінінің өзіне өмірінің он жеті жылын сарп етеді.

1813 жылдың 28 қаңтарында «Морнинг хрониклде» «Тәкәппарлық пен соқыр сенім» атты романның шыққандығы жайлы хабарлама шығады. 27-қаңтар күні Джейн Остин өзінің алғашқы авторлық нұсқасын алады, ал екі күннен соң, кітап дүкендерінің сөрелерінде пайда болады. 1500 дана болып

басып шығарылған кітап сол жылдың шілде айларына дейін толығымен сатылып кетеді. Сондықтан сол жылдың қараша айында роман қайтадан басылымға шығады. Бұл жайында Остин ханым бейхабар еді. Сондықтан кітаптың бірінші басылымында кеткен қателіктерді түзей алмай қалады. Үшінші басылым 1817 жылы жарық көреді.

Жарық көрген күні Джейн Остин Кассандра Остинге: «Мое любимое дитя прибыло из Лондона» деу арқылы Чотэндегі баспаханашыдан келген кітаптың үш данасы туралы айтады.

Романның жарық көруімен бірден назарға ілігеді. Тіпті, «Британ сыншысы» журналында роман туралы жоғарғы баға береді: «Роман превосходит все романы такого рода, недавно выставленные на суд публики». Қошаметті романдағы кейіпкерлер, соның ішінде Элизабет, Дарси және Мистер Коллинз иеленеді [16,78].

Роман қоғамда қызу талқыға түседі. Тіпті, лорд Байронның болашақ жары Анабелла Милбанк өзінің бір хаттарында романды «мезгілдің ең керемет ... және өмір тұрғысынан шынайы шығармасы» деп жоғары баға береді. [17,313]

Джейн Остин кейіпкерлердің болмысын қайдан алатынын Кассандраға жазған хаттарының бірінде айтып өтеді. Әр кейіпкердің өзіне тән болмыс-бітімін жасауда Лондондағы картиналар көрмесі үлкен әсер еткен. Дәл сол жерде Джейн Беннеттің образына сәйкес келетін портрет көреді де, қиялдан миссис Бинглидің болмысы да туады: «Это сама миссис Бингли, до малейших подробностей, рост, прелестное выражение лица. Нет, в самом деле, она удивительно похожа! И одета она в белое платье с зеленой отделкой, что лишний раз убеждает меня в том, что я всегда подозревала: зеленый – ее любимый цвет. Думаю, что миссис Дарси (Элизабет Беннет) будет в желтом». Осы хатында Джейн Остин, сондай-ақ, Дж. Рейнолдстың көрмесінде болғанын және Элизабет Беннетке ұқсас бейне таба алмағандығын жазады. «Мне остается только думать, что мистер Дарси настолько ценит любое ее изображение, что не захотел выставлять его на обозрение публики. Я полагаю, что у нас тоже было бы подобное чувство – смесь любви, гордости и сдержанности».

Джейн Остиннің роман мәтінінің стилімен жұмыс жасағандағы пікірлері де сақталған.

Романда пейзаж сипаттамалары жоқтың қасы десек те болады: Пемберли мен Розингс жайлы кішкене ғана суреттемелер ғана келтірілген. Ол суреттемелерді Элизабет Беннеттің психологиясын және ішкі арпалысын бейнелеу мақсатында ғана берген. Ал, қала мен аудан атаулары ойдан шығарылған. Мәселен, Незерфилд-парк, Меритон, Уэстерхем, Пемберли, Хансфорд және сол сияқты.

Джейннің роман әлемі тек мансапты назарға ұстап тұрмыс құрғысы келетін, өзін қор қызындай сымбатты санайтын, бүкіл билікті өз қолдарына алғысы келетін жас қыздар мен базбіреулердің тағдырымен ойнағысы келетін, қыздардың қиялындағы ханзадаларынан құралған. Роман өзінің бірізді қалпын сақтағанымен, берер ойы мен идеясы көп. «Тәкәппарлық пен соқыр сенім» романында бәрі кездеседі: эмоцияға да бой алдырады, бұрыс тәрбие

нәтижесінде пайда болған және қоғам тарапынан әсер еткен қателіктер де баршылық. Остиннің бұл романын «қоғамдық роман» деп айтуға толық негіз бар. Себебі, сол тұстағы ағылшын қоғамындағы туып отырған басты мәселенің шешілу жолын қарастырады Остин ханым.

«Отбасылық өмір құрудың» қарапайымдылығы алдамшы деп тоқталады Джейн. Себебі, романды оқыр болсаңыз, көбінесе бір мұра, байлық, партия, тіпті әр жаңа кейіпкермен таныстырған сайын сол кейіпкерлердің жылдық табыс көрсеткіші жайлы айтылады. Остин бұл арқылы бақыт мұнымен өлшенбейтіндігін көрсеткісі келеді.

Теккерейдің сөзінен бұрын Джейн Остин «снобизм» ұғымына тоқталып өтеді. Снобизм – жоғарғы үстем тап өкілдерінің өміріне қызығып, сол өмірмен сүргісі келетін адамның дерті. Бұны романда Остин ашық жарияламағанымен, қоғамның іргесін осы дерттен аулақ салуын назарға қояды. Снобизм барлық қоғамда кездескенмен, бастауы ағылшын қоғамынан басталады.

Шығармаларына қарап отырсақ, Остин ханым қиял мен иллюзияға берілмеген. Барлық шығармаларында кейіпкерлер асыл мұраттарына жетіп, бақытты болып жатса да, асыл проблема шешілмегендігін де нақтылап көрсетеді.

Оқиға желісі романда тек диалогтар мен монологтар арқылы өрбиді, яғни автор өз тарапынан ой білдірмейді.

Остин өз кезегінде ешкімнің мінез-құлқын түземейді. Тек сатира арқылы әр кейіпкерге өз бейнесін ұсынады. Сатира – Джейн Остиннің түгел дерлік шығармашылығында кездесетін әдеміліктің құрама бөлігі. Әлжуалау арқылы кейіпкердің бейнесі жарқын бола түседі [18, 397].

Аты айтып тұрғандай-ақ Джейннің ең танымал романы «Тәкәппарлық пен соқыр сенім» өзін алдамшы сенімге бой алдырудың қаншалықты ауыр және қауіпті екенін көрсетеді. Бүкіл оқиға Элизабеттің соқыр сенімі мен Дарси мырзаның тәкәппарлығына негізделген.

Джейн Остиннің өзінің үш романының кейіпкерлері қатты ұқсайды: Мариана және Элинор, Элизабет Беннет және Кэтрин Морланд сезім мен сенімді бір-бірінен айыра білуді, қоршаған орта мен өзінен романтикалық экзальтацияны тануды, және мұның жоғарғы сападағы өмірдің кепілі ретінде емес, мұның ішінде де көзбояушылықтың болатындығы туралы көрсетеді. Тәкәппар Дарси мырза да өзін өзі алдамшы сезімнің жетегінде болса, әркімнің ой-пікірімен өмір сүрген Элизабет те өмір сынақтарынан өте тұра, бір-бірін ұғыну, сүю, бұл болашақ бақыттың кепілі ретінде қарастырады [19,208].

Романда автор Элизабеттің әкесі, мистер Беннетке ерекше тоқталады. Себебі, автор қиялында ол рухани бай әйелге үйленген жоқ деп санайды. Бірақ, отбасын құрған соң, ол әйелін тәрбиелеген жоқ, тек қана олардың ақымақтығы мен әлемнен оқшаулануды жөн көрді. Себебі, автор қоғамға сұрақ қояды: «Мүмкін осының бәрін өзіміз жасаймыз? Бір дүниені бастап тұрып, немен аяқталатынын ойламаймыз?»

Джейн – «қалыңдықтар жәрмеңкесі» ұйымдастырылатын қоғамда өмір сүрсе де, ағылшын қоғамындағы әйел жазушылардың ішінен алғаш рет бұл

жайлы сөз көтерген жандардың бірі. Себебі, Остиннің қай шығармасын алып қарасаңыз да, «материалдық құндылық ешқашан махаббат пен бақытта құралмайды» дегенді алға тартады. Джейн Остин өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, жалғыздықтың шартқа құрылған некеге қарағанда артық екенін көрсетеді.

Жазушы шығармада кейіпкерлерді шынайы етіп көрсетеді. Қоршаған орта, тәрбие, бұрыс әсерлердің өте маңызды факторға ие екенін көрсетіп қана қоймай, характердің болмысын ашатын құрал ретінде бейнелейді.

Романда мейірімділік пен жауыздықтың шебер мысалдарын кездестіруге болады. Осы сөздер романның идеясын толық түрде аша түседі.

Остен ханымның романдарының шынайылығы соншалық, тіпті отбасында кездесетін қиыншылықтар да, аумалы-төкпелі қарым-қатынастарды да көруге болады. Ағылшын қоғамындағы отбасы мен қазақ қоғамындағы отбасылар туыстық қарым қатынас жағынан алып қарайтын болсақ, бір-біріне қатты ұқсайды. Беннеттер әулетінің туыстық қарым-қатынастары былайша жіктеледі: Беннет ханым үлкен қызы Джейннің басқа қыздарынан қарағанда бағалы санайды, бірақ, мінез-құлық жағынан қарайтын болсақ, Беннет ханым мен Лидия екеуі бір-біріне жақынырақ. Романның басты кейіпкері Лиззи – анасының жауы десек те болады, дегенмен де оның мінезі, болмысы оны барлық қыздарынан артық көретін әкесіне жақынырақ. Беннеттердің үлкен қыздары (Лиззи және Джейн) болмыс-бітімі жағынан бір-біріне ұқсамаса да, бір-біріне деген қарым-қатынасын бағалайды, және жоғары қояды; ортаншы қызы Мэри – бәдік сияқты сөзшен, отбасына жат адам секілді; ал Китти жалғыздықтан қорқатыны соншалық өзімшіл Лидияның көлеңкесінде ғана жүреді.

Қарым-қатынас құру Джейн Остеннің пікірінше бірнеше сатыдан тұрады: яғни танысып біліскен соң, екі жас дұрыс қарым-қатынас жасаудың негіздерін білуі шарт. Сонда ғана олар бақытқа кенеле алады деп біледі. Күйеуінің туыстарын да қабыл алу мәселесі тұрды болашақ қалыңдықтың алдында. Мысал ретінде көрсетер болсақ, Беннет мырзаның өлімінен соң, Беннет ханым Дарси мырзаның үйіне көшіп келер еді.

Джейн Остен ата-аналар балаларының тәрбиесіне тек XX ғасырда ғана көңіл бөлуі мүмкін деген пікірге келеді. Автор өз кітабында Беннеттер әулетін сипаттағанда бейне бір сезім мен құштарлық мәселесіне аса назар аудара қоймайды, оның басты назардағы проблемасы – отбасындағы майда кикілжіңдерден бастау алады. Бірақ осындай майда нәрсе үлкен проблемаларға алып соғатынын көрсетеді. Адамдар бір-бірін түсінген жағдайда ғана бақытты болу мүмкіндігіне ие болатынын алға тартады.

«Дұрыс тәрбие бере алмаған ана», өзімшіл, басқа тілде айтар болсақ, отбасында маңызы мен беделінен айырылған әкенің образын жасайды.

Роман орта тап өкілдері, Беннеттер әулетінде өрбиді. Әулеттің отағасы Беннет мырза тек жердің адамы, флегматик, өзін қоршаған ортаға сыни көзбен қарағанымен, өз жұбайы Беннет ханымға ирониялық тұрғыдан қарайды. Себебі, Беннет ханым өз тегімен де, ақылымен де, тәрбиесімен де мақтана алмайтын еді.

Өзі жайлы жоғары пікірде және істің байыбына бара бермейтін жан ретінде сипатталады. Беннет ханымның бар мақсаты – қыздарын ауқатты отбасыға тұрмысқа беру. Бұл тұрғыда Беннет ханым өмірге тек материалдық көзқараспен қарайды, сондықтан болар қыздарының әрмен қарай бақыты оны аса қызықтыра қоймайтын. Беннет ханымның бұлай ойлауының да өзіндік стратегиясы бар – күйеуінің өлімінен соң, ол тек қана қыздарына ғана емес, сондай-ақ өзіне де паналайтын баспана табу. Беннеттердің тұрмыс жасына жетіп қалған бес қызы жайлы баян етіледі: үлкендері Джейн мен Элизабет – романның негізгі кейіпкері. Романда оқиға желісі Меритон қалашығында басталады. Автордың Бингли мырзаны таныстыруы оқиғаны қызықтыра түседі. Романда Бингли мырза ауқатты отбасыны өкілі, аристократ, әңгімені тез іліп алатын, қоғам үшін ашық, снобизмнен алшақ, қарапайым бойдақ ретінде беріледі. Бингли мырзаның Незерфилдты жалға алуы қалашықта аңыз болып тарайды. Бертін келе, оқырманға Дарси бейнесі таныстырылады. Дарси мырзаның болмысы – Бингли мырзаға мүлдем қарама-қайшы, тәкәппар, тұйық, қоғамнан алшақ және санаулы адамдар мен қатынасқа түсетін бейне. Бингли мен Джейн, сондай-ақ Дарси мен Элизабеттің арасындағы қарым қатынас олардың болмыстарымен де сәйкес келеді. Бингли мен Джейн романның орта тұсында әпкелерінің Бингли мырзаны Лондонға алып кетуіне байланысты біраз бір-бірінен қол үзіп қалады, дегенмен де кульминациялық сәттен кейін қайта қосылады. Ал Дарси мен Элизабеттің қарым-қатынасы мүлдем басқаша: бір-біріне ынтық бола тұра бір-бірінен алшақ ұстайды, бір-біріне деген сезімдері қаншалықты терең болса, соншалықты деңгейде бір-бірін жек көреді, Дарси мырзаның тәкәппарлығы мен Элизабеттің теріс түсінігі қайғы-мұң әкеледі. Алғаш рет бір-бірін көрген сәттен бастап-ақ, Дарси мен Элизабет бір-біріне қызығушылық тударды. Элизабет – өзге қыздар сияқты емес, басқаша: ойының тереңдігімен, шынайы және реалистік пікірлерімен көзге еріксіз түседі. Дарси мырза да басқа замандастарына қарағанда өзінің тәрбиесімен, болмысымен ерекшеленіп тұратынын айта кету керек. Дарси үшін сауық-сайран – жат дүние. Осы орайда Беннеттер әулетінің кіші қыздары Лидия мен Киттидің басын айналдырып алған офицерлер туралы да тоқталып кеткен жөн. Басында Дарси мырзаның ерекшеленіп тұратын снобизм әрекеттері мен өзіне деген қатты сенімділігі Элизабет Беннеттің ол жайлы қарама-қайшы түсінік тудырды. Асылында, Дарси мырзаға да, Элизабетке де тән тәкәппарлық сезім оларды бір-біріне жақындастырады, Дарсидің Элизабет туралы соқыр сенімі екеуін тағы алшақтата түсетіндей. Арнайы ұйымдастырылған баллар мен кездесулерде бір-біріне деген қарым-қатынасы – бейне бір дуэль іспеттес. Бір-біріне тең дәрежедегі сай қарсылас сияқты. Бингли мырза мен Джейнның арасындағы сезімді байқаған Бингли мырзаның әпкелері оларды бір-бірінен алыстатуға барын салады. Тіпті, оған Джейнды ұмыттыру мақсатында Бингли мырзаны Лондонға алып кетеді. Бірақ, жеме-жемге келгенде Дарси мырзаның да әсері бары анықталады.

Көптеген жасаған қателіктеріне қарамастан, Дарси мырза Элизабет Беннеттің алдына бар айыбын жуып шая білді деуге болады, себебі Уикхеммен

болған арақатынас және Джорджиана ханымның жағдайын толыққанды түсіндіре отырып, Дарси мырза Элизабеттің алдындағы өз абыройын қайта қайтара білді. Бұл әрекеттерден соң, Элизабет те ол туралы қате пікірін жойып, соқыр сенімнің жетегінде кетпей, сөзбен емес, іспен дәлелдеген Дарси мырзаның әрекетіне риза болады. Дарси мырза шынында да өзі туралы жоғары пікірде және өзімшіл. Бұл қасиеттеріне қарамастан, ол – қарапайым және мейірімді жан. Дарси үшін ар-ождан мен борыш бірінші орында екені даусыз. Бұл Уикхем мырзаның Лидияға үйленер сәтінен-ақ байқауға болады. Себебі бұл келісім Дарси мырза үшін он мың фунтқа түсті. Беннеттер әулетінің қызының мұндай жағдайда тұрмыс құрып, ел-жұрттың алдында масқаралануына Дарси мырза жол бермеді деп айтуға толық негіз бар.

Джейн Остиннің көптеген романдарының сюжеті осыған негізделген. Бұлай суреттеу арқылы, қоғамда нағыз өршіп тұрған проблемаларды алға тарта алды. Материалдық құндылық нағыз бақыттың бастауы емес екенін оқырманға жеткізу – Джейн Остиннің негізгі мақсаты.

Джейн Остин романдағы Элизабет Беннет арқылы өзінің айтпақ ойын көрсетеді. Автор да, кейіпкер де махаббат пен есепке құрылған некеге қарсы емес. Бірақ екеуінің де үлесі бірдей деңгейде болуы тиіс. Материалдық және рухани құндылық тең дәрежеде болған кезде ғана адам толық бақытқа қол жеткізе алады.

Көптеген классикалық романдар сияқты бұл романда да оқиғаның шиеленісе түсуі мына тұста байқалады: Коллинс мырзаның Беннеттер әулетінің тұрып жатқан үйін өзіне тиесілі етуі мақсатында жазылған хат та оқиғаның даму барысына әсер етеді. Коллинс мырзаның өзінің жары ретінде Элизабетті таңдап алуы да бостан босқа емесі анық. Себебі, егер Коллинс мырза Беннеттер әулетінің бір қызына үйленер болса, ол қыз Лонгборнның заңды иегері атандыруы ғажап емес еді. Дегенмен де Коллинс мырзаның ұсынысына Элизабеттің қабыл алмауы Коллинс мырзаны біраз таң қалдырады, себебі осы некені құру арқылы бүкіл отбасын өзінің қол астына ұстау мүмкіндігінен айырады. Кейінірек Коллинс мырза Элизабет Беннеттің ең жақын құрбысы Шарлотта Лукасқа үйленеді. Осы аралықта Меритонда Уикхем мырза пайда болады. Баллдардың бірінде кездестірген Элизабет үшун басында бұл ер азамат біршама әсер қалдырады: сымбатты, түр тұлғасы келіскен, ақылды. Уикхемнің Дарси туралы пікірін білген соң, бұл жігіт Элизабеттің сеніміне кіре бастайды. Оның үстіне Уикхемнің айтуына сенетін болсақ, ол өзін Дарси мырзаның құрбаны ретінде көрсетеді.

Біраз уақыттан соң, Элизабет пен Джейн Беннет Лондонға жол тартады. Ал Лондоннан соң, Элизи әпкесінсіз Коллинс мырзаның жұбайы атанған құрбысы Шарлоттаны көруге жол тартады. Ол Леди де Бердің үйінде Элизабет қайтадан Дарсиді көреді. Үстел басындағы әңгіме барысында Дарси мен Элизабет тағы да сөз бәйгесіне түседі, бұл кезде де Элизабет өзінің осал қарсылас емес екенін байқатады. Іс-әрекеттердің XVIII-XIX ғасырларда дамып жатқанын ескерер болсақ, қыздың аузынан шыққан мынандай сөз басқаша ой салары анық: «Сіз мені ұятқа қалдырамын деп ойлайсыз, Дарси мырза... бірақ

мен сізден бір түйір де қорықпаймын. Мені қорқыта түскен сайын мен мінезімді көрсете түсемін». Күндердің бір күнінде Элизабет қонақ бөлмеде жалғыз отырған болатын. Сол кезде Дарси мырза Элизабетке былай тіл қатады: «Менің бар күресім дәрменсіз болып шықты. Ештеңе шықпай жатыр. Мен өз сезімімді басқара алатын емеспін. Сіздің білгеніңіз абзал – мен сіздің сұлулығыңызға тәнтімін және мен сізді сүйемін!» Бірақ Элизабет Коллинз мырзаның ұсынысын қалай қабылдамаса, Дарсидің ұсынысын да дәл солай кері қайтарады. Дарси Элизабеттің бұлай шешім қабылдауының себебін білгісі келген кезде, Элизабет мұндай шешімге Дарсидің Джейннің бақытсыздығы мен Дарсидің алдына намысының аяққа таптатқан Уикхемнің әрекеті арқылы түсіндіреді. Арада тағы сезімдер шайқасы басталады. Осы орайда Элизабетпен неке құратын жағдайда, оның «жоғары санаттағы үстем тап өкілдері болып табылмайтын» туыстарын да қабылдауға тура келетінін Дарси жақсы түсінеді. Дәл осы сөздер (анасының аухалы мен өзінен кейінгі сіңілілерінің дөрекілігі мен тәрбиесіздігі), асылында Элизабеттің көңілінде кірбің ұялататын және алаңдататын. Олардың осындай сезім арпалысында екеуінің де «тәкәппарлағы» мен бір-бірі жайлы ойлайтын «жаңсақ пікірлері немесе соқыр сенімдері» де айқын көрінеді. Келесі күні Дарси Элизабеттің қолына өзін ақтау мақсатында емес, тек өзінің Бинглиді құтқару мақсатында сондай әрекетке барғанын, сонымен қатар, Дарсидің хаттағы жазбаларына қарағанда Уикхемнің айлакер, өзі ойлағандай емес, жасанды кейіп танытып жүргенін жазады. Дарсидің хаты Элизабетті қатты таңдандырады. Сол кезде ғана Элизабет өзінің қалай қателескенін, опа басқанын, оның түйсігі өзін алдағанын түсінеді. Осы ойларымен Элизабет Лонборнға қайтады. Сол жақтан өзінің туысқан әпкесі Гардинер мен оның жұбайымен Дербишир қаласына кішігірім саяхатқа аттанады. Дербиширге барар жолда, Пемберлидегі Дарси мырзаның иелігіндегі керемет әрі көне сарайды кездестіреді. Дарси мырзаның үйде емес екеніне сенімді болған Элизабет үй қызметшісінің үйді аралатуына келіседі. Дәл сол сәтте есік алдында Дарси шыға келеді. Соңғы уақыттарда олар қайда болмасын күтпеген жағдайда кездесіп қала беретін. Және әр кезде Дарси өзінің қарапайымдылығымен, қонақжайлығымен қонақтарды таң қалдыра білетін. Бұл шын мәнінде тәкәппар Дарси ма? Оның Дарси мырзаға деген ойы да өзгере бастағандай. Бұрын тек кемшіліктерді көретін болса, қазір ол кемшіліктердің өзі Дарсидің болмысын аша түскендей. Бір уақытта Джейннің жіберген хабарламасы Элизабеттің қолына келеді. Хатта ең кіші сіңілісі Лидия Уикхеммен қашып кеткені туралы жазылады. Үйде жалғыз өзі жылап тұрған сәтінде Дарси мырза Элизабеттің мүшкіл жағдайын көреді де, Элизабет басына түскен ауырпашылықтарымен бөліседі. Себебі, ұят – өлімнен күшті екенін біледі. Енді тағы пайда болған тосқауыл – Элизабет Лидияның отбасын масқаралағаны Дарсидің жары атануға мүмкіндікті оданда бетер азайтты. Содан Элизабет тез арада үйіне оралады. Мұны естіген Гардинер мырза Лондондағы Уикхем мен Лидияға тез арада үйлену туралы хабар жібереді. Тек кейінірек қана әңгімелердің бірінде Элизабет Дарсидің ақша ұсынуы арқылы Уикхемге Лидияға үйленуін қалағанын біледі. Бұл әрекеттен соң, оқиғаның

соңы бақытты мәремен аяқталуы үшін автор керемет үлесін қосады. Дарси мен Бингли мырза әпкелерімен бірге қайтадан Незерфилд паркке қоныс аударады. Осы кезде Бингли мырза Джейнге деген ыстық ықыласын білдіріп, жары атануға ұсыныс білдіреді. Дарси мен Элизабеттің арасында тағы бір жағдай орын алады. Бірақ бұл соңғы рет болатын. Элизабет Дарси мырзаның жұбайы бола отырып, бір-бірінің сүйетінін түсіндірген Пемберлидің толық құқылы иесі атанады. Ал Дарси мырзаның кіші қарындасы Джорджиана мен Элизабеттің арасында Дарси күткен және қалаған қарым-қатынас орын алады. Элизабеттің бұл тәжірибесі арқылы Джорджиана қарындасы мен ағасының арасында қарым-қатынасқа қарағанда, ерлі-зайыптылардың арасындағы қарым-қатынас өзгеше екенін осы тұста ұғынған болатын.

Бұл роман сол тұстағы әйелдердің ой-санасында төңкеріс жасады деп айтуға негіз бар. Себебі басты кейіпкер Элизабеттің жасаған төңкерісі арқылы әйелдердің өздерін тек бақытқа бөлеп қана қойған жоқ, сондай-ақ қоғамда өз орындарын тауып, қоғам қайраткерлері атануға мүмкіншілік туғызғаны белгілі.

XIX ғасыр бізге сол кездегі әйелдердің мойынсұнушылығы, әрі ағылшын әйелдерінің басым көпшілігі үй және шіркеумен ғана шектелгендігі белгілі.

Доктрина негізінде «әйел орны» моральдық жүйе және жаңа тәртіп ретінде маңызды рөл атқарды, орта санаттың нық екендігі, оған қатысты сауда мен қаржылай өндірістік буржуазия, интеллигенция, мемлекет шенеуніктері, шіркеу қызметшілері мен басқа да халықтың категориялары енді.

Әйел үйден тыс жерден жұмыс таба алмады, яғни «бөлек сфералар» теориясы бойынша барлық әрекеттер түрі еркектердің (экономика, ғылым, саясат, мәдениет және т.б.) және әйелдердің (үй шаруашылығы) болып бөлінді, жұмыс берушілер «тәрбиелі, білімді әйелге жұмыс беру – шығындалу» деп түсіндірді [20, 123]. Егер де әйел баласы сонда да өзі орнымен толса жұмыс әлемінен, еркек табысының жартысынан да аз алатын.

Отбасы және неке – романдағы басты тақырыптардың бірі. Оны романның алғашқы сөйлемдерінен-ақ байқауға болады: «*It is a truth universally acknowledged, that a single man in possession of a good fortune, must be in want of a wife*» [21,12].

Оқиға желісі қарапайым отбасынан бастау алады. Оқиға толығымен диалогтар арқылы өрбиді. Тіпті, ешқандай суреттеусіз-ақ оқиға басталып кетеді. Бірінші бөлімде-ақ Беннет ханымның мақсаты айқын көрінеді: «*The business of her life was to get her daughters married*». Бұл арқылы жас қыздар үшін тұрмыс құрудың маңызды рөл ойнайтынын басып көрсетеді.

Патриархалдық дәуір болғандықтан, Беннет мырзаның бүкіл дүние мүлкі аталық жолмен ғана мұраға қалатын болғандықтан, Беннет мырзаның өлімінен соң қыздарының далада қалу қаупі бар еді. Бұл, әрине, қыздарының тұрмыс құру үдерісін тездетті.

Джейн Остин 1816 жылғы 13-наурыздағы 1816 жылғы жазбаларының бірінде былай жазады: «Незамужние женщины имеют ужасную перспективу бедности, что является очень сильным аргументом в пользу брака» [22, 452].

Тұрмыс құру – ата-ананың шаңырағынан құтылудың жалғыз жолы болды. Негізі, «кәрі қыз» атану бақытқа жетудің жолы емес екені айқын еді. Себебі, Элизабет Беннеттің құрбысы Шарлотта Лукас 27 жасында Коллинз мырзаның ұсынысын еш қымтырылмай қабылдаған уақытта Шарлоттаның екі бауыры әпкелерінің кәрі қыз атанбай жатып тұрмыс құрғанында қатты қуанған еді. Коллинз мырзаның Оксфордты бітіргеніне (таныстарының арқасында) қарамастан, қоғамдағы беделі керемет емес еді. Оның үстіне Коллинз мырза жақында ғана Элизабет Беннеттің қолын сұрауға барғанда, ұсынысы кері қайтарылған соң, Шарлотта мен Коллинз мырзаның арасында бір сезімнің болуы да мүмкін емес еді. Шарлотта бұл жерде әрі есеппен, әрі шарасыздықтан Коллинз мырзаның ұсынысын қабылдауға мәжбүр болды. Вильям Беннеттің өлімінен соң, Лонгборндағы зәулім сарайы Коллинз мырзаның қолына өтер еді.

Оның үстіне отбасы жағынан қысым жасалды. Миссис Беннет үшін ең бақытты күндердің бірі ретінде – екі бірдей қызын тұрмысқа берген күні деп айтуға негіз бар.

Беннет мырза мен Беннет ханымның арасындағы қарым-қатынас ақымақтыққа құрылған, әрі бір-біріне қолдау көрсетпейді. Сондықтан, ақша отбасын құрудағы негізгі мотив ретінде белгілі. Коллинз мырзаның пікірі бойынша: «Дарси мырзада жұмыр басты пенденің армандайтын бүкіл нәрсесі бар: керемет иелік, даңқ пен мансап, текті әулет». Элизабет Беннет Дарси мырзаға тұрмыс құрып жатқан кезінде Беннет ханым қызының қалтасының қалың болатыны туралы айтады. Тіпті, мұның бәрі Беннет ханымның эмоциясында да көрінеді: «Дом в городе ... Десять тысяч в год ... Я сойду с ума!»

Джейн Остен неке мен тұрмыс құрудағы көзқарастарын бөліп жарып қарастырмайды. Элизабет өзі туралы егер менде тұзағыма қалтасы қалың күйеу жігітті түсіргім келсе, басқаша әрекет етер едім, бірақ мұндай ойдың өзінде де, Джейнде де жоқ екенін алға тартады. Айта кететін жәйт, Шарлоттаның Лукастың Коллинз мырзаға есеппен тұрмысқа шыққанын жазғырмайды. Себебі, Остиннің пікірінше, Шарлотта Лукас өз жұбанышын ошақ қасында, үй шаруасында табады деп түсінеді. Шарлоттаның алдында шешілмеген үлкен дилемма тұрғандықтан, Шарлоттаны ирониялық құралдармен суреттемейді.

Джейн Остин некедегі ақша мәселесін бойынша оқырмандардың көңіліне басқаша ой салуы мүмкін. Себебі, тіпті, «саналы» кейіпкерлердің (Джейн мен Элизабет) өзінде некенің материалдық тұстарына мән береді. Бұл заңдылық ретінде көрсетеді. Біріншіден, неке өмір бойына құрылады: ағылшындардың неке шартын бұзу бойынша органдар өте баяу жұмыс жасайтын (Шарлотта Бронтенің «Джейн Эйр» шығармасында Рочестер өзінің есі ауысқан әйелінен ажыраса алмай қиналғандығын еске алсаңыздар болады.). Жалғыз ғана ажырасуға себеп – еріне деген әйелінің опасыз әрекеті: әйелімен ажырасқысы келген еркек сот ісінің басталуына парламенттен рұқсат алуы керек болатын. Сот процесі заңды күйеуі мен көңілдесі арасында өтетін болған, ал әйелі болса тек бір бұрышта қалып отырған. Мұның бәрі үлкен қаражатты талап ететін, сондықтан тек қалталы азаматтар ғана мұны пайдалана алатын. Сондай-ақ,

некеде тіркеліп те, ерлі-зайыптаулардың бөлек тұруына рұқсат етілетін. Мұның себебі ретінде бір-біріне деген қарым-қатынастың нашар болуы, тіпті, мұндай қарым-қатынастың өзі қайта басқа азаматпен некеге тіркелуге рұқсат етпейтін. Заң көбіне ер азаматтардың жағында болғандықтан, ажырасқан күннің өзінде де балалары әкесіне тапсырылатын, және әйелдеріне балаларын көруге мүлдем рұқсат бермеуге дейін толық құқығы болатын. Оның үстіне, әйелінің иелігіндегі бүкіл дүние мүлік некеге тіркелген күні-ақ күйеуінің иелігіне өтіп кететін. Сол себепті де Викхам Джоржианна Дарсимен бірге қашып кетуге тырысты. «Таяқтың екі ұшы бар» демекші, бұл жағдайдың да екінші жағы бар. Тұрмыс құрған жағдайда қалыңдықтың бүкіл мүлкі күйеуіне өткендіктен, ол мүліктің сенімді қолға болады.

Джейн Остиннің әпкесі Кассандраға сырға салынғанымен, өзіне жасау жинауға және күйеу жігіттің де қалың малға ақшасы болмағандықтан, үйлене алмаған.

Викхем мырза басында Элизабетке көңіл білдіргеніне қарамастан, оның ұсынысы Элизабет тарапынан қабыл болмаған соң, Викхем оның сіңілісі, Лидияға ұсыныс білдіреді. Лидия мен Викхемнің үйленетіні белгілі болғандықтан, әкесі мистер Беннет шарасыздықтан Викхем мырзаға біраз ақша ұсынады. Мұны көрген Джейн Бингли мырзаны сүйіп қалғандықтан, бұлай ақшаға алдану маған күнә болар еді дегендей пікірін былайша білдіреді: «Неблагодарумие или беззаботность в денежных делах была бы непростительна мне».

Махаббат романда екі сюжет арқылы беріледі: Джейн мен Бингли және Элизабет пен Дарсидің махаббаттары арқылы көрінеді.

Роман арқылы Джейн Остин еркектер мен әйелдердің тығырықтан шығу жолдары арқылы қоғам тарапынан қалыптасқан стереотиптерді жояды.

Джейн Остиннің кейіпкерлері шығармадағы драматикалық дискурске қарағанда, ой-қиял жетегінде көбірек жүреді. Мәселен, Лидия мен Викхемнің үйленуінен соң ғана Элизабет Беннет өзінің Дарси мырзаға деген махаббаты, сезімі жайлы ойлана бастайды. Бұл арқылы Остин ханым гендерлік айырмашылықтардың басымдылығын ашық көрсетеді.

Дарси мырза мен Элизабеттің үйлену тойында ғана Джейн Остин романда айтқысы келген ойын, яғни бақытты отбасын құрудағы қарапайым ережелерді айтып кетеді. Ең бастысы ол – сезім – бірі-бірін тануға жұмсалған сезім. Түсінушілік – бақытты отбасының бастауы да осыдан келіп шығады. Уақыт – терең сезім мен махаббатқа негізделген бақытты да, берік отбасын құрудың өзі біраз уақытты талап етеді. Әйел тәуелсіздігі, әйелдің ойлау қабілеті, әйелдің пікір білдіруі туралы сөз етілмеген қоғамдағы әйелдің күнделікті келбеті романда ашық бейнеленген.

Әйелдің қоғамдағы орнын айқындайтын (бағыныңқы тап өкілі ретінде) гендерлік стереотиптердің бейнесі қоғам тарапынан шеттелгендіктен, оппозиция өкілдері ретінде бас көтерген әйелдер қозғалысының басты мақсаты – әйелдің қоғамдық мәдениет сатысындағы орнын және рөлін көтеріп, қоғам қайраткерлеріне айналдыру.

1.2 Бедел мен атақтың жар таңдаудағы маңыздылығы

«Қамар сұлуды» немесе «Тәкәппарлық пен соқыр сенімді» алып қарасаңыз да, сол заман мен қоғамдағы тұрмыс салдарынан мансап пен даңқтың маңыздылығы жайлы көптеген өрнектер кездестіре аламыз. Тіпті, «Тәкәппарлық пен соқыр сенімді» романының алғашқы беттерінде-ақ «Все знают, что молодой человек, располагающий средствами, должен подыскивать себе жену» деген жолдарды кездестіре аласыз. Ата-ана үшін қызын тұрмысқа сәтті беру, жарлы жар емес, қызын асырап, баға алатын даңқ пен мансап серік еткен күйеуге беру негізгі мақсат-мүдде сол болатын.

Романның үшінші бөлімінде Беннет ханымның сөзі біраз нәрсені аңғартады: “If I can but see one of my daughters happily settled at Netherfield... and all the others equally well married, I shall have nothing to wish for” [21,97].

Романның негізгі айтпақ ойы – мансап пен биліктен гөрі махаббат пен сезімнің маңыздылығын мейлінше оқырмандар санасына ұғындыру. Аталған романның алтыншы тарауында Беннеттер отбасының үлкен қызы Джейн Беннет былай дейді: “If a woman conceals her affection with the same skill from the object of it, she may lose the opportunity of fixing him; and it will then be but poor consolation to believe the world equally in the dark. There is so much of gratitude or vanity in almost every attachment, that it is not safe to leave any to itself. We can all begin freely – a slight preference is natural enough; but there are very few of us who have heart enough to be really in love without encouragement.”

Джейн Остеннің «Тәкәппарлық пен соқыр сенім» атты романындағы қоғамдық әлемі адамдар тек қаржылық тұрақтылықты жақсарту мақсатында ғана некеге тіркелетін немесе отбасын құратын адамдар қоғам үшін қауіпті деп саналынды.

А.Линда өзінің «Women and ‘Value’ in Jane Austen’s Novels» атты кітабында былай жазады: «Jane Austen’s minor female characters expose the economic and social realities of British women in the long eighteenth century and reflect the conflict between intrinsic and expressed value within the evolving marketplace, where fluctuations and fictions inherent in the economic and moral value structures are exposed. Just as the newly-minted paper money was struggling to express its value, so do Austen’s minor female characters struggle to assert their intrinsic value within a marketplace that expresses their worth as bearers of dowries. Austen’s minor female characters expose the plight of women who settle for transactional marriages, become speculators and predators, or become superfluous women who have left the marriage market and battle for personal significance and existence [23,37]. These characters illustrate the ambiguity of value within the marriage market economy, exposing women’s limited choices. This book employs a socio-historical framework, considering the rise of a competitive consumer economy juxtaposed with affective individualism»[24]. Романда Джейн Остен құрған қоғамда некеге тұру – бақыттың кілті емес, даңқ пен марапат әкелетін дүние ретінде қарастырылған:

«The social world of Jane Austen’s “Pride and Prejudice” is one in which women are

reduced to commodities for marriage on account of their gender. In Austen's world women have few opportunities to support themselves in society aside from becoming governesses or marrying into wealth and prestige» [25, 26].

Әйелдерді жұмыс күші деп қарастырмауының өзі қоғам тарапынан әйелдердің назардан тыс қалуын көрсетеді.

Ал «Қамар сұлуда» мұның бәрі өлең жолымен өрнектеле көрсетіледі. Бұл романда өз теңіне қосылуды аңсаған қазақ қызының тағдыры ғана емес, өз құқын қорғай алмаған, қоғамнан қысым көрген қазақ қызының аянышты жағдайы суреттеледі. Сондай-ақ «Қалың мал», «Жасау» мәселесіне тоқтала кету орынды деп санаймын. Себебі, Қамар мен Ахметтің бір-біріне сүйе тұра қосыла алмауының бірден бір себебі – осы. Ахмет – жарлының ұлы емес, өзінің күнкөрісін қамдай алатын адам. Бірақ, Сұлтанмахмұт романда Қамардың материалдық жағдайын жоғарырақ қыла отырып, екеуінің бір-біріне тең емес екенін, «мал-мүліктің» дәрежеде рөл ойнайтынына баса назар аудартады.

Егер Қамар өз сүйгеніне қосыламын деп батыл шешім қабылдайтын болса, ата-анасы оған қарсы шықпас еді. Романдағы үлкен проблема ошағы – қоғам. Қазақ қоғамы үшін де, ағылшын қоғамы үшін де басқа аламдардың (отбасы мүшелерінен тыс) не ойлайтыны өте маңызды.

Қамардың шығармадағы негізгі қателігінің бірі де, бірегейі де – батыл шешім қабылдай алмауында. Соның салдарынан, Жорға Нұрымның көзіне түсіп, соның құрған торына түсіп қалады. Тығырықтан жалғыз шығар жолды тек – өлімнен көреді.

Қамарды ата-анасына айттыру барысында автордың суреттеуде бейнесі тіпті керемет. Нұрым сияқты адам үшін бақыттың тетігі – мал-мүлікте. Бұлай ойлауының себебі оның надандылығында екені сөзсіз. Қараңғы қапаста қалып қойған адам үшін өмірдің бар құндылығы тек дүниемен өлшенеді. Сондықтан да, жақсы күйеу болып көрінуі үшін Қамарды айттыра барғанында, ару Қамар үшін дүниесін аямайды. Тіпті, бүкіл сый-сыяпатын беріп болған соң, қайын жұртқа жағудың бар әрекетін жасау мақсатында астындағы жорғасын тоқымымен бере салады. Бірақ, Қамар үшін ол жанын бере алады ма деген сұрақ туар болса, Жорға Нұрым одан гөрі өзінің шыбын жанын артық санайтыны белгілі.

Екі шығармада да негізгі проблеманы тудырушы фактор ақша екені белгілі. Пайда болу мотивтері бір болғанымен, кульминациялық дамудың себебі мен салдары әр түрлі.

Қос шығармада да жауыздықтың белгісі ретінде ақша, дүние, мал-мүлік болып табылғанымен, екі шығарманың соңында да жауыздық толығымен жеңілмейді. Және бұл жайлы қос автор да ашық сұрақ ретінде оқырманға сауал қоймайды. Тек оқу барысында жасырын сауал бар екенін аңғарамыз.

Кесте №1

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» және Джемс Остиннің «Тәкәппарлық пен соқыр сенім» романдарындағы ортақ сарындарды салыстыру кестесі

Мотивтер	«Қамар сұлу» романы	«Тәкәппарлық пен соқыр сенім»
Ғашық болу	+	+
Жар таңдау мотиві	+	+
Айттыру мотиві (ғашықтарынан өзге адамдар)	+	+
«Қалың мал» мәселесі	+	-
«Жасау» мәселесі	-	+
Қоғам тарапынан қысым көру мотиві (қоғам тарапынан дұрыс баға алмауы, теперіш көруі)	+	+
Мал-мүліктің құрбаны болу мотиві	+	+
Мұратына жетіп, бақытты болу мотиві	-	+
Дүниеден өту мотиві	+	-

Әйел үйден тыс жерден жұмыс таба алмады, яғни «бөлек сфералар» теориясы бойынша барлық әрекеттер түрі еркектердің (экономика, ғылым, саясат, мәдениет және т.б.) және әйелдердің (үй шаруашылығы) болып бөлінді, жұмыс берушілер «тәрбиелі, білімді әйелге жұмыс беру – шығындалу» деп түсіндірді [26, 18]. Егер де әйел баласы сонда да өзі орнымен толса жұмыс әлемінен, еркек табысының жартысынан да аз алатын.

«Бөлек сфералар» теориясы заң берушілерге де әсерін тигізді. Сол уақытта некеге тұрған әйелдің заң тұрғысында бар екеніне тоқталды. Заңға сәйкес тұрмыстағы әйелдің күйеуінің сыртынан әрекет жасауға ешқандай да құқығы болмады. Яғни әйел күйеуінің жеке меншігі ретінде заң бойынша қаралған. Бұл әйелдің «заңдық болмауы» деп аталды.

Әйелдің бүкіл мүлкі, мұраға алған дүниесі, өз еңбегімен тапқан табысы тұрмысқа шыққаннан кейін күйеуінің меншігіне өтетін. Қыздарының мүлкін сақтап қалуы үшін әкелері түрлі заң бойынша құлықтарға барды.

Көптеген тұрмысы жақсы отбасылар қыздарының жасауын асыраушыларына немесе қорлардың қасына, яғни сол мүліктерді басқарушыларға тапсырған. Кей отбасылар бұл әрекеттерін той алдында арнайы құжаттардың көмегімен істеп отырған.

Осылайша, әйел баласы 1889 жылға дейін егер де еркек туысқандары болған жағдайда, ешқандай мүлікке құқығы болмаған. Тұрмыстағы әйелдер осымен қатар экономикалық келісім-шарттарға тұруға немесе несиеге (егер күйеуінің рұқсаты болмаса) тауар алуға ешқандай құқығы болмады, өздерінің ойларын немесе күйеулерінің ойларын сот алдында білдіре алмады, яғни күйеулерінен басқа заңдық және экономикалық тәуелсіздікке ие болмады, және де таңдауға да құқығы болмады. Пайдалы жағдайға «кәрі қыздар» ие болды, туысқандарының қамқорлығынан айырылған және жесірлер тұрмыс құрған әйелдерге қарағанда экономикалық бостандықпен қолдана алды.

Жоғарыда айтылғандай, әйел білімінің ең негізгі мақсаты – тұрмыс құру. Некеге тұрудың ең тиімді жастық мөлшері 22-24 жас аралығы, егер 25 жасқа дейін тұрмысқа шықпаса, ондай әйелдерді «кәрі қыз» деп атаған. Бірақ тұрмысқа шығу айтарлықтай қиын болды. Себебі, «келіндер рыногы» толып қалатын. Сол себепті келіншектерге талаптар реті едәуір көп болды. Біріншіден, қыздың жасауы болуы керек (яғни әкесі немесе туысқандарының бергендері, болмаса өзі жиғандары), өйткені күйеуіне өз жиғанын беру керек-тін. Екіншіден, қыз баласы әдемі болуы керек. Себебі күйеуінің табысы осымен де байланысты болды, әдемі әйел сыйлы қонақ болып саналды, «пайдалы» достар табу, іскерлік қарым-қатынас жасау оңайырақ болды. Үшіншіден, қыз баласы әңгіме-дүкен құра біліп, сол сияқты ән айту мен фортепианода ойнай білуі керек. Әрине, бұл қасиеттер әрбір еркектің арманы болатын, себебі шынайы өмірде жиі кездесе бермейтін. Осы себеппен Н.В.Дронова мен О.А.Малахова есептегендей, тұрмысқа тек отыз әйел шықса, жетпісі бойдақ болып қала беретін [26,22].

Осылайша, XIX ғасырдың бірінші жартысында Англияда еркектердің барлық сфера бойынша қоғамдық өмірде басшылық еткен уақыты болды, яғни, экономика, саясат, өндіріс, ауыл шаруашылығы, ғылым және мәдениет салалары бойынша әйелдер болса өз біліктіліктерін тек үй шаруашылығында, отбасына қамқор болуда көрсетті.

Әлбетте, ақылды да талантты да Джейн Остиннің заманауи ортадағы әйелдердің мұндай жағдайы көңіліне кірбің ұялатты.

Әйел эмансипациясының шарты бойынша британ қоғамында сол уақытта нағыз қақтығыс пайда бола бастады. Бұл, күдіксіз өз бейнесін тек қана Джейн Остин шығармасында ғана емес, басқа да әйел жазушыларының шығармаларынан тапты, яғни «әйел сұрағы» мазалағандар.

Феминизм және әйел қозғалысы XIX ғасыр мен XX ғасыр басында идеологияның бір бөлігі болды, саясаткерлер мен экономисттердің ғана назарын аударып қоймай, Британияның интеллектуалды дамуы мен мәдениет тенденциясын анықтайтын адамдарды тартты және әйел мен еркек теңдігін жоспарлауға өзіндік қарым-қатынас жасауға тиіс болды. «Әйелдерге қатысты

сұрақ» тақырыбы викториянды Англияның интеллектуалды ортасында талқыланарлық маңызды болды. Бұл жөнінде, ойларын белгілі романшылар Джордж Элиот, Тим Долин өз жұмыстарында айтады, дәлірек айтқанда, орта санаттағы әйелдің әлеуметтік рөлінің ахуалы: әйелдің табиғатта рөлі қандай және оның табиғат пен еркек рөлінен қалай айырылады? [27,12]. Әйелдер қандай жұмыс атқару керек, қай білімге мұқтаж? Бұл сұрақтар сол уақыттағы феминдік авторлардың ғана емес, барлық орта викторияндық әлеумет оқушыларының да өмірлік маңызы бар болып табылды...

Әйел баласының жоғары сатыға көтерілуі маңызды емес, маңыздысы – әйел баласының өз құқығын жеткілікті дәрежеде қорғап, өзінің өмір сүруге қақысы бар екенін ұғындыру. Бұл проблема бүгінгі күнге дейін өзекті деп айтуға негіз бар. Себебі, әйел баласының қоғам тарапынан соққы көрмей, қоршаған ортасы тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырамай төтеп бере алуының өзі ерлік екеніне ешкім шүбә келтірмесі анық. Феодалдық кезеңнен капитализмге немесе социализмге өту әр ел үшін әр түрлі есер еткені белгілі. Дегенмен де осы орайда әйелдің меншік емес, адам баласы екені басты назардан тыс қала беруі жұмыстың өзектілігін қалыптастырды.

Көптің араласуымен тұрмыс құру жағдайы қалада ұшығып тұрды. Романдағы барлық әйел кейіпкерлерінің өмірлік күш-жігерлері бақытты тұрмыс құруға бағытталды. Некеге тұру сәтті әрекет болып саналды.

Ең лайықты сәт балл кезі болды. Себебі балда әйелдік құндылықтарды көрсететін және көпшілік еркектер ортасында рахат алатын. Балда тек талғамды киініп және әдемі қимылдап, өзін көрсетумен қатар, ақылды сұхбаттармен өзінің интеллектуалды қабілеттерін байқауға болатын. Әрине, барлық адам туа шешен болмайды. Сұхбаттың басты мақсаты болып, әйел өзінің ойын нақты айтпауы керек және өмірге, басшылыққа, ғылымға қатысты терең де шынайы ойын білдірмей, тек ешкімге де қызық емес, бірақ түсінікті жеңіл болуы керек.

Джейн Остиннің аталған романында Беннеттер әулетінің төрт қызы төрт түрлі жағдайда тұрмыс құрады. Әрқайсысының алуан жағдайда тұрмысқа шығуында қоғамдағы болып жатқан өзгерістер әсер етіп қана қойған жоқ, сондай-ақ мен бақытқа жеткізетін басты мақсатты материалдық құндылықтан ғана көрді. Бұлардан бөлек Шарлотта Лукастың тұрмыс құру шығу себебі де ойлантарлық жағдай. Бірақ, Джейн Остин романда оны жазғырмайды, себебі ол махаббатты да, мансапты да мүдде тұтпады. Тек қоғамнан шеттемеу мақсатында ғана тұрмыс құрды деп айтылады. Шарлоттаға жұбаныш сөз ретінде – болашақта ол өз отбасы мәселелері мен ошақ қасынан өз бақытын табады деп көрсетеді. Себебі Коллинс мырзаны ұсқынсыз адам ретінде суреттей келе, шіркеуде жұмыс жасағанына қарамастан, адамгершіліктен жұрдай адам ретінде таныстырады. Беннет мырзаның өлімінен соң, мүлік патриархалдық жолмен мұраға қалатындықтан, Коллинс мырза өз тарапынан мүлікті өз қолына алу туралы романның алғашқы тарауларынан бастап сөз ете бастайды. Дегенмен ол бұл жайында сөз етпесе де болар еді. Себебі, Беннет мырзаның төрт қызын тұрмысқа беру бір жағынан уақытты талап етсе, екінші жағынан, бұл қыздардың тұрмыс құру процесін тездетіп жіберді деп айтуға

болады. Бұл қалыңдықтардың мұндай жол таңдауын автор өз кезегінде ақтауға тырыспайды. Автордың пікірінше, «Әркімнің өз шындығы бар» деген пікірге саяды.

Автордың айтпақ болған ойы мен көтермек болған проблемасы – тек сол ғасырда ғана емес, бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Себебі біздің қоғам бұл мәселемен күресіп келе жатыр. Джейн осы роман арқылы қоғамның қандай күй кешіп келе жатқанын, бұл жағдайдың проблемаға айналуының негізгі себебі мен салдарын ашып айтқысы келеді. Бірақ ол туралы нақты тіркестер келтірмейді.

Джейн Остиннің өз заманын басып озған жазушы екеніне осы орайда айта кеткен жөн. Себебі романтикалық тәсілге емес, реализмге сүйене отырып, заман шындығын және болашақта қоғамның қандай қатерге душар болатынын ашық, әрі ашына бейнелейді.

Әр заманның өзіне тән белгісі мен ерекшелігі болады. Бүгінде көңіл көтеру мақсатында жастар клуб сияқты қоғамдық орындарды таңдаса, XIX ғасыр тұсында көңіл сергітетін орындардың бірі ретінде балл белгілі болатын.

Балл – жаңа да пайдалы қарым-қатынас құруға ең қолайлы жер. Қыздар тұрмыс құруға құрбандарын осы жерден қарайтын.

Беннеттер жанұясы үшін балл – тұрмысқа шығу үшін таптырмас көмек. Егер қазақ халқында жастар ауыл шетіне шығып бастаңғы тартып, ақсүйек ойнап танысып жатса, балл да сол тұстағы ағылшын қауымы үшін тура сондай функцияны атқарды. Мәселен, атап айталық «Ақсүйек» ойынын ойнауда басты мақсат – сүйекті қараңғыда бірінші болып тауып алу емес, қос ғашықтың танысып, білісуі және тілдесуі үшін немесе бір-біріне ынтызар жастар үшін бір-бірімен кездесуі үшін ойлап табылған керемет құрал екені даусыз. «Қамар сұлу» романында Ахмет пен Қамар ақсүйек ойнап, бастаңғы құрмаған. Бұл ретте баллдың қоғам өміріндегі негізгі қызметін айшықтап көрсету үшін айтып өтуді жөн санаймын.

Незерфилдке Бингли мырзаның келеді деген хабарды ести салысымен Беннеттер әулеті үшін алдында жаңа күйеу жігітпен танысу мақсаты тұрды. Оқиғаның әрмен қарай даму жетегінен соң, жақын арада өтетін баллдың мерзімі мен мекені туралы ақпар жиналады.

Жас тұрмыс құрмаған қыздардың баллға барудағы негізгі мақсаты – билеп, көңіл көтеру емес, қалталы азаматты тұзағына түсіріп қармап қайту болатын. Жаңадан қоныс құрып келіп отқан адамдарды әр өзін құрметке ие жанұя кешкі асқа шақыру арқылы бірі-бірімен танысып білісетін. Дегенмен де, балл – белгілі бір болашақ күйеу жігіт туралы ақпар жинап, би арқылы мінезі мен болмысы туралы зерттеу жүргізуге болатын мекен. Тіпті, алғашқы балл арқылы ғана Джейн Беннет пен Бингли мырза екеуі тіл табысып, ынтызар болады. Бингли мырзаға Джейн Беннетті ұнатқанын екі рет биге шақыру арқылы білуге болады. Себебі, кез келген өзін интеллигент деп санайтын ер азамат балл кезінде жас қыздармен танысу барысында биге шақыру арқылы өзінің жақсы тәлім-тәрбие көргендігін білдіре алатын. Ал екі рет биге шақыру арқылы өзінің сол аруда ойы бар екенін немесе сезімін білдіре алу мүмкіндігін

білуге болатын. Алғашқы балл кезінде Бингли мырза екі рет Джейнді биге шақыру арқылы оны ұнатып қалғанын сездіртеді. Сонан соң ғана оқиға әрмен қарай өрбиді. Сондықтан, балл – материалдық тұрғыдан қарағанда өзіне лайық күйеу жігіт тауып, отбасын құру мақсаты үшін жиналатын арнайы орын ретінде саналмаса да, роман арқылы Джейн Остин баллдың негізгі функциясын еш бүкпесіз ашып береді. Қалтасы қалың күйеу жігіт – әр жас қыздың арманы, ал балл – сол азаматпен жақын білісіп танысуға қолайлы жағдай туғызатын құрал.

Романның басында автор Бингли мырза туралы сөз ете отырып, оқырмандар назарына Дарси мырзаны таныстырады. Дарси мырза түр сымбаты келіскен жігіт болғанымен, балл уақытысында өзін дәрекі көрсетеді. Автор оны Элизабет Беннеттің жай бір бұрышта тұрғанын көрсе де, оны бірде бір рет биге шақырмады деп баян етеді. Дарсидің өзіндік әлемі бар, ол қоғамнан оқшаулануды жөн көретін. Тіпті, басқа адамдардың тарапынан Элизабет Беннеттің сұлу, сымбатты қыз екенін айтып биге шақыруына ұсыныс бер десе-дағы, Дарси оны шақырмайды. Автор оны былайша диалог жолдарымен көрсетеді:

«Elizabeth Bennet had been obliged, by the scarcity of gentlemen, to sit down for two dances; and during part of that time, Mr. Darcy had been standing near enough for her to hear a conversation between him and Mr. Bingley, who came from the dance for a few minutes, to press his friend to join it.

"Come, Darcy," said he, "I must have you dance. I hate to see you standing about by yourself in this stupid manner. You had much better dance."

"I certainly shall not. You know how I detest it, unless I am particularly acquainted with my partner. At such an assembly as this it would be insupportable. Your sisters are engaged, and there is not another woman in the room whom it would not be a punishment to me to stand up with."

"I would not be so fastidious as you are," cried Mr. Bingley, "for a kingdom! Upon my honor, I never met with so many pleasant girls in my life as I have this evening; and there are several of them you see uncommonly pretty."

"YOU are dancing with the only handsome girl in the room," said Mr. Darcy, looking at the eldest Miss Bennet.

"Oh! She is the most beautiful creature I ever beheld! But there is one of her sisters sitting down just behind you, who is very pretty, and I dare say very agreeable. Do let me ask my partner to introduce you."

"Which do you mean?" and turning round he looked for a moment at Elizabeth, till catching her eye, he withdrew his own and coldly said: "She is tolerable, but not handsome enough to tempt ME; I am in no humor at present to give consequence to young ladies who are slighted by other men. You had better return to your partner and enjoy her smiles, for you are wasting your time with me».

Бұл қылығы арқылы Дарси мырза өзінің маңғаздылығы мен тәкәппарлығын көрсетеді. Дарси мырзаның пікіріне сүйенетін болсақ, «Мансаппен дүниеге сүйенетін неке – бақытсыздықтың бастауы». Бірақ роман барысында Дарси, өзінің мінезін қатал және қатты адам ретінде көрседі де, Элизабет Беннеттің сезіміне сенім білдірмейді. Себебі, Элизабеттің басқа

бауырлары (Лидия мен Викхем мырзаның қашып кетуі) және Шарлотта мен Коллинз мырзаның құрған некелерінен соң, Элизабеттің сезімінің шынайылығына күмәнмен қарайды. Себебі, олар некені – бақыт пен махаббаттың бейнесі ретінде емес, тек қолайлы жағдай мен орта жасаудағы шарт деп түсінетін жандар қатарынан болатын. Себебі, романның басында Бингли мырзаны таныстырар кезде, автор Бингли мырзаның материалдық жағдайын былайша сипаттайды: «They were rather handsome, had been educated in one of the first private seminaries in town, had a fortune of twenty thousand pounds, were in the habit of spending more than they ought, and of associating with people of rank, and were therefore in every respect entitled to think well of themselves, and meanly of others. They were of a respectable family in the north of England; a circumstance more deeply impressed on their memories than that their brother's fortune and their own had been acquired by trade».

Бұл арқылы автор жағдайының жаман емес екенін, Беннеттер отбасының іздеген күйеу баласын тапқандай қылып астарлап көрсетеді. Беннеттер отбасында ең есті қыздары ретінде Элизабет пен Джейн Беннетті ерекше көрсетеді. Ал қалғандары жөнінде әлі балалығы басым, шалалықпен сұлулық пен жылтыраққа алданып тұрмыс құрды деп жазады. Бірақ, автор олардың кейінгі өмірі туралы нақты мәлімет бермейді.

Кезек Дарси мырзаға келген шақта автор Дарсидің дүние-мүлкі Бингли мырзаның дүниесіне қарағанда әлдеқайда көп екенін, тіпті жылдық табысының мөлшері 4 есе көп деп көрсетеді.

Романның бірінші беттерін оқып-ақ, қоғамдағы сәтті тұрмыс құрудың үлкен мәселе екені белгілі: «Жас жігіттің өзіне әйел іздеу керектігін барлығы біледі». Бұл принципке қарағанмен, бәрі керісінше – күйеуді «іздейтін» қыздар. Қыздардың тұрмысқа шығуға итермелейтін жағдайлар: біреулер тұрмысқа шығуды қатты қалағаны соншалық, қадам басқан сайын өзіне құрбандық іздеп, «арнайы орындардағы» күйеулер жинағынан қарайды (Лидия және Кэтрин Беннет); кейбіреулер тұрмысқа шығудағы асығыстығы отбасындағы қиын жағдайдан құтылу үшін (Шарлота және Лукас); ал біреулер некеге тұруды әрбір қыздың өмірінде болу керек жайт деп және ең лайықты адаммен отбасын құру керек санайтындар (апалы-сіңілі Бингилер).

Романның басты кейіпкері Элизабетті оқырман қауымға болашаққа толық қалыптасқан тұлға ретінде ұсынады. Беннет Остин оқырманға Элизабеттің ешқандай алдын-ала тарихын бермейді [28,73-87].

Элизабет – өз қоғамындағы ешкімге ұқсамайтын кейіпкер. Оның ұмтылыстары тұрмыс құрумен шектеліп қоймайды, өзінің жасаусыз екеніне қарамастан, ол қоғамдағы өзінің орнын ала алатын еді.

Жасаудың жоқтығы Элизабетті «келіншектер базарында» бәсекеге қабілеттілігін төмендетті. Сонымен қатар, Элизабетте әдемі түр де болмауы тұрмыс құру үрдісін бәсеңдете түсті. Анасы мистер Беннетпен әңгімесінде қызы туралы жақсы пікір айтпайды: «Лиззи сіздің қыздарыңыздан сәл болса да керемет емес, Джейн сияқты жартылай сұлу, келбеті келіспеген, Лидия сияқты мейірімді де емес, мен оған сенімдімін». Әкесі келісе кетіп: «Менің бірде-бір

қызым аса ерекшеленетін қасиетке ие емес», - деп жауап беріп, артынша: «Тек Лиззиде әпкелеріне қарағанда ақылы көп» .

Викторияндық дәуірде ер адамдардың еркін таңдау құқығы болды. Ал әйел адамдар ХІХ ғасырға дейін үй шаруасында ғана жетекші рөл ойнады.

Әйелдердің қоғамда таңдау еркіндігі болмауы Джейн Остиннің алдында өз еркімен шешім қабылдай алатын, сондай-ақ басқа адамдардың тарапынан тұрмысқа шығу әлде шықпау керектігі туралы шешім шығара алатын еркін әйелдің бейнесін жасау мақсаты тұрды.

Сұлтанмахмұт шығармасы «Қамар сұлу» көзінше қарайтын болсақ, қалың мал мәселесі де көп рөл ойнайды. Себебі – сорлы дүниенің нәтижесінде қосыла алмаған қос ғашық мұны былайша жеткізеді (Қамардың сөзімен):

Малдылық, маскүнемдік, қарны тоқтық,
Деуші едім неге керек сыпыра боқтық,
Қазақтың қаны-жаны сонда екен ғой;
Діңкемді құрттың, міне, әттең жоқтық [29, 78].

Бұл өлең жолдарымен Қамар «біз қанша тырыссақ та, елдің сөзіне қалмайық, «Бай байға, сай сайға құядының» сөзін ғана айтып тұрған жоқ, осы жоқтық болмаса, біз бір-біріміздің нағыз теңіміз» дегенді айтып тұр деуге негіз бар. Және бір дәйек жолдарын аңғаруға болады:

Құп алдым ықыласыңды замандасым,
Белгілі сенен жақсы таба алмасым.
Сонда да үмітінді үз, менен түңіл,
Доп емес әркім қағар менің басым.
Қарасам, сүйгендіктен қарамаймын,
Сүйсем де, сол сөзіңе жарамаймын.
Арыстан айға шауып мертігіпті,
Секірме, қолың жетпес көктегі аймын.
Сілтей бер маған жетер қолың болса,
Даңы жоқ, даңғыл жатқан жолың болса.
Ашық жол, асулы қол болар еді-ау,
Бірақ жоқ, әттең дүние, соның болса...[29,23]

Джейн Остиннің шығармасындағыдай мұнда «қалыңдықтар рыногы» жоқ, дегенмен де салт-сана бойынша «айттыру» арқылы үйленіп отырған. Қазақта «Қызды кім айттырмайды, қызды кім ішпейді» деген сөз бар. Қамардың сұлулығына сүйсінген талай адамдар оны айттырып құда жібереді. Ешкімнің ұсыныс қабылдамай жүрген Қамар бір күні Нұрым болысқа кезігеді. Жалпы, Нұрымның қандай кейіпкер екенін белгілі. Жалпы, Нұрымды Нұрым қылып адам санатына қосып отырғаны – мансабы, мал-мүлкі. Өмірдің бүкіл құндылығы, маңызы тек дүниемен өлшенетін адам үшін сезім мен махаббат жат ұғым. Нұрым барлық нәрсені сатып аламын, болмаса тартып аламын деп ойлайды. Бірақ сатылуға келмейтін дүниелер бар екенін Нұрым түсінбейді, ұға алмайды. Сондықтан, ата салт бойынша Қамардың алдынан өтейін деп, ата-анасынан қолын сұрап барғанда, ата-анасы бірден келісім бере алмайды. Жап-жас үлпілдеген сұлу Қамарды Нұрым сияқты жауызға қиюдың өзі де қиын.

Арада Нұрымның шашбауын көтеріп жүргендер Қамардың әкесінің келісім алады да, сұлу Қамар бір күнде-ақ сорлы Қамардың күйін кешіп кете береді.

Негізі Қамардың өзінде ерік болар болса, ол әу бастан-ақ Ахметті таңдар еді. Егер дүниесіне қызығып, мансабына ынтызар болған Қамар болса, оны болыс түгіл, одан да мықтысын өзіне қаратып алардай сұлулық бар. Дегенмен, Қамар үшін материал емес, мораль маңыздырақ екені көрініп тұр.

Қоғамдық және материалдық жағдай туралы сөз етер болсақ, бірден қараңғы қазақтың басына төнген «қалың мал» мәселесі еске түседі. Бұл мәселе – әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан даулы да, өзекті мәселелердің бірі.

Қамардың төрт құбыласы түгел: не ішемін, не киемін деп Қамар қам жемейді. Қамардың бойында қазақ қызының бойына тән бүкіл ұяндық пен ар-ождан да кездеседі. Сондықтан да, елі мен ата-анасының халін ойламай, сүйген жарының жетегінде кету – қазақ қызының, соның ішінде Қамар үшін жат болмыс. Қамар Ахметпен енді ғана таныс болып жүрген шағында мансапты да, мал-мүлікті де құрбан етіп, Ахметтің жетегінен ұстап жүре берсе болар еді. Бірақ ата-анасының ары мен ел-жұрттың алдындағы ожданы Қамардың мұндай әрекет жасауына бөгет болады.

Қамар – кедейдің қызы емес, жасаулы қыз. Дегенмен ерке, бұлаңдап өскен қыздың маңдайына қайдағы жоқ бір сасық ауыз Нұрымның жары болу – өлумен тең еді. Роман барысында автор Қамардың бейнесін бере отырып, сөз Ахметке қарай өтеді. Әрқайсысына жеке сипаттама берілген соң, автор оқиганы шиеленістіру мақсаты бойынша Нұрым бейнесін алып келеді. Қалтасы қалың Нұрым үшін сезім мәселесі – жәй ғана бір сылтау сықылды көрінетін. Себебі, Қамардың ауырып, өлім аузында жатқан шағында да Нұрымды қызықтырған жалғыз дүние – Қамардың бақытын ойлау емес, Қамарды өлімнен аман алып қалып, өзіне тоқал ету.

Тоқал мәселесі – қазақ халқында бұрынырақта да болған және бүгінде де бар. Бірақ осы тұста айта кететін бір жәйт бар. Қазақ тоқалдыққа қай уақытта алған?

Тоқал сөзінің мағынасы – қатын үстіне алған әйел. Парсы тілінде біздегі «екі» сөзінің мағынасын «до» тұлғалы сөз берсе, «екілік», «екінші» ұғымдарын «дохал» сөзі түсіндіреді. «Дохал» сөзі кейбір түркі тілдеріне ауысып, «тоқал әйел» тіркесі пайда болып, кейін «әйел» сөзі түсіріліп, «тоқал» қалыптасуы ғажап емес. Бұл тұрғыдан қарағанда «тоқал әйел» біздің қазіргі түсінігімізге аударғанда «екінші әйел» болады.

Моногамиялық отбасы ежелден бері үстемдік еткенімен, қазақ қауымында көп әйел алу салтының түп тамыры әрірек кетеді. Оған қазақ шежіресіндегі ру басылары болып саналатын ата-бабалардың бір қатары бірнеше әйел алғандығы дәлел болғандай. Бірақ көп әйел алудың қай уақытта болсын өзіне тән әр түрлі себептер болды. Ондай себептердің біздің заманымызға дейін ұштасып келуі көп әйел алу салтының сілемін Қазан төңкерісі қарсаңына дейін жеткізді. Көп әйел алу – малы көп, ақшасы мол байлардың ісі. Өйткені әр әйелге қалыңмал беруді былай қойғанда, бірнеше әйелді балаларымен асырап-сақтауға да қанша қаржы керек? Ал әйел үстіне

айттырылатын қалыңдықтың қалың мөлшері де әдеттегіден 2-3 есе артық болатынын ескерсек, көп әйел алудың қиындығы айқындала түседі.

Қазақ арасында да көп әйел алудың бірнеше жолдары болған. Байлыққа мастанған байлар төсек жаңғырту мақсатымен әйел үстіне қыз айттыру арқылы бірнеше әйел алатын. Халықтық әдет бойынша әйел саны шектелмейтін, ал шарифат бойынша да бір кісіге 4 әйелмен некеде болуға рұқсат етілетін.

Әйел үстіне тоқалдыққа айттырылатын қыздардың қалыңмалы да әдеттегіден жоғары болды. Кейбір қыздарды тек малға жығып алады. Ал ел ішіндегі болыс, би сияқты беделді әкімдердің мансабына жығылып, кейбір жарамсақ байлар қыздарын онша бұлдамай-ақ тоқалдыққа беретін. Жас тоқал мен күйеуінің жас алшақтығы көбінесе осындай некелерде кездесетін.

«Тең теңімен, тезек қабымен» дейді қазақ халқы. «Бай байға, сай сайға құятын заман» болса да, кейбір кезде дана ата-бабамыз ешқандай жасауға қарамай-ақ реті келіп жатса, қыздарын тегін берген уақыттар да болған. Бұл орайда тек жастардың болашақ өмірі мен бақыты болуын ескергісі келген болуы керек. Дегенмен де, біздің романда баян етілетін уақыт – қазақтың қараңғы дәуірде қалып, соқыр сенімнің жетегінде кетіп, қалың мал үшін қыздарын шалға беріп, оқығанды азапқа салып, жарлыны сөгіп, байды көкке көтерген заман болатын.

Асылында, қалың малмен қыздың статусы өлшенбейді. «Қалың мал» беру – ежелден қалыптасқан ата салтымыз болған күннің өзінде де, соның салдарынан туындайтын проблемалар да аз емес. Осы «қалың мал» сөзіне біраз анықтама беріп өтсем деймін. «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Орта жүз Найман арасында (Аягөзде) татар отбасында туып-өскен Құрбанғали Халиди қалыңмал жайында аса құнды деректер қалдырады. Қалыңмал деген атаудың өзін көп мал деген ұғыммен байланыстырып, содан қалыңдық деген атау қалыптасқан, яғни «көп малға» қалың шығынға түскен деген ұғымды білдіреді дейді. Қайткен күнде де қалыңмалдың қалыңдық үшін төленетіні даусыз. Қалыңмал мөлшері құдалардың келісуіне қарай жүреді. Бірақ 47 бас малдан кем болмауы тиіс» [30,178]. XX ғасырдың басында жарияланған М.Бекимовтың деректері бойынша қазақтар арасында құдалардың барлығына, күйеудің жасына қарай қалыңмал мөлшері бірнеше сомға дейін барады, бірақ қалыңмал ақшалай емес, ылғи малдай төленетін. Ал күйеудің бұрын әйелі болып, ол өлген не айырылысқан болса немесе әйел үстіне тоқалдыққа алып отырса, қалыңмал мөлшері әдеттегідей екі есе артық белгіленеді. Осы орайда Қамардың қалыңы үшін Нұрымның берген қалыңмалын еске түсіруге болады. Қамарға қолу жету үшін Нұрым бар байлығын шапуға дайын еді. Романда сондай-ақ, жұрт Қамардың қалың малын сөз етеді: «Ахметке тисе, мұндай болмас еді. Нұрым ерледі, нағыз ер азамат жасайтын нәрсені жасады. Қыздың қалыңын асырып, онымен қоймай, астындағы мықты жорғасын да тоқымымен бірге бере салды. Қамардың бағы бар екен».

Қазан төңкерісіне дейін жазылған көп авторлардың кітаптарын алып қарар болсақ, қалыңмал құрамына жүйрік ат, қыран бүркіт, қаршыға, алғыр тазыларды енгізгенін байқауға болады. Бұл жаңсақ пікір. Өйткені мұның бәріне

әркім қолынан шығармас аяулысы есебінде қарайды да, оларды еш уақытта қалың есебіне кіргізбейді.

Қалыңмал, отау тігу деген дүниелер арнайы ру ішіндегі билер арқылы реттеліп отырған. Қалың малдың орта мөлшерін де осы блер тағайындап отырған. Би – қара қылды қақ жарған төреші ретінде белгілі. Егер қалыңы төленген қалыңдық басқа бір жігітпен көңіл қосар болса немесе қашып кетер болса, екеуі де аяусыз жазаға ұшырайтын болған [31,148]. Меніңше, Қамар мен Ахметтің сорлылығы да осында. Себебі, егер батылырақ шешім қабылдар болса, Қамарды айттырмастан бұрын-ақ ата-аналарының тілегімен қосылуға мүмкіндігі болғандығы жасырын емес.

Қалыңдық үшін міндетті түрде төленетін қалыңмал сияқты, ұзатылатын қызға берілетін азды-көпті мал-мүлік, киім-кешек, ыдыс-аяқтың бәрін қазақ халқы «жасау» атандырған. Жасау туралы сөз қозғаған себебім – романда Қамардың жасаулы қыз болуы. Әрине бұл өз кезегінде келін атанғалы тұрған қалыңдықтың жасауына қарай статусы да белгіленген деп айтуға болады. Қалыңмал көлеміне қарай жасаудың шама шарқы белгіленеді. Шығармада Сұлтанмахмұт Торайғыров Қамардың ауқатты отбасынан шыққандықтан, жасауы да дайын екенін тілге тиек етеді.

Нұрым Қамарды айттырмастан бұрын-ақ, Ахметтің қалыңмал беруге жағдайы жетпейтінін ұғынып, сезімі мен махаббатын тежеп, ата-анасының абыройын ойлап қана осындай қадамға барады.

Дегенмен де, қалыңмал мәселесінің зардапты тұсы бар екенін де айтып өткен дұрыс деп санаймын. «Айқап» журналының редакциясы қалың мал мәселесін қазақ қоғамын өркениетті дамыту бағдарламасымен байланыстырды. «Қазақ түріктерінің некесі» атты мақалада: «Біздің пікірімізше қазіргі кезеңде қазақтарда әйелдер аз туылады, көп өледі. Әйелдердің аз туылуы құдайға байланысты болса, ал олардың көп өлуі – біздің өміріміздің қолайсыздығынан. Барлық ауыр жұмыс әйелге жүктелген, олардың тәрбиесіне көңіл аударылмайды. Кәмелетке жетпеген қыздарды тұрмысқа берудің қаншалықты зиян екенін адамдар түсінбейді. Егер біздер осындай өмір салтын өзгертпесек, келешек ұрпақтың азаю қаупіне тап боламыз», - деп жазды. Аталмыш баспа басылым қоғамдағы әлеуметтік-демографиялық мәселелерін көтерді. Әйелдер мен ерлердің азаматтық құқығын теңестіру, әйелдердің білім алуы жайлы көтерілген мәселелер прогрессивті және адамзаттың анасы ретінде әйелдерді құрметтеуге шақырады.

«Қазақтың байырғы әдет-ғұрыптық заңы бойынша әйел адамның әлеуметтік ортадағы орны мен міндетін білдіретін және мүліктік меншікті иеленудің үлесін білдіретін құқықтық нормалар жиынтығы бар. Байырғы заңдар жүйесі бойынша, ер азаматтың бірнеше әйелі болса, ең бірінші әйелі – бәйбіше деп аталған. Отағасы оны сыйлауға міндетті, алайда, қанша әйелі болса да, барлығы бірдей бәйбішеге бағынған. Әйелдердің жасауларының араласып кетуіне жол берілмейді, бұл анасының мүлкі тек балаларына тиесілі болсын деген түсініктен шыққан.

Ертеде қазақ байлары бірнеше әйел алғанмен, әр әйелдің өзіндік құқығы мен атқаратын міндеті болған. Сондай-ақ, бәйбіше күйеуінің әйелдеріне қалай көңіл бөлетіндігіне байланысты күйеуінің малынан тоқалдарға енші бөліп берген, ал, бәйбішеде еншіленген шаруашылық болмайды, себебі оған күйеуінің малын басқаруға, күйеуімен бірдей дәрежеде құқық берілгендіктен, бәйбіше де мал-мүліктің толық иесі болып саналған. Ерлердің бірнеше әйел алуға құқығы болған». Имангалиева Индира, Бояубаева Альмира [32,121]. Қазақтың дәстүрлі отбасында көп әйел алушылық, ең алдымен, ұрпақтың санын арттырса, екіншіден, оң жақта отырып қалған қыздардың санын азайтқаны белгілі.

1.3 «Қамар сұлу» және «Pride and Prejudice» романдарына социалистік, капиталистік және діни тұрғыдан талдау

«Қазақ халқының ұлы Абайдан кейінгі асқар бөлі сынды ақыны – Сұлтанмахмұт Торайғырұлы. Жарты тұтамға жетер-жетпес қысқа ғұмыр кешкен ақын жасына қарағанда мейлінше мол мұра қалдырып ағып өткен құйрықты жұлдыз іспетті жан. Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырында артында өшпес із қалдыра білген Сұлтанмахмұт өзі өмір сүрген ортаны терең барлап, терең зерттеп, көп мәселеге көңіл көзін жібере білгеніне қайран қалмасқа болмайды. Сол себептен де Сұлтанмахмұт Торайғырұлы рухани мұрасы қоғамға көзқарасы, дүниетанымы деген мәселе зерттеушілер арасында толастамас дауға айналған сәттер мол болды. Әсіресе әдебиет пен өнерге таптық көзқарас тұрғысынан қатаң қарайтын уақытта Сұлтанмахмұттың марқұм басын дүркін-дүркін дауға салып, әрі итеріп, бері тартып дегендей зерттеушілеріміз біраз әбігерленді» деп жазады филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ергөбек.

Көптеген зерттеулерде Сұлтанмахмұтты дінді мойындамаған атеист деп қарастырады. Мен бұл пікірді жоққа шығарамын. Себебі, автор «Қамар сұлу» романын жазу барысында сол замандағы соқыр қоғамның дінді бетжаулық ретінде көріп, дінді өздерінің ыңғайларына қарай бұрмалағанына Сұлтанмахмұт наразылығын ашық көрсетеді. Шығармада автор сөзі көп қолданылмағанымен, автор идеясы Қамардың сөздері арқылы берілгендігі белгілі. Қамардың молданың әрекетін әшкере етуі, Сұлтанмахмұттың діни сауатының қаншалықты болғанын ғана аңғартып қоймай, араб тілінен енген сөздерді қолдануы бұған екі есе артық дәлел болатыны анық.

Біршама зерттеулерге сүйенсек, сан рет қайталанып қойылар сұрақ біреу ғана: «Сұлтанмахмұт қоғамды, дүниені идеалист ретінде таныды ма, әлде материалист ретінде таныды ма?». Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры демекші, бұл сұрақтың тууына түрткі болып отырған нәрсе – Сұлтанмахмұттың «Социализм» атты мақаласы. Мақаланы жазу барысында Сұлтанмахмұт небәрі

жиырма бес жасар бозбала болса да, ұлт болашағын ойлаған кемеңгер ретінде белгілі.

Негізгі талас, асылында, екі арнада жүрді. Ғалымдардың бір тобы – Сұлтанмахмұт социализмді түсінбеді, бұрынғы ұлтшыл қалпында қалды деп түсінді. Айталық Н.Жанділдин С.Торайғырұлы туралы көзқарасы талмудтық, қарилық көзқарас деп жазды. Қари – ислам дінінде дінді жетік меңгерген адам. Яғни, қари – дін ғалымы. Егер ол бұлай болса, Сұлтанмахмұтты атеист деп айтуға негіз де жоқ.

С.Мұқанов «Ол социализмнің міндеттерін өз табының пайдасына бейім қып, пролетариат төңкерісінің өткелінен аман-есен алып шығуға тырысты. Оған осы жинақтағы «Социализм» деген мақаласы куә» деп жазды. Ғалымдардың екінші тобы Сұлтанмахмұт ақпан төңкерісі кезінде адасқанымен социализм идеясына келіп жетті деп қарайды. Бұл көзқарастың басында профессор Бейсембай Кенжебаев жүрді. Ғалымның пікір дәйегі ретінде алға тартары да – «Социализм».

Екі арнаға бөлінетін екі пікірдің қайсысы дұрыс екені жайлы толығырақ тоқталып өтетін боламын.

Алдымен, Сұлтанмахмұтты ұлтшыл деп көрсетушілер – таптық көзқарастың құрбаны. Осы орайда еске сала кеткен жөн, автор «Қамар сұлу» романында ешқандай да ұлт мәселесін қарастырып тұрған жоқ, тек қана қазақтың қазақтан теперіш көріп, кедей мен байдың арасындағы жекпе-жек қарым-қатынасы арқылы көрсетеді. Үлкен жазушымыз С.Мұқанұлы Сұлтанмахмұтты ақын райында жек көріп отырған жоқ, оның «Таныстыру», «Алаш ұраны», «Айтыс» (қала ақыны мен дала ақынының айтысы) секілді шығармаларында байшыл-ұлтшылдарды мақтап, марапаттауын кеше алмайды. Әйтпесе өз романын алғаш «Адасқандар» атауында С.Торайғырұлының «Адасқан өмір» поэмасының ықпалы жатқан жоқ па? Әрі Сәбең Сұлтанмахмұттай дарынды ақынның көп өлеңін жанымен сүйіп, жатқа айтады екен. Алайда таптық көзқараста қалыптасқан Сәбең жарықтық сүйікті ақынның ұлтшыл-байшыл ақын-жазушылар арасында болғанын, идеялас жүргенін кеше алмайды. Ал, Н.Жанділдин болса, Сұлтанмахмұт мұрасының қадір-қасиетіне жетіп жатқан жоқ. Ақын көзқарасы, дүниетанымын зерттеп, тану оның мұраты да емес. Оған Сұлтанмахмұт арқылы зерттеуші Бейсембай Кенжебаев мұқатса, «ұлтшыл ақынды зерттеген ұлтшыл, алашорданың құйыршығы» жарғысы тақса жетеді.

Бар саналы ғұмырын Сұлтанмахмұт Торайғырұлын тануға, танытуға жұмсаған Б.Кенжебаевтың ақынды «социалист» етіп, жанұшырып айқасып, бет жыртысып жүруінің өзіндік себебі бар. Сұлтанмахмұтты «ұлтшылдыққа» бердің-ақ ақиық ақын мұрасы жабылып қалады ол кезде. Әйтпесе, Сұлтанмахмұттың ұлтшыл ақын екенін Бейсекең әуел бастан-ақ біледі. «Сұлтанмахмұттың ақындығы» аталатын кандидаттық диссертациясында «қазақ әдебиетін таптық көзқарас тұрғысынан қарап, бөле-жара зерттеудің тиімсіздігін» айтамын деп бөлеге қалған, Қазақстан Компартиясы Орталық

Комитеті қаулысына ілігетін кісің – Кенжебаев ... Алайда, ол кезде ақынды «ұлтшылдыққа» беру – одан айырылып қалумен тең. Міне, мәселе қайда!

Қазір уақыт басқа. Әдебиетті таптық тұрғыдан қарастыр деп ешкім ешкімді міндеттемейді. Енді ойланып көруге болады. Расында С.Торайғырұлы дүниені, қоғамды қалай түсінді? Социализм идеясына келді ме?

Бұл сұрақтарға жауап беру бүгін де оңай емес. Жауап беру үшін патшалық Ресей, ақпан төңкерісі, қазан төңкерісі қазақ халқы тағдырында қаншалық рөл атқарды, тарихшыларымыз соны таразылап, соны анықтауы керек алдымен. Содан кейін барып біздің ақын-жазушылардың дүниетаным, көзқарасы хақында әңгіме қозғауымызға мүмкіндік туады. Қазақ тарихшылары аса жауапты бұл сұраққа тереңдеп бара қойған жоқ. Дегенмен қоғамның қос ғасыр тоғысындағы аласапыран, топалаң күйіне ойша көз жіберіп көруге болады.

Өз басым былай ойлаймын: егерде патшалық Ресей қалпын бұзбай, қаймағы шайқалмай тұра бергенде, көп дегенде он-он бес жылда қазақ түгелге жуық шоқынып, жерінен айырылып, елдік, ұлттық болмысын біржолата жоғалтатын еді. Ақпан төңкерісі міне осы процесті тежеді, тажалды сәл де болса кейін серпіді. Жаңа ғасыр көгінде (XX ғасыр басы) өмір сүрген қазақ ақын-жазушыларымыз бәрінің бірдей «Патша тақтан құлады, ақ күн туды, алақай!» - деп бөркін аспанға ата қуануының сыры міне осында. Қазақ оқығандары ақпан төңкерісінен көп үміт күтті. Қазақ бостандық алар, өз қолы өз аузына жетер деп ойлады. Көкейін тескен көп мәселенің бірі – қазаққа автономия, яки дербестік тиеді деп білді. Олардың Ресейде ақпан төңкерісін жасаған үлкенді-кішілі қайраткерлермен жең ұшынан жалғасып, төңкерісті баянды етуге тырысушылығы да осы арман, осы ойдан. Әйтпесе, орыссырап бара жатқан қазақ оқығандары жоқ-ты.

Әлеуметтік жағдай орныққанша ақпан төңкерісін жасаушылармен елбесіп-селбесудегі түпкі мақсат – қазақ дербестігін алу, елдігін қалпына келтіру. Осындай үміт, тәтті тілек үстінде жүрген қазақ зиялылары қуанбағанда қайтеді?! Ақпан төңкерісін бостандыққа балай, алақайлап қуанған, жар салып жыр арнаған ақынның бірі – Сұлтанмахмұт Торайғырұлы. Ақпан төңкерісін алақайлап қуанып қарсы алғаны үшін ақынды кінәлауға бола ма? Меніңше, кінәлауға болмайды. Кінәлау – әрі тарихи жағдайды түсінбегендік, сол себепті де орынсыз. Ақын ақпан төңкерісіне қуанса – жеке өз басы үшін емес, халқым бодандықтан құтылып, бостандыққа кенеледі, теңдікке қолы жетеді деп қазақ үшін қуанады.

Ақпан төңкерісі – ақын үмітін ақтар ма, жоқ па, қазаққа бостандық әперер ме, жоқ па – ол жағы беймәлім. Төңкеріс нәтижесінде туған өкіметтің ғұмыры қысқа болды. Сол себепті, ақпан төңкерісі қазақ қолын ұзартады, иә қысқартары беймәлім қалыпта қала берді. Ал ақпан төңкерісіне іштартқан ақын, жазушы азаматты кінәлау, сол үшін қайдағы-жайдағы жарғыны тағу – «советтік» идеология қателігі һәм қатыгездігі. Тарих қойнауына өтіп кеткен қысқа ғұмырлы өкіметті кешіре алмай, іштартқан азаматтарды қуғын-сүргінге ұшырату – кеңдігі емес, кемдігі, тарихи қатесі.

Ұзамай Қазан төңкерісі басталды. Қақтығыс, көтеріліс, қан төгу – төңкеріс шарты. Қан төгілді, жан берілді. Бар адамхат баласына теңдік, бостандық жарияланды. Ауызша айтылған, жазбаша қағазға түскен бағдарламаға қарасаң – Кеңес үкіметінен жақсы өкімет жоқ сияқты көрінетін. Қазаққа да, бұратана атанған басқа халыққа да, ұлысқа да бәріне бірдей құқық берілетін секілді. Енді мұндай өкіметтен үміт күтпеуге бола ма? Үміт етті. Жалғыз Сұлтанмахмұт қана емес, өзге де көзі ашық шайырлар кеңес өкіметі жаңашылдықтың жаршысы деп білді. Енді мұндай өкіметтен үміт күтпеуге бола ма? Үміт етті. Сұлтанмахмұт кеңес өкіметін де қапысыз қабылдады. Ақынның ақпан төңкерісін қабылдауын қателікке балап келген едік, сол сияқты кеңес өкіметін қабылдауы да қателікке ұрындыруы әбден мүмкін. Оны ақтап аларлық дүние оның тым жас күйінде бақилық атанып, кеңес өкіметінің кертартпалығын көре алмағандығында. Оның үстіне кеңес өкіметінің өзіндік идеологиясы басқаша болып, ұстанған бағыты қатерлі болғанымен, тілі тәтті болатын. Өз ауруымен әлек болып жүрген Сұлтанмахмұттың ол тұста кеңес өкіметінің ақ-қарасын айырар жағдайы да болмаған еді.

Осы орайда тағы айта кетерлік жайт бар. Қазан төңкерісі патшалық Ресейдің Орта Азия мен Қазақстан халқын ассимилияға дайындаған, жүзеге асыруға мықтап кіріскен ісін ұзақ жылдарға кейінге шегертіп жіберді. Қазақ халқының сақталып қалуындағы осы бір тарихи сәтті еске ұмытуға болмайды. Дегенмен социалистік жүйенің зардабын да ұмыта алмаймыз.

Сол себептен де өмір мен өлімнің арасында арпалысты күн кешкен ақын ғұмырын батқан күндей батып бара жатқан ақырғы сәттерін Кеңес үкіметіне арнады.

Бұрын ақын мұрасынан айырылып қалмау үшін ұлтшылдықтан қорғаған болса, енді ғалымдар оны социалистік жүйені қолдады деген пікірден қорғалақтайтын күн туып келеді. Барды – барша, жоққа не рәуа деген қағида аясында пікір қозғаған дұрысырақ деп санаймын.

Сұлтанмахмұттың шығармашылық әлемі мұндай керемет дүниелер әкелуге, әдебиетте сілкініс жасауға тым жас болғанымен, дүниетанымы балаң емес. Ой-дүниесі өскен, жыр-жиһазы піскен. Осы уақытқа дейін талай дау-дамай әңгімеге тамызық болып келген «Социализм» атты мақаласын да жаңа уақытқа сай – жаңаша көзқараспен оқуға, ой-талдауға болар еді.

Мақаланың бұлай аталу себебі ең алдымен ақынның үзіп-жұлқып орысша оқыған жылдары қоғамдық ғылымдардан хабардар болуында еді.

Екіншіден «Социализм» Сұлтанмахмұттай ақынның социалистік жүйені, керек болса Кеңес үкіметін қабылдауының куәсі. Қалай қабылдады? Толық аяқталмаған мақаладан ақынның социалистік жүйені қабылдай отырып, оған өз талап-тілектерін қоятынын аңғарамыз. Үнемі утопиялық тану деңгейінен аспай келген социалистік жүйені Сұлтанмахмұт адамзат баласының «тегіс бақытты болуы...» ретінде танып, біледі. Егер қазақ халқы тегіс бақытты боламын десе, онда адамзат баласы осы уақытқа дейін жасаған ілім, білім, мәдениет аз жылда меңгеріп, адамзат керуеніне жедел ілесіп кетуі керек дейді ол. Адамзат – тарих керуені, адамзаттық мәдениет көшіне ілесудің қиындығын да жасырмайды.

«Адамның жаратылғаннан осы минут кешеніндегі өмір тәжірибесімен тама-тама жасалған нәрсе дария болса, тамшыдай таныстығы аз жұрттың бірі – біздің қазақ» - деп жазады ол. Сөйте тұра қазақ білім аламын, ғылым үйренемін десе Европа деңгейіне жиырма-отыз жыл ішінде жетуі мүмкін. Ол үшін қалың ұйқыны тыйып, қам-қарекет істемек шарт дейді. «Европа жұртының қазақ халіндегі халінен мыңдап жылдарды өткізіп барып жеткен осы күнгі біз сұқтанатын халіне қазақтың жетуіне мыңдап, жүздеп жылдар керек емес, ондап, жиырмалап, көп болса отыздап жылдар керек. Европа халқының көп жылда жеткен жеріне біз де аз жылда жетеміз. Себебі: олардың даярлап салып қойған жолымен барамыз», - деп жол көрсете сөйлейді ойшыл.

Мәдениет жолына түсу үшін қазақ өзінің ұлттық табиғатына сай келетін үлгіні үлестіріп ала білсе – ұтатынын да айтқан ақын. «Егер де қазақ Европаның даяр жолына түспей өз беттері, өз алдарына жол жасауын тосып отырса, Европа қатарына кірудің алыстығы сонда болар еді», деген пікірде көп мән бар. Ақын социализмді Европа мәдениетінен тысқары, өз алдына оқшау тұрған қоғам формасында танымайды, европалық мәдениетті елдермен тығыз бірлікте дамытын жаңа, жетілген қоғамдық жүйе ретінде танып, солай насихаттайды.

Ақын еңбектеріне сүйенетін болсақ, Сұлтанмахмұт «Адам баласының ауыр күн көрістен құтылып бақытты болуына себеп болатын Европадағы ғылымды мен екі жікке айырып ұғамын, бірі – дене азығы, бірі – ар азығы» - деп біледі. Және «дене азығы» мен «ар азығы» ара-жігін былайша түсіндіріп өтеді. «Дене азығы дегеніміз, осы күнгі баласының жеңіл күн көруіне себеп болып жүрген саймандар білімі; мысалы: пароход, от арба, телеграмма, телефон, ұшатын аэроплан, көліксіз электрик яки пар қуатымен жұмыс атқаратын машина, тағы-тағы сондайлар... Дене азығы дегеніміз бұлар болса, ар азығы дегеніміз – әділдік. Осы соңғы ар азығы әділдік табылмаса, асқа дене азығы өнерлердің көбеюімен жалпы адам баласының күн көрісі ауыраймаса, жеңілдемейді, бақытсыздығы көбеймесе, азаймайды», - дейді ол. Демек, ақын социалистік қоғамда ғылым-техниканың дамуы мн кісілік-ізгілік дамуы өзара үйлесім табуы керек, әйтпесе адамзат баласы өзі тапқан техниканың құрбанына айналады деп біледі. Яғни Сұлтанмахмұттың пікірінше, екі азықтың арасында – баланс болуы керек және сонда ғана қоғам дамиды, прогрессивтік көрсеткіштерге ие болады.

Өзінің талап-тілегі жөнінен Сұлтанмахмұт бір жағынан Жүсіп Баласағұн, Әбунасыр Фараби секілді қайырымды қала тұрғындары, әділ әкім хақындағы утопиялық ойды дамытушы, екінші жағынан Жан Жак Руссо, Л.Н.Толстой секілді өркениет дамуын көзбен көрген ағартушылар идеясын жалғастырушы, жақтаушы. Қалай болғанда да ақынның жаңа қоғамнан адамзатқа қажетті үйлесім іздеуі, ізгілік талап етуі – жанға жайлы-ақ. Бұл Сұлтанмахмұттың социализмді түсіну, түсіндіру мақсатымен бірге жаңа қоғамдық жүйеге өз тарапынан талап қоя білушілігі. Өз замандастарынан ақынның оқ бойы озық тұрғанының белгісі.

Нақтылай айтқанда, Сұлтанмахмұт социализмді өнер-білімі жетілген, ізгілік-кісілігі молыққан жақсы, жайсаң қоғам бейнесінде көреді. Сондықтан да

көптеген шығармаларында оқыған адам мен өнер-білім әлемінен аулақ жандардың образын қарама-қарсы көрсетеді. Ең үздік дәлел ретінде «Қамар сұлуды» айтсақ болады. Осыдан үшінші бір ерекшелік туындайды: ол – ақынның социализмді Кеңес өкіметінде бар қалпында ғана көрмей, келешекте көркейе ме деген үлкен үміт, тәтті қиялмен дамыта, байыта көре білуі, сезіне білуі. Социализм идеясын тек қазақтық деңгейде ғана алып қарамай, бүкіл адамзаттық биіктен, күллі адамзат мәдениеті, өркениет тұрғысынан қарауы – Сұлтанмахмұттың үлкен табысы, орасан ойшылдығының кепілі.

Осы орайда бір сауал тууы мүмкін. Сұлтанмахмұт социализмді абстарктылы мағынада түсініп-түйсінген бе? Жоқ. Сұлтанмахмұт бұл ретте жалпыдан жалқы туғызушы, жалқыны жалпыға ұластырушы ой түйші ойшыл. Ол жазады: «Ар азығынсыз құр өнердің өсуімен басқалардың бақытты бола алмағаны секілді, келешекте қазақ та бақытты бола алмайды» - деп.

Сұлтанмахмұт қоғамдағы әрбір өзгерістен үміткер болған, халқымның қолын теңдік, бостандыққа сол жеткізеді деп білген, бірақ сенімі ақтала бермеген.

Қалай десек те, қазақтың ұлы ақыны – Сұлтанмахмұт социалистік жүйені өзінше түсінді, өзінше саралап, ой толғады, өз талаптарын қоя білді. Социалистік жүйені тек қазақтық аяда ғана емес, адамзаттық деңгейде толғады. Оған куә – ұлы ақынның өмір жолы қам-қарекеті [33,136].

Ал енді осы жоғарыда қозғалып өткен жағдайлардың барлығы Англияда қалай орын алғандығы жөнінде де тоқталып өткен жөн. Англия XIX-XX ғасыр тұстарында тарих сахнасындағы беделі өте жоғары деңгейде болды. Жалпылай айтқанда, жарты әлемді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Англия бұл тұста капитализм дәуірінде дамып жатқан болатын.

Викториандық дәуірдегі әйелдердің қоғамдағы орны жөнінде сөз қозғайтын боламыз. XIX ғасыр – тарих сахнасында Англиядағы техникалық, ғылыми және моральдық төңкеріс дәуірі ретінде белгілі.

Техникалық революция Англия халқының әлеуметтік деңгейін біршама жоғарылатты деуге негіз бар: 40-жылдарда тұрғындардың басым бөлігінің тұрмысы төмен болса, 50-жылдары Англия өз экономикасын әлдеқайда түзетіп алды, әрине өз кезегінде бұл бақуатты және дәулетті отбасылардың санын көбейтті, тұрмыс деңгейі орташа болып табылатын халық саны да жоғарылады.

Индустриализация мен урбанизация ағылшын қоғамында тек экономикалық тұрғыдан ғана өзгеріс енгізіп қойған жоқ. Сондай-ақ, қоғамдық қарым-қатынаста, соның ішінде әйел мен ер адамның, үлкен мен кішінің, шіркеу қызметшісі мен қоғамның және жұмыс беруші мен жұмысшының арасында қарым-қатынас формалары біраз өзгеріске ұшырады. Орташа тап өкілдері саналатын әйелдер қауымы отбасын қамтамасыз етуде экономикалық тұрғыдан да бұрынырақта белсенді түрде ат салысатын болса, бұл уақытта ондай істерден шеттетілді және оларды үй шаруасымен және тәрбие ісімен айналысуға бет бұрғызды.

1832 жылы Парламенттік реформа әйелдердің нақты қоғамдағы орнын айқындап берді. Құқықтың акт бойынша алғаш рет ағылшын тарихында «male

person» атты термин пайда болды. Бұл дегеніміз – дауыс беруге, саяси тұрғыдан өз пікірін білдіруге тек ер азаматтардың мүмкіндігінің болуы. Егер әйел адам тұрмыс құрмаған болса, ол пікірін тек әкесі, ал тұрмыстағы әйелдің пікірі өзінің күйеуінің пікірімен бірдей болуы шарт болатын. Дәл осындай санатқа балалар да кіретін.

Адамзаттың саналы ғұмырында әйелдердің ер азаматтарға бағынғандығы белгілі. Әйел тек өз махаббатын күйеуіне арнап, бала-шағасын өмірге әкеліп, соларды бағып қағумен ғана айналысатын.

Әйел баласы тек құқық пен экономикалық тұрғыдан ғана шеттетіліп қойған жоқ, саяси тұрғыдан да тәуелді болды. Әйел барлық тұрғыдан мүмкіндігі шектеулі болды, әсіресе, тұрмыстағы әйелдің бостандығы да, табысы да, мал-мүлкі де күйеуіне тиесілі болатын. Заң бойынша, тұрмыстағы әйелдің құқығы балалардың құқығымен бірдей дәрежеде болуы тиіс болатын. Заңнама отбасы жұбайларын тек бір адам ретінде қарастыратын. Егер тұрмыс құрмастан бұрын әйелдің қандай да бір мүлкі болған болса, тұрмыс құрған соң, бәрі күйеуінің меншігіне автоматты түрде өтетін және ажырасқан жағдайда да бар мүлік күйеуіне тиесілі болатын. Күйеуі әйелі үшін заң алдында жауапты болатын болса, әйелі күйеуіне сөзсіз бағынуы тиіс еді. Мүлік сияқты ажырасқан жағдайда балаларының қамқоршысы ретінде тек әкесін танитын. Ер азамат баласы мен анасының арасында орын алатын қандай да бір қарым-қатынасты шектеу мүмкіндігіне иелік ететін. Әйел тек күйеуінің ғана рұқсатымен қандай да бір шарт жасауға мүмкіндігі болатын. Бірақ бұл жүйенің өзіндік артықшылықтары да болғанын айтып өту керек. Мәселен ұрлық болған жағдайда, күйеуінің рұқсатынсыз әйелін қандай да бір жазаға тарта алмайтын.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында жағдай өзгере бастайды, әйелдер қауымы өздерінің материалдық, қоғамдық және саяси құқықтарын көтере бастайды. Бұл үдеріс тек Англия жерінде ғана емес, сондай-ақ кәрі құрлық жерінің түгел дерлік елінде көріне бастайды.

Мен осы жұмысымда қазақ қоғамында әйел теңсіздігінің пайда болу себебі мен салдарын түсіндіріп кеткен болатынымын. Енді ағылшын қоғамында бұл мәселе қалай пайда болғандығына тоқталып өткенді жөн санап отырмын. Тек Англиядағы емес, Еуропадағы әйел эмансипациясының бастауын экономикалық себептерден пайда болды деп білеміз. Ағылшын тарихшысы Дж.М.Тревельян басты себеп ретінде капиталистік қарым-қатынастың жұмыс күшін талап еткенін мәлімдеді. Соған байланысты әйелдер де ерлермен бір сатыда жұмыс жасағаны белгілі. Өздерінің жасаған жұмысына еңбекақы алуы оларды экономикалық тұрғыдан тәуелсіз етті [34, 513-514].

XVIII ғасырдың аяғында орын алған Француз революция туралы тарихшы М.Я.Острогорский капиталистік қоғамның дамуы Еуропа жеріне біраз зауыттар мен ассоциациялардың алып келгендігін, ондай мекемелерде әйелдердің жұмыс жасағанын алға тартады. Олар дауыс беруге қатысу мүмкіндігіне ие болғандығын, тіпті мекеме президенті бола алғандығын көруге болады [35,185].

Әйел құқығы жайлы негізгі теорияны ағылшын жазушысы Мэри Уоллстоункрафт 1792 жылы жазылған «В защиту прав женщины» атты еңбегінде «Әйел еркектің қолындағы ойыншық болмау керек, оның құқығы ер азаматтың құқығымен тең дәрежеде болуы керек» деп түсіндірді [36].

Ағылшын қоғамындағы әйелдердің қоғамдық теңсіздігін зерттеу барысында мұндай үлкен проблема тек қазақ халқында ғана емес, сондай-ақ Ресейде де орын алғандығы белгілі болды. XIX-XX ғасырлар аралығында әйелдердің өздерін «Тұлға ретінде сезіне бастауы» қоғамдағы әйелдің позициясын айқындауда негізгі бастама болды.

Ресейдегі әйел эмансипациясы алға тартқан күйеулерінің артынан Сібірге айдауға өз еріктерімен кеткен Желтоқсан төңкерісін ұйымдастырушылардың жұбайлары мен қыздары болды. Өзін өзі құрбан ету – сол тұстағы орыс қоғамындағы әйел болмысына тән дүние. Мәселен, З.А.Волконская император Николай I қаһарынан қаймықпай, өз үйінде желтоқсаншылардың әйелдерін ұстағандығы белгілі [37,142].

XIX ғасырдың бірінші жартысында Англия халқы бірнеше таптан тұрды. Экономикада алғашқы орынды буржуазия өкілдері құрады, бірақ аристократиялық қоғам да өз өмірін тоқтатпады және орта тап өкілдері (ұсақ буржуазия, дәрігерлер, заңгерлер) мен жұмысшы тап өкілдері көбейе түсті. Қоғамдағы бұл өзгеріс әйелдердің өмір сүру салтын, тәртібін және қоғамға деген қатынасын өзгертті [38,6].

Қоғамдағы орын алған экономикалық және қоғамдық өзгерістер жұмыс жасайтын және сол жұмыстарына еңбекақы алатын әйелдердің өміріне елеулі жаңалық енгізді. мұндай категорияны көбінесе жұмысшы тап өкілдері мен қала тұрғындары құрады. Әрине барлық кәсіп иелері өздеріне құрмет ұялата алмайтын. Мәселен орыс жазушысы А.Сумароков Лондон көшелерінде жеңіл жүрісті қыздардың көп екендігін айта кетеді [39,267-271].

Тұрмыс құра отырып, әйел өз иелігіндегі мүліктің күйеуінің атына өтетіндіктен, тұрмыстық қатынастар құқығын жасақтайтын. Сол тұста Англияда адам құқығын жасақтайтын екі заңнама түрі болатын: Common Law және Equity. Common Law бойынша тұрмыстағы және тұрмыс құрмаған әйелдер заңында біршама айырмашылық болатын. Тұрмыс құрмаған қыз өз мүлкін қолдануға немесе пайдалануға толық құқыққа ие болатын.

Ал тура осы Common Law бойынша тұрмыс құрғандардың құқығы мүлдем басқаша жағдайда еді. Отбасын құрған соң, барлық құқық түрі автоматты түрде күйеуінің тарапына өтетін. Әйел мүлдік құқықтық қатынастарға түсе алмайтын. А.Сумароков өз жазбаларында «Әйел күйеуінің рұқсатынсыз өз мүлкімен қандай да бір мақсатта да пайдалану құқығына ие емес еді. Сондай-ақ бір дүниені сатып алар кезде де, күйеуінің рұқсатынсыз ала алмайтын» деп жазады.

Күйеуінің рұқсатымен әйел белгілі бір дүниені сатып алу құқығына ие болғанымен, сот алдында күйеуі әйелінің мұндай әрекетін қайта талқыға сала алатын. Әйелі дүние салатын жағдай болатын болса, егер балалары болмаса, мұрагер ретінде әйелінің туыстары көрсетілетін. Ал егер ортақ балалары болған

жағдайда, бірінші мұрагер – күйеуі, есейген соң ғана толық құқық балаларына өтетін.

Бұл заңнаманың өзіндік артықшылығы да бар. Себебі тұрмыстағы әйелдің қарызы болса, қарызы үшін заң алдында тек күйеуі жауап беруі керек болатын. Дегенмен күйеуін ешкім жазаға тартпайтын, себебі тұрмыстағы әйелмен құрған несие шарты жарамсыз деп танылатын. Күйеуі әйелінің қарызы үшін жазаға тартуға толық құқығы болатын.

«Equity» әділеттілік соты мүлкі бар әйелдердің құқығын аса қатты шектемейтін. Біріншіден, «Equity» бойынша әйел өз мүлігінен бас тартпайды, себебі мүлік – адамның капиталы және тіршілік ету азығы. Екіншіден, мүлікке ие бола отырып, әйел заңнамалық тұрғыдан басқа да мүліктік қатынастарға түсе алатын. Мысалы, басқа мүлік алу т.с.с. Үшіншіден, егер «Common Law» күйеуінің әйеліне мүлкін сыйға беруге тыйым салса, «Equity» барлық мүліктік қатынастарға рұқсат беретін [40, 14-16].

Екі құқықтық заңнаманы салыстыра отырып, байқар болсаңыз «Common Law» әйелді заңдық күші бар тұлға ретінде қарастырмайды, ал «Equity» әйелге өз мүлкін иемденуде және пайдалануда барынша көп мүмкіндікті ұсынады.

Отбасын құрарда әрбір отбасы осындай заңнамалық құқық түрін таңдау керек болатын. Тек патшайым ғана барлық құқық түріне ие бола алатын. Күйеуі қандай құқыққа ие болса, әйелі де дәл сондай дәрежеде пайдалана алатын. Патшайым «жер сатып алып және жалға беру шарттарын түзе алатын, күйеуі тарапынан мүліктік сыйлықтар да ала алатын».

Мүлікті иемдену қарым-қатынасы бойынша бұны екі позициядан қарастыруға болады: отбасын құру және балаларына деген қарым-қатынас. Дж. Перкин өз кітабында ағылшындықтар басқа Еуропа елдеріне қарағанда кеш үйленетін. Қыздар үшін тұрмысқа шығудың қолайлы жасы 23-26 жас аралықтары болса, ер азаматтар үшін 25-29 жас болатын. Бұл өз кезегінде былайша түсіндірілді – алдымен, үй салып, тұрғылықты баспанамен қамтамасыз ету, отбасын асырай алуға күнөріс қамына қажет капитал жинау. Сонымен қатар, атап өтетін жәйт, жастардың отбасын құруда тараптардың ата-аналары да рұқсатын беруі тиіс.

Неке бірнеше пікірден құралатын. Біріншіден, ер азамат – отбасын асыраушы, ал әйелі мен бала-шағасы күйеуінің жауапкершілігінде. Екіншіден, отбасы бизнесін басқара алатын бір адам болуы керек. Әрине, ол – ер азамат. Себебі, әйелге қарағанда ер адам саналы шешім қабылдай алады. Үшіншіден, отбасында материалдық және моралдық құндылық тең дәрежеде болуы тиіс. Оның үстіне, неке әйел баласына «жұбайы немесе зайыбы және ана» статусын береді.

Неке шіркеу мен мемлекеттің қарамағында болатын. Некеге тұрушылар алғашқы үш жексенбі шіркеуге келуге міндетті. Некеге тұруға рұқсатты әкесі беретін, ал анасының пікірі бұл жағдайда керек емес болатын. Некеге тұруға толық рұқсат алынған жағдайда ғана құда түсу рәсімдеріне рұқсат беріледі. Осы сәттен бастап-ақ әйелдің барлық мүлкі әкесінен күйеуіне өтетін.

Ажырасып, екінші рет некеге тұру қылмыс ретінде бағаланып жазаға тартылатын. Егер жұбайы дүние салған жағдайда ғана, екінші рет некеге тұруға рұқсат берілетін.

Әйелге деген нашар қатым-қатынасты кез келген тап өкілдерінде кездестіруге болады. Чарльз Диккенстің романдарына көз жүгіртер болсақ, тура осы мәселемен танысамыз [41,47]. Күйеуі әйелінің бостандығын шектеп қана қоймай, балаларын да тартып ала алатын күшке ие болды. Бұған Георг IV-нің әйелі Каролина патшайым қызы Шарлоттаны туған соң, қызының білім алу және тәрбиеленуі сияқты мәселелерде әйелінің алшақ болғандығын қалап анасы мен қызын айырады.

1839 жылға дейін әйелдің өзі өмірге әкелген бала-шағасына ешқандай құқығы да болған жоқ. 1839 жылы заңдастырылған заңнамаға сәйкес әйел тек жеті жасқа дейінгі баласына ғана құқығын көрсете алды. Жұбайы бұл дүниемен келіспей өз күйеуінен заң жүзінде айырылысуды талап ете алмады, дегенмен де күйеуі әйелімен ажырасуға шешім қабылдаған жағдайда, өз талабын толық қанағаттандыра алатын.

Қоғамда кеңінен талқыға түскен ажырасу процесі ретінде «Каролина патшайымның неке шарты бұзуы» болатын. Бұл туралы бүкіл Англия жұрты талқылады, көршілес елдер де қалыс қалмады. Тіпті, ушыққаны соншалық іс насырға шауып, саяси масштабтағы мәселелердің біріне айналып кете жаздады. Соңында патша мен патшайым ажырасып тынады. Дегенмен де әйелдің ағылшын қоғамындағы дәрменсіздігі соншалық, тіпті әйелді заң да, қоғам да бағаламады.

Сол тұстағы қоғамның пікірінше, әйелді жақтайтын бірнеше заңнамалық кодекстер бар. Мәселен егер қызды он екі жасқа дейін тұрмыс құруға мәжбүрлесе, ешқандай қиындықсыз некенің күшін жоюға мүмкіндігі болатын. Екіншіден, егер отбасында әйел аяусыз зорлықтарға тап болса, жәбірлеген адамға қарсы ойын білдіре тұрып, ол адамды өлім жазасына дейін кесе алатын. П.Свиньин былайша өз пікірін білдіреді: «Қыздың серті бәрінен де биік тұрды, себебі олар Евангелиенің алдына тұрып ант беретін, егер қыз некесіз жүкті болып қалатын болса, сөзсіз баланың әкесі оған үйленуге мәжбүр болатын» [42, 170].

Қоғамдағы әйелдердің орнын жоғарылату барысында евангелиялық идеялардың маңызы болғандығы белгілі. 1790-жылдары «Әйел құндылығы доктринасы» атты евангелиялық қозғалыстар күшейе түседі.

«Ошақ қасы генералы» термині 1861 жылы Изабелла Битонның «Mrs Beeton's Book of Household Management» атты кітабында бой көрсете бастайды [43]. Ол кітапта үй ханымын әскер командирімен немесе белгілі бір мекеменің президентімен салыстыруға болатынын жазған. Отбасында сый-құрметке ие болуы үшін ол өз шаруаларын белгілі бір негізбен жүргізуі тиіс деп білді. Қызметшілерді жалдап, оларға қандай тапсырма жүктеу керектігі, оларды қадағалау – оңай мәселе емес-тін. Күйеуінің ортадағы имиджын қалыптастыру және белгілі бір мақсатқа пайдалы шарт жасасуға болатын сыйлы қонақтарды қонаққа шақыру да шарт болатын. Мұның бәрі күйеуінің престижін

қалыптастыру үшін маңызды еді. Сондай-ақ, бала тәрбиесіне де көңіл бөлуге үлгеруі тиіс және өзінің қабілеті мен білімін жоғарылатуға уақыт табуы керек.

Миссис Битон отбасындағы тұрақтылық, атмосфера әйелге байланысты деп көрсетеді. Бұдан бөлек ол отбасындағы сырқат болған адамдарға көңіл бөле білуі керек болатын және мәнері – нәзік, ал мінезі жібектей болуы тиіс. Әрине күйеуінің қаһарына ұшырамау да – маңызды.

Әйел үй шаруасын қадағалайтын басты адамдардың бірі болып есептелінді. Тұрмысы орта немесе жоғары тап өкілдері өздерінің жекежайларында үй күтушісі ұстағандары белгілі. Әйел адамға күйеуі тұрғысында ғана моральдық жауапкершілік жүктелмейтін, сондай-ақ әлеуметтік баспалдақта өзінен кішірек адамдар (үй қызметшілері немесе басқа да жағдайы төмен отбасылар) үшін де жауапты болатын.

Жоғарыда аталғандардан бөлек, әйел қайырымдылықпен айналысуы тиіс болатын. Ол әйел баласының негізгі миссиясы деп те айтуға болады. Шіркеулер де әйелдің қайырымдылықпен айналысуын жөн санап, сол жасаған қайырымдылығыңыз үшін шүкір айтыңыз деп үйрететін. Отбасылық өмірдің бейнесін көрсету, айналаға мейірімділігін төгу, қайырымдылық іс-шаралар арқылы «кедейлер мен байлар арасындағы таптық айырмашылықты жасыру» тікелей әйелдің миссиясы болып табылды.

Викториандық дәуірде егер күйеуі әйелінің шынайы сезіміне күмән келтірсе, ешқандай дәлелсіз-ақ күйеуі ажырасып кету мүмкіндігіне болатын. Сонымен қатар күйеуінің де теріс жүрістері ешқандай жазаға тартылмайтын. Қайта ол табиғи құбылыс ретінде бағаланып, ер азаматтың басқа әйелді құмартуы – жұбайлардың ажырасу себебіне де айналмайтын.

Білім жағына келер болсақ, әйел баласының білімі ер адамдардың білімдерінен әлдеқайда төмен деңгейде болатын. Әйел үй шаруашылығына және бала тәрбиесіне қажет дүниелерді ғана білді. Көбінесе әйелдер тарих, жағрафия және әдебиетті оқитын. Тілдерден тек латын тілі немесе қолданысқа қарай грек тілін үйренетін. Жаратылыстану бағытын үйренгісі келген әйелдерді мазақ қылатын. Себебі әйелдің қолынан бір нәрсе келеді деп қиын болатын.

Жоғарғы оқу орындарында әйелдердің білім алуына мүмкіндік жоқ болатын. Білім алу әйелдердің табиғатына жат деп санайтын.

Жағдайдың мұншалықты ушығуына 1832 жылы француз рефоллюциясының либералды идеясы әсер етті. Соның әсерінен әйелдің қоғамдағы орнын және құқығын қайта қарастыру ойы туды.

Әйелдердің ешқандай саяси құқығы болмады, дегенмен де қоғамның саяси шараларында әйелдердің ат салысуы қанша дегенмен байқалатын.

1869 жылы Дж.С.Милльдің «The Subject of Women» атты керемет туындысы жарыққа шықты. Бұл шығарма әйелдердің ер азаматтармен құқығы тең дәрежеде екенін, сондай-ақ викториандық қағида мен принциптердің жансақ екенін анық көрсетті. Милль бұл мәселе қоғамның даму барысын тежеді деп түсіндірді.

Әйелдерге деген қоғамның әділетсіз қарым-қатынасы біраз уақытқа дейін өз шешімін таба алмады. Тек 1870-1923 жылдары аралығында Англиядағы

әйелдер қауымы ер азаматтармен бірдей құқыққа ие бола бастады. Бірақ әйел эмансипациясымен негізгі күрес XIX ғасырдың бірінші жартысында басталған болатын.

Жоғарыда не әйел тақырыбының қоғамда талқыға түсуін, социумдағы әйелдің рөлін толығымен қарастырылды. Яғни жазушылардың осындай үлкен тақырыпта қалам алып жазуына не себеп болғанын толығымен түсінгеніміз белгілі. Әрине әйелдің жан-дүниесін ер адамдарға қарағанда, әйел адамдар жақсы түсінетіні артық. Себебі әйелдің жаны – нәзік. Әйел қанша эмоцияға көбірек ерік бергенімен, жаны нәзік, табиғаты бөлек. Әйелдің жанын әйел ғана түсінеді. Себебі, жазушылардың басым бөлігі ер азаматтар болса да, олар әйелдің кебін киіп, басына түскен ауыртпалықтың күшін толық сезіне алмайды. Бұл да өз кезегінде әйел жазушылардың қалам алып, осы тақырыпта ой толғауына себеп болды десем қате айтпағаным болар.

«Әйел және қоғам» атты тақырып өз кезегінде өте күрделі тақырыптардың бірі болып табылады. Себебі бұл мәселе бірнеше аспектілерден тұрады: сезімдер сферасы, қоғам қалыптастырған стереотип, әйелдің әлеммен қарым-қатынасы, қоғамдық құндылықтарды игеру, әйел мен еркектің қарым-қатынасының анализі [44,153-168].

Әйелдер тақырыбының барлық қырлары (әйелдердің қоғамдағы және отбасындағы орны, әйел эмансипациясының идеясы, әйелдердің ажырасу құқығына ие болуы, олардың азаматтық некеге тұруға мүмкіншілігінің артуы) викториандық жазушылардың басты тақырыбы болды [45, 86-96].

Әйелдердің қоғамда өз орнын табудағы ислам дінінің маңызы зор болды. Себебі қазақ қоғамындағы әйелдің орны өткен ғасырлардың өзінде өзге мұсылман елдеріндегі ахуалмен салыстырғанда анағұрлым прогрессивті, яғни демократиялық талаптарға жақын болғаны белгілі.

Атақты араб саяхатшысы ибн Батута: «Бұл өңірде (Орта Азия) мені таңқалдырған жайт – мұндағы халық әйелдерді ерекше құрметтейді екен» деп жазды. Расында да, Алаш баласы әйел затына ерекше құрметпен қараған. Нәзік жандыларға арнап қаншама қимас сөз, жыр-дастандар шығарған. Қаншама тарихи жер-су атауларды әйел затының атымен атаған. Тіпті, бейнелі түрде көкке көтеріп, әйел жаратылысын космогониямен де байланыстыра білген. Яғни әйел жайлы пайымдаулар қазақ дүниетанымының ажырамас бөлігіне айналған десек, асыра айтқандық емес [46,8].

Десе де, XX ғасырдың басында өмір сүрген Алаш зиялыларының әйел турасындағы көзқарастары өзгеше пайымдауды қажет етеді. Өйткені олар өмір сүрген тарихи кезеңде адам бостандығы, құқықтық теңдік мәселелері ғаламдық деңгейде қоғам талқысына түсіп жатты. XIX ғасырда қазақ жеріне ғылыми экспедиция жасаған орыс зерттеушілерінің көпшілігі қазақ әйелдерін қалыңмалға сатылатын, әйелдің үстіне әйел болып баратын, тұрмыс тауқыметін тартқан салпы етек сорлы сипатында бейнеледі. А.Левшин, Н.Гродеков, Н.Израцов, И.Андреев, И.Ибрагимов, Ф. Лазаревский, Л.Баллюзек, А.Диваев т.б. зерттеушілердің жазбаларынан осындай пікірлерді кездестіре аламыз [47,8].

Сол себепті жеке адамның бас бостандығы үшін күрес идеясы ХХ ғасырдың басында әдебиет саласындағы негізгі тақырыпқа айналды. Қазақ әйелінің бейнесі әдебиеттің, оның ішінде жаңа жанр – қазақ романының басты кейіпкері рөлін сомдады. Соған орай бостандық идеясын ту етіп көтерген әдебиетке тән еркіндік, азаттық, адамгершілік идеялары әйел образының тағдыры мен арман-мұңы арқылы өрбітілді [48, 51].

1913 жылдың 2 ақпанында Орынбор губерния Троицк қаласында «Қазақ» газетінің 1-ші номері жарық көрді. Редакторы А.Бөкейханов болатын. Ол қазақ халқының білімге, еңбекке, халықтың санасын оятуға шақырды. Газеттің бір бөлімі әйел мәселесін көтерген тақырыптарға арналды.

«Қазақ» газетіндегі талқылаудың соңы «Сайлау хұқы» деген мақаламен (№229.1917) шегіне жетеді. Оның авторы А.Байтұрсынов әйелдерге ерлермен бірдей сайлау құқығын беруді сөз етті. Ол әйелдерді мемлекеттік Думаға сайлау жайлы пікірін ашық айтты. Яғни ағылшын қоғамындағы проблемалар бізде де кездесті деген сөз.

Әйелдер құқығы мәселесі қазақ қоғамына да жат емес. Қазақ қоғамы өткен бір ғасырлық даму тарихында әйел затына шекті құқық берген дәстүрлі рулық-отағасылық (patriarchy) танымнан бүгінгі шартты түрде ерлермен тең құқықтылықты қарастырған қоғамға дейін өзгерді. Бір ғасыр бұрын қазақ әйелдерінің бар өмірі отбасы-ошақ қасында өтетін болса, қазір олар саясат, экономика, ғылым, білім беру, мәдениет, өнер, спорт, т.б. салалардың бәрінде дерлік ер адамдармен тек құқылы жағдайда еңбек етеді. Соған қарамастан Батыс әйелдері құқығының дамуы мен қазақ әйелдері құқығының даму тарихында ұқсастықтармен қатар өзіне тән айырмашылық та бар. Бұны әйел затына қатысты саясатта, экономикада, эстетикада, философияда, психологияда, т.б. орын алған жағдайлардан байқауға болады. Бұларды біз қазақ әдебиетіндегі әйелдер образының өзгерісінен табуға болады.

1917 жылдың 25 сәуір-7 мамыр аралығында Орынборда өткен жалпықазақ съезінде «Алаш» партиясы қазақ әйелдерінің теңдігі туралы мәселені көтерді. Бұл мәселе жөніндегі съезд қаулысы сегіз баптан тұрды:

1. Әйелдер мен ерлердің саяси құқығы тең болу керек.
2. Әйел өзінің күйеуге шығу мәселесін өзі шешеді.
3. Қалың малды жою.
4. Қыздарға 16 жасқа дейін, ер адамдарға 18 жасқа дейін үйленуге тиым салу.
5. Үйлену үшін күйеу жігіттің ғана емес, қалыңдықтың да келісімі қажет.
6. Жесір әйел кімге күйеуге шығарын өзі шешеді.
7. Екі әйел алу тек бірінші әйелдің келісімімен ғана орындалады.

1920 жылдың 28 желтоқсанында Қазақстан Орталық Атқару комитеті қалың малды жою туралы декрет қабылдады. Бұл декрет қазақ әйелдерінің адамгершілік құқығы мен құпиясына қол сұқпау және кәмелетке толмаған қыз балаларға құда түсуді жою туралы шешім шығарды. Осылай қазақ әйелдері жаңа өмірге араласа бастады. Олармен жұмыс жүргізу мақсатында жер-жерлерде кеңестер құрылды.

Бұл съезде әйелдерді алғаш рет қоғамның бір мүшесі ретінде танып, олардың бостандығын бірінші дәрежеге қойды. Яғни қазақ қоғамының санасында әлеуметтік төңкеріс орын алды деуге негіз бар. Себебі бұрын-соңды әйел тек отбасы, ошақ қасы табылатын болса, бұл кез өзіндік құқығына ие болған кезең ретінде белгілі болды.

Викториандық жазушылар өз шығармаларында ағылшын әйелдерінің тыныс-тіршілігі, әлемге әйелдердің көзімен қарау, әйел құндылықтары, әйелдер эмансипациясы және пайда болып келе жатқан феминизм сияқты тақырыптарды көтеру арқылы әйелдің қоғам алдындағы статусын көтере білді.

Әйел өмірі туралы толғаған жазушылар расында да көп-ақ. Дегенмен де мен өзімнің диссертациялық жұмысымда Джейн Остиннің шығармашылығы, соның ішінде “Pride and Prejudice” романы арқылы ағылшын әйелдері ғана емес, бүкіл Европа әйелдерінің болмыс тіршілігін ашуды мақсат етіп қойдым. «Жаңа әйел» образын қалыптастыруда тек Джейн Остин ғана ат салысқан жоқ, сондай-ақ Шарлотта және Эмили Бронте, Дж.Элиот сынды жазушылар да біраз тер төкті. Олар «жаңа әйел» ұғымын қалыптасуын бірнеше эволюциялық бөліктерге бөлді: өздерінің шығармаларындағы басты кейіпкерлер арқылы ХІХ ғасырдағы рөлдік функционалдылық өзгерісін көрсетті. Себебі осы тұста ғана социум сферасында (мәдени – әйел және оның болмысымен байланысты нормалар мен құндылықтардың өзгеруі; институционалды – білім беру, жұмыс, отбасы сферасы бойынша; тұлғааралық – әйел мен ердің арасындағы қарым-қатынас) әр түрлі өзгерістер байқалды.

ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі жазушы ер адамдар жасаған әйел образына талдау жасай келе қазақ әйелдері осы аралықта үлкен өзгерістерді бастан кешкеніне көз жеткізуге. Бұл өзгерістерді атап айтар болса, қазақ әйелдері бір ғасыр бұрын толықтай рулық-отағасылық үстемдікке еркі байланған, тағдырын өзі билей алмайтын, қоғамдық орны отбасынан аспайтын, көп әйел алудың құрбаны болған әлсіз топ еді. Арада екі түрлі қоғамдық өзгерісті бастан кешкенен кейін олар жоғарыдағы теңсіздіктен толықтай заңдық тұрғыда бостандыққа шықты. Бұны ер жазушылардың шығармаларындағы әйел образының өзгерісі дәлелдейді. Соған қарамастан ер жазушылар әйел затының адами, қоғамдық болмысындағы құқықтық осы өзгерісін тарихтың өзгерісі етіп шығарды, алайда, мұндай қоғамдық өзгеріс әйел затының табиғатындағы кейбір ерекшеліктерді өзгертуге шарасыз.

Менің диссертациялық жұмысымның басты ерекшелігі – мен әйелдер тақырыбын тек әдеби қырынан ғана қарастырып қоймаймын, сондай-ақ социология, философия, психологиялық тұрғыдан қарастырамын. Себебі, «әйел мәселесін», нақтырақ айтар болсам, әйелдің қоғамдағы орны, толық эмансипацияның, дискриминацияның жойылуы, қоғамдағы әйелдің ер азаматтармен азаматтық, экономикалық және социалды құқықтық дәрежеде теңелуін зерттеу, талдау бойынша бүкіл ғылымдар түрі айналысады десем қате айтпағаным болар.

2. ҚОҒАМДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ ОРНЫ МЕН САНАСЫ

2.1 С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романындағы «Қазақ әйелі» концептісінің әлеуметтік сипатын гендерлік стереотиптер арқылы анықтау

Дәстүрлі отбасы құндылықтары мен әйел мәселесі – қазақ әдебиетінде терең қозғалып, жілігі шағылған тақырыптардың бірі. Бұл өзекті мәселелердің ар жағында ұлт проблемасы, қазақ халқының проблемасы жатқаны айқын. Осы тұста Мұхтар Әуезовтің: «Қай уақытта қай халықта болсын, білім жолында жұрт қатарына жетерлік халық болу жолында ең керекті шарт – ақ жүректі екпінді ерлер. Халықты ілгерілететін дөңгелек солар. Оларсыз мақсатқа жақындау мүмкін емес. Бұлай болғанда алғашқы сөзімді қайта айтамыз. Адам баласы тағы болып, еркегі хайуандық дәрежесінде жүргенде әйелден бала туып, ол балалардың бәрі де жастық, қорғансыздықтан анасының айналасына үйіріліп үй ішінің бірлігін, одан туысқандық ұйымын кіргізген. Бұған қарағанда адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты әйел халіне жалғасады. Сол себепті, әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тағлымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!» деген сөзін келтіруге болады [49].

Әйел тағдыры, теңсіздікті бастан кешкен әйел бейнесі – барлық қаламгерді тебіренгі де Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев әйел тағдырын шешуге дұрыс жауап тауып, әдебиеттегі қазақ әйелінің образын жан-жақты жасаумен қатар білімге, өнерге үндеу идеясын жүзеге асырды. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар қазақ қызының теңсіздікте мұң кешіп отырғанын бейнелеп, оларды өздерінің бас бостандығы үшін күреске шақырады [50,183].

Әйелдер бейнесін сомдаумен қатар, Сұлтанмахмұт «Қамар сұлуда» мынандай мәселелерді көтергенін байқауға болады:

- 1) бай-манаптар мен қара арасындағы әлеуметтік алшықтық;
- 2) Ескі мен жаңаның арпалысы;
- 3) Қазақ қызына жүктелген тағдыр таукіметі;
- 4) Тоқал алу немесе тоқал болу мәселесі;
- 5) Қалың мал мен жасау мәселесі;
- 6) Діннің бұрмалануы.

«Қамар сұлу» романы – С.Торайғыров шығармашылығының жаңа сапаға өткелі тұрғанын, көркемдік-идеялық ізденістерін анық көрсететін шығарма. Онда қаламгердің қазақ қоғамы алдындағы кеселдерді әшкерелеумен қатар, оны жан-жақты бейнелеуге күш салғаны аңғарылады. Осы үшін ол жаңа формаға, күрделі жанрға барады. «Қамар сұлу» романының тақырыбы: қазақ әйелінің хал-жағдайы, бас бостандығы, теңдігі, оқу оқып, білім алып әлеумет қайраткері болуы.

Қазақ әйелінің хал-жағдайы, бас бостандығы, теңдігі деген тақырыпқа бір Сұлтанмахмұт қана емес, XX ғасыр басындағы қазақ ақын, жазушыларының бәрі де ат салысты. Халықтың оянуы, саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінен ілгері басуының негізі, көкейкесті мәселелерінің бірі деп біліп, көп жазды. Оған әрқайсысы шешу іздеді.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы мен жазбаларын Б. Кенжебайұлының диссертациялық жұмыстары мен еңбектерінен кездестіре аламыз. Ол сонау қырқыншы жылдардың өзінде, Сұлтанмахмұт ұлтшыл буржуазия өкілі ретінде бағаланатын кезеңде, ақын мұрасына төніп келе жатқан қауіпті сезіп оны «Халық ақыны» биігіне көтере бағалапты. Солай бағалапты да айықпас, құтылмас пәлеге қалыпты [51,227]. Ол «Сұлтанмахмұт қазақ халқының ашынған ойын, мұңын, тілегін, аңсаған арманын, асыл сана-сезімін бойына сіңірген, қазақ халқының өмірі мен тұрмысын, әлеуметтік және рухани бейнесін түгел қамтып жырлаған талантты ақын. Қазақ халқының Абайдан кейінгі реалист үлкен ақыны» - деп жазған екен ізгі ниетпен [52].

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өзі айтпақшы, «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам!» демекші, ақын өзінің мақсат-мүддесін осы роман арқылы анық жеткізеді [53, 171].

Бірқатар ақындар мен жазушылар – қазақ арасында әлі бектік-феодалдық қалып сарқыны, ескілік заңы тым күшті, ол жағдайда еркіндікке-сүйгеніне, теңіне тиюге, теңдік алуға талпынған қазақ әйелі мақсатына жете алмайды: өледі, ескілік құрбаны болады деп білді. Сондықтан бұл ақын, жазушылар өздерінің роман, повесть, шығармаларын, поэмаларын солай, бас кейіпкерлерінің өлуімен аяқтады.

Рас, қазақ арасында бектік-феодалдық қалып сарқыны, ескілік заңы күшті. Бірақ, сонымен бірге, қазір қазақ арасында көріне бастаған, өсіп келе жатқан жаңалықтар да бар: ескілікке қарсы тұра алатын, арпалысып, оны жеңе алатын жаңа күштер бар деп білді. Бірақ оны Сұлтанмахмұт шығарманың соңында халыққа ой салу арқылы көрсете кетеді:

Гибрат ал мен сорлыдан, қазақ қызы!
Түйрейтін мал менен шал – саған бізі.
Оңбайды бұл әдетпен қазақ халқы,
Бол себеп ақырында қалмасқа ізі [29, 73].

“Қамар сұлу” романына келгенде, көркем прозада С.Торайғыровтың біраз тәжірибесі бар.

«Сұлтанмахмұт Торайғыров заманының қарқынына сай өте көп жазды, талай тамаша шығармалар берді. Революция жылдары, қазақ халқының мүддесі, әлеуметтік өмірі, тағдыры алдына көлденең тартқан аса маңызды, күрделі мәселелерді қозғады» деп жазады Б.Кенжебаев [54, 124]. Шынында да, Сұлтанмахмұттың қандай болсын көлемді шығармасын алар болсаңыз да (яғни романдары), қазақ қоғамының сол тұста тап болған дерті – яғни ескінің құрмауында қалып қойған қараңғы қазақты құтқару.

“Қамар сұлу” С.Торайғыров шығармашылығындағы алғашқы көлемді шығармалардың бірі. Оның поэмалары кейін жазылған. Сондықтан да күрделі

жаңа жанрдағы бұл романның қаламгер шығармашылығындағы алатын орны да ерекше. Романдан С.Торайғыровтың таланты, дүниетанымы, саяси-әлеуметтік идеялары айқын көрінеді.

«Қамар сұлу» романының тақырыбы – әйел мәселесі, қазақ әйелінің бас бостандығы, теңдігі, әлеуметтік қайраткер болу мәселесі. Қалың малға сатып шалдардың жас қыз алуын, әлділердің әлсіздерге зорлығын, халықтың қараңғыдағы қапас тіршілігін өткір сынайды. Сол негізде феодалдық-патриархалдық салт-сананың күйреуін және оны ұға алмай отырған елдің надан мінез-кұлқын әшкерелейді.

Сұлтанмахмұт – адам хұқын қорғаушы, азат өмірді аңсаушы. Жастардың теңіне қосылып, білім алуына, халқын өрге сүйреп қатардағы азамат болуына тілекші. Романда жазушы өз ортасынан талпынып, бостандық іздеген осындай жастардың әр қилы кедергілерге кездесіп, ескі салттың құрбаны болғанын тебірене жазады. Сол арқылы аянышты тағдырға ел назарын аударуды, халық сезіміне әсер етуді көздейді [55, 328].

Романның негізгі идеясын Сұлтанмахмұт әр қилы тағдырлар, адам бейнелері арқылы ашуға ұмтылады. Оның кейіпкерлері көзқарасы әр түрлі адамдардың қақтығыстары негізінде жіктеледі. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың негізгі кейіпкерлері – қазақтың кедей шаруалары, әйелдері, қыздары. Басқаша айтқанда, олардың қайғы-шерін, мұң-арманын өзінің жыры еткен, зұлымдық пен надандыққа кектенген, шындықтың ауылын іздеген ақын. Қазақтың кедейі, күң есепті әйелі – ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының, капитализм тұсындағы екі бірдей қанау дәуірлеп тұрған кездегі саяси-шаруашылық жағынан да, мәдени-рухани жағынан да мейлінше жаншылып, түрлі соққы жеп, зар еңіреген мүшелері.

Бірақ олар сол күйіне риза болып, барды қанағат тұтып, шүкіршілік еткен жандар емес. Көрген азаптары шектен асып, арқасына заманның аязы әбден батып, төзімі біткен, ашынған, қаһарына мінген, арман-талап жетегіне ерген жігерлі адамдар [56, 258].

Романдағы ұнамды кейіпкерлер – Қамар, Ахмет, Омар, Хасен – бәрі де көзі ашық, көңілі ояу, ақылды, ұстамды, ескілікке қарсы жандар, сол кездегі қазақ ауылындағы жаңа адамдар.

Зерек, ақылды, оқыған, пайымды, ұстамды болғанын олар – (Қамар мен Ахмет) – өздерінің хал-жағдайларын айқын аңғартады: екеуінің екі тап өкілі екенін, бірі байдың қызы, екінші кедейдің баласы екенін, бірін-бірі сүйе тұра екеуінің қосыла алмайтындарын, үстем тап, ескілік қалып, әдет заңы қосылуға жол бермейтінін әбден сезеді. Бірақ, көзі ашық, парасатты жандардың ескі тәртіпке, әдет заңына қарсы тұруға болатынына күресіп, оларды жеңіп, еркіндік, теңдік алу мүмкіндігіне, сол жолда өздерінің табанды, құлшынып күресуі керек екеніне ақылдары жетпеді, батылдары бармайды. Сонымен, ескі сананың жетегінде кеткен қос ғашықтың махаббаты трагедиямен аяқталады. Екеуіміз ғашықпыз, теңбіз, қосылуға лайықпыз. Тек қосыла алмаймыз. Ескілік, әдет заңы жол бермейді, - деп аһ ұрып, қарап отырады. Ескілік: Нұрым, Қалтан, Оспандар өздеріне не істесе соған көніп жүре береді.

Бұл роман – дәуірдің тарихи тақырыбын тап баса білген жаңашыл шығарма. Әрине, ақын тарихшы емес. Ол тарихи уақиғаны түгендемейді. Мәселе – заманның рухын, дәуір сырын аңғартар моменттерді де дәл басып, оған тән белгілерді айқындауда. XX ғасырдың басындағы қазақ аулы өмірін, ескілшілдік жайлап тозып, іріп бара жатқан салт – сананың көріністерін энциклопедиялық суреттелген іргелі туындылар, ол көпті қинаған шындықты ашынып, батыл, ашық айтып, онымен күреске шықты. Бұл – Сұлтанмахмұт реализмінің ең бір биікке көтерілген тұсы. Мұның бәрі Сұлтанмахмұттың жаңа жол – «шындықтың аулын іздеуге» ұмтылуының заңдылығын көрсетеді.

Романда оқиға желісі қазақы дәстүрін бұзбаған Сарбас деген ауылда өрбиді. Ай десе аузы, күн десе көзі, бар бозбалаға арман болған Қамар атты сұлудың тағдыры баян етіледі романда. Сұлтанмахмұт оны романтикалық бейнеде алып, сирек туатын жан етіп суреттейді. Қыздың портреті мен мінездемесі де соған лайық беріліп тұр. Түр-тұлғасы, мінез-құлқы тең келген Қамарды ел әсемдіктің, ақылдылықтың белгісіндей көреді. «Бір нәрсені көңілдері ұнатып, мақтанғысы келсе, «Уай, шіркін, мынау Қамардай екен!» десуші еді», – дейді.

Роман қаһарманы – қалыңы төленген біреудің жесірі, болмаса жоқ-жітік кедейдің қызы емес, оқыған, текті атаның тұқымы. Әкесі Омар, Хасен – көзі ашық, оқыған, ойлы, дәулетті жандар. Қамар – төрт құбыласы келіскен Омардың аялап өсірген қызы. Қамар қазақи тәрбие көрген қыз болса да, өзге қыздарға қарағанда болмысы тым басқа. Бойында қазақ қызына сай ұяндық пен ұят кездескенмен, жаны жаңашылдықты аңсайтын секілді. Роман басындағы Қамар портреті ретінде берілген өлең соңындағы қыстырма шумақта Омардың Қамарды бетін қақпай тәрбиелегені айтылса, теңіме бармаймын деген ой Қамардың басында мүлде жоқ. Ендеше, осы жарасты тірлікті астан-кестен қылатын қандай әрекет, оның өзегінде қандай мотив бар. Мотив – қадімгі қазақы күндестік. Балаларын оқытып жатқан Омар тірлігіне ағалары Оспан би мен Қалтан қажы, надан көпшілік қарсы. Қамарды бұландатып өсіргеніне, ел мақтауына ілінгеніне қарсы. Оқыған баласы Ахмет арқасында “жаман Жәукенің” халық қатарына қосылғанына қарсы, Ахметтің өнерлігіне, сауаттылығына қарсы. Өздерін көзге ілмеген Қамардың Ахметті таңдағанына қарсы. Қолдарына әлдеқалай хат түскенде “өлгені тіріліп, өшкені жанғандай қуанып, шуылдасып қалатыны” сондықтан. Романда осы уақиғаға қатысы бар әр әлеуметтік топ өкілінің мүддесі көрінеді.

Өзінің тегі жағынан Қамар бай қызы, бірақ өз әлінше оқыған, өмірді танитын қыз. Ол қазақ әдебиетінде көрінген жаңа тұлға, жаңа характер. Алғашқы кезде ол ұяндау болып көрінеді. Басына күн туып, ескі салтпен айқасқанда ғана Қамар өршелене бастайды. Сөйтсе де ол махаббат сезімнен құр емес. “Ахметтің алғашқы хатында оқығанда, ол бір қызарып, бір сұрланып, жүрегі кеудесіне сыймай қысылып, қарап тұрып бір тынымсыздықта қалады”. Мұнда пән сезім, шын сүюдің белгісі бар. Бірақ оны терең ойға батыратын нәрсе – өз ойы, арманы мен қоғам салты арасындағы зор қайшылық. Тағы мұнда «Қамар сұлу» романында теріс сипаттарын көреміз.[3.273]. Мынау

залымдықты көргенше, қанғып өлейін. Мұнда Ахметтің кетер алдында Қасен деген досына жазған хатында байқаймыз.

Шыдай алмай күйіп – жанып кеттім қашып,
Қышмауға көре күйік жан таласып.
Бұл күнде өлетінім сол қайғыдан,
Қамардың халін ойлап жаным ашып [29,45].

дейді. Оқуды сылтау қылып, екі жүз шақырым жерден шаһарға кетті. Бұл арадан Ақметтің Қамарға деген сезімі бар және ғашығы үшін қиналуы, жаны ашуын байқаймыз. Енді бірде Қамардың қандай халге түскенін байқайтын болсақ, мына шумақтан көреміз.

Қорлықты зорлықпенен көрген Қамар,
Амалсыз бәріне де көнген Қамар
Айдай әлем аузының суын құртып,
Арманда арсыздардан өлген Қамар [29,58].

Ал романның басындағы Қамар портретін ақын былай суреттейді. Бастапқы келтірген шумаққа қарағанда мұнан мүлде өзгеше, оны мына шумақтан аңғарамыз.

Жіңішке сымға тартқан әні қандай,
Бал ауыз, балбыраған тәні қандай.
Ақыл-ой, мінез-көрік түгел келіп,
Толысып, толып тұрған сәні қандай [29, 19].

Сұлтанмахмұт Торайғыров жоғарыда келтірілген екі шумақта Қамардың портретін сәтті суреттеген. Жаңа заманның қызының бейнесін ашуға ден қойған. Ақын кешегі еркін де балғын өскен сұлу қыз, озбырлыққа душар болып, бақытсыздыққа ұшыраған сәтін байқатса. Мұндағы қарсыласқан екі түрлі портрет автордың осы гуманистік, азатшылдық идеясын береді.

Қолы жетпеген замандастары Қамардың сорлағанына қуанса, себебі-күндестік. Оспан биге Нұрымның атақ, абырой, билігі керек, Қалтан қажыға орысшыл інісін тоқтау қажет, басқа атқамінерлерге Оспан мен Қалтан қажының, Жорға Нұрымның ықыласы, құрметі, дастарқаны, көпшілікке-тамақ, той кәделері, әңгіме т.б. қызық.

Қамаржанға ғашық болған бозбалалардың санында есеп жоқ еді. Тіпті, жазушы Қамардың хас сұлу болғанын және оған ынтық жандардың ниетін айрықша бейнелейді:

Сұлу Қамар, ақын Қамар, жаным Қамар,
Қамаржан, сені ойласам, ішім жанар.
Үлбіреген аузыңнан бір сүйгізсең,
Іштегі кәусар суын мейірім қанар...[29, 25]

Сонымен не керек, сондай сұлудың Қамардың әкесі Омарға үш-төрт атадан барып қосылатын Жәуке деген кісінің Ахмет деген ұлы болады. Ахмет өзі жастайынан зерек болып, бірақ қалтаның тарлығы мен қолдың қысқалығынан оқып жүрген гимназиясын тәмамдай алмай қалады. Десе де, сол ауылдың хат танып, білімді өзіне серік еткен жастарының бірі сол Ахмет болған-ды. Ахмет - жазушының ұғымында, жаңа дәуірдің өкілі. Оның тіршілігі

қаламен байланысты, сонда оқыған. Бірақ Ахметтің қаладағы қызметі жайлы Сұлтанмахмұт ештеңе айтпайды. Және ол романның міндетіне де кірмейді. Жазушы оны Қамарға байланысты ғана суреттейді. Ахмет жас буынның жаңашыл өкілі есебінде адамды бағалай, қадірлей біледі. Бұл - оның Қамарға жазған хаттарынан анық байқалады. Өзі өмір сүріп отырған дәуірде Ахмет - жасқаншақ. Оны жасқандыратын - сол дәуір, қатал ескілік заңы. Автордың ойынша, Ахмет сияқты оқыған жігіттер қанша талапты, пысық болғанмен, тілегіне жете алмайды. Өйткені олардың талабына кедергі, бөгет болып отырған әділетсіз күш бар. Сондықтан осы әділетсіз күш құлауы керек. Ал оны қалай құлату қажеттігін Сұлтанмахмұт ашып айта алмайды. Жаманмен жолдас болмай, дұрыс жолда жүруі Ахметтің сол тұста жауын да көбейткен болатын. Жазушы Ахметтің де сұлбасын керемет суреттей отырып, Ахмет пен Қамар бір-біріне нағыз тең болар жандар еді деп жазады. Асылында, қос ғашық бір-біріне ынтық екендерін әу баста-ақ сезетін. Дегенмен, қазақта «Бай байға, сай сайға құяды» дейтін сөздің барын да екеуі ішінара сезіп жүретін. Себебі, Ахметтің әкесінің тұрмысы да нашар емес-тін, дегенмен де Омардың байлығына жете қоймайтын. Осы орайда қалың мал мәселесі де көтеріле кетіп, оны беруге Жәукеңнің малы жете қоймайтындығын түсінген Қамар бір-біріне қанша елжіреп тұрса да, «Өз теңім – осы Ахмет» десе-дағы, мәселенің ертеңгі күні дауға айналатындығын біліп, әкесінің атына кір келтірмеу мақсатымен Ахметтің ниетін кері қайтарады. Дегенмен де, Ахмет мәңгі берге болмасақ та, аз-маз сауық құрайық деп ниетін білдіреді. Әйтсе де, Қамар былайша жауап қайырады:

«Ақыл-ой, сын-сымбатта маған теңсің
Шыбыным, шын сүйгенім – жалғыз сенсің.
Ту бие, қара саба болмаған соң,
Икемге менің елім қайдан көнсің», - дейді де сөзін былай түйіндейді:
Қарағым, қаралама, ая мені...
Аяғаннан айтамын мен де сені.
Күйдіріп бір сен үшін ата-анамды,
Елге бүлік салудың келмес жөні.
Жауапты үзіл-кесіл беріп тұрмын.
Берсем де бетім күйіп өліп тұрмын.
Қайтесің, амал бар ма, қазақ надан,
Сен де көн, мен-дағы һәм көніп тұрмын [29, 55].

Қамардың соңғы хатын оқып, Қамардан кешірім сұрау үшін Ахмет амалының таусылғанын түсініп қоштасу хатын жазады.

Елуге жасы жеткен шалға барма,
Малды деп, маңызданған далға барма!
Ел-жұртым обалыма қарайды деп,
Түбінде соған сеніп қапы қалма!

Романның бас қаһарманы – қалыптасқан характерлер. Алайда уақиға өрбуіне, тағдыр тартысына қатысты олардың ой-сезімдері, әрекеттері өзгерістерге ұшырайды. Мәселен, Қамарға жазған соңғы хаты (қоштасу хаты)

қолға түсіп, басы дауға қалған Ахмет ат-шапан айыбын төлеп, енді Қамарға жоламасқа уәде беріп, алысқа қашса да роман соңында қорлық пен зорлықтан азап шеккен Қамарды көріп, оны қорлаушыларға қару жұмсайды.

Қамардың өз заманының әділетсіз тәртібіне, «оңға баспай, солға басқан қазақтың қара ғұрпына» деген наразылығы айқын көрінеді.

А, құдай жасты-жасқа пар қылғанын,
Біреуді жоқ, біреуді бар қылғаның.
Біреуге алтын, гауһар тақыт беріп,
Астана жұрт билеген хан қылғаның.
Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,
Ақылсыз екі аяқты мал қылғаның.
Қыздарын теңге бермей, малға беріп,
Қазақты қара көңіл аң қылғаның.
Мейлі қоңыз болсын, доңыз болсын,

Малдыны кісімсітіп паң қылғаның, – деген Қамар өлеңінен қоғамдық әділетсіздіктің адам тағдырына әсер етіп жатқанын аңдайсың.

Бірақ қыз жолына бөгет болған қиыншылықтар Қамар мен Ахмет арасындағы махаббат сезімін, адал сүйіспеншілікті сөндіре алмайды. Осыдан былай екі жас үшін қайғылы оқиғалар легі басталады. Арманына жете алмаған Қамар уайымдап, жүдей бастайды.

Ахмет екеуінің арасы елге белгілі болғанда Қамар қатты күйінеді. Біржола күйрейтіндей күйге түседі. Мақтаулы қыздың ел аузындағы жеңіл әңгімеге қалуы – қазақ қызының психологиясы үшін сұмдық. Алайда, уақиғаға Жорға Нұрым араласқаннан бастап Қамар адамдық хұқы үшін ашық күреске шығады. Оны Қамардың мына өлең жолдарынан анық көруге болады:

Айтайын шын сырымды ауызба-ауыз,
Дөңкиген күйек сақал, сасық ауыз!
Ақ жүзді, ақыл-ойлы ақ сұқырға
Дәрі емес мал секілді малды жауыз.
Уай, шіркін, өмір сүрмек меніменен,
Мал шашып, маңызданған ебіңменен;
Өлсем де отқа күйіп, суға түсіп,
Бір минутта тұра алмаспын сеніменен [29, 31].

Романда сатиралық өрнектер мен ирония, публицистикалық әуендер қабат келеді. Жазушы өзінің ашу-ызасын туғызған қазақы тірлік келеңсіздіктерін ашына жазады, жымысқы психологиясын сынға алады. Әшкерелейді, ашынады.

Романда полилогтардың алатын орны өте зор. Әрі полилогтар пайдалану С.Торайғыров шығармаларында көркемдік-идеялық мәні бар үлкен тәсіл. Полилог арқылы қаламгер барша жолсыздықтарға жол беріп, көнбеске көніп, тамақ аңдыған надан топтың жиынтық бейнесін береді, әшкерелей жазады. Адамдық құқытарын, ар-намыстарын аяқ-асты етіп отырған әлеуметтік топтар жолсыздығына селт етпеген жандарға, бәрін біліп, қорлық пен мазаққа төзген, көнбіс халыққа бұл әдет пен халінің сұмдық сиқын көрсетеді. Сондықтан да ол

дүние қызығын малға сатып аламын, мақсатқа да мал арқылы жетемін дегендерді де, оларға жол беріп отырған тамақ аңдушыларды да сынға алады. Осы топ портретін, психологиясын шеберлікпен жазады.

“Қамар сұлу” романының идеясы махаббат тарихы трагедиясынан ғана туындамайды. Жазушы әйелдер тағдырын адамдық правосын ескермеген қоғамдығы түрлі әлеуметтік күштердің осы проблемаға қарым-қатынасын да бейнелеп көрсетеді. Түйінді мәселелерді болашақ өркениет проблемаларымен көтереді. Романдағы салт-сана дегенді де шартты түрде ұққан жөн.

С.Торайғыров шығармашылығында астарлап сөйлеудің, символдық сипаты, семиотикалық мазмұны бар образдың, типтердің орны өте мол. Қаламгер нақты өмір уақиғаларына сүйенетін тәрізді образдар арқылы үлкен жинақтауларға, реалистік шарттылықтарға барады. “Қамар сұлу” романында да, кейінгі шығармаларында да нақты әдіске айналатын осы бағыттағы бейнелеу байқалады.

Замана бағытын ұққан Омар мен оқыған ұлы Қасенде, Ахметте бұл әлеуметтік күштерге қарсы тұрарлық қайрат аз. Қазақ аулындағы дәстүрлі қарым-қатынастар мықты, жаңа күштер әлсіз. Жазушы баста Қамардың әкесі Омарды да, ағасы Хасенді де көзі ашық, ақылды, жігерлі адамдар етіп, екеуін де Қамарды Нұрымға беруге қарсы етіп суреттейді. Оспан мен Қалтан Қамарды Нұрымға беру керек дегенде, Омардың жан дауысы шығып: «Сыпыра бұзылған иттер, дендерің сау ма? Мәжнүн болмасаңдар... Ұялмай-қызармай періштедей қарашығымды төрт аяқты малдан жаман, дөңкиген жауызға ұйғардық деп не беттеріңмен айтып отырсыңдар? Түсіңе кірсе, қорқатын ноянға Қамарды барады, мені береді деп ойладыңдар ма? Қысқасы, мойныма қапшық салып, қайыр тілеп күн көрсем де, Қамарды оған беріп, жылата алмаймын» - деп қарсы болады. Бірақ, оқиға барысында Омар ол бетінен қайтып қалады. Нұрым, Оспан, Қалтандардың айтқандарына көніп, айдауларына жүре береді. Қамарды Нұрымға береді. Нұрым бастап, қожа-молда қызына ұанша азап көрсетсе де мыңқ етпейді. Роман соңындағы бақсыны өлтіріп, Жорға Нұрымды жаралаған Ахмет әрекеті – шарасы қалмаған, не істерін білмеген адам тірлігі.

“Қамар сұлу” романының көркем мазмұнында бадырайып көрініп тұрған дидактика, тәрбиелік мән жоқ. Сюжетті пайдалану тәсілдерінде де ерекшелік мол. Суреттеуге, әңгімеге, суретті диалогтерге барып отырғанмен мақсат фабуланы жеткізуде. Уақиға мен уақытты да мейлінше тығыздай баяндайды. Суреттеуден гөрі уақиға желісін, оның себеп-салдарын көрсету басым.

С.Торайғыров өз романдарының арқауы ретінде ақылды, сезімтал жандардың трагедиялық тағдырын алады. Оның бас қаһармандары тұлғалық деңгейге дейін даралана көрсетіледі. Ертеңін ойлаудан гөрі өткенді сақтауды тәуір көрген әлеуметтік топтардың бүр жара бастаған жаңалықтарымен қарым-қатынасы, қақтығысы, күрес жан-жақты суреттеледі. Мақсат мүдделері, ой, сезімдері көрсетіледі. Бірде жаңалықтарды жеңіп, жастарды трагедияға душар қылса, екіншісінде, өздерінің қаусаған сипаттарын сезеді, рухани жеңіліс табады.

Әлеуметтік тұрмыс пен қоғамдық өмірге, салт-санаға ене бастаған жаңалық, күрес идеяларын талдау – С.Торайғыров үшін басты мақсат. Оның ұлттық ерекшеліктері де осы күрес үстінде ашылады. Мысалы, сүймеген адамына ұзатылып, зар жылаған қыздың тойындағы сый-сияпат пен ет андыған адамдар бейнесі – қаламгер шығармашылығында өзіндік бояуға ие. Олар үшін нақты жағдайда адам қайғысынан гөрі той сияпаты, қызығы қажеттірек. Жылау мен адам трагедиясы – олар үшін күнделікті уақиға. Оны көп көрген, тойған, көнеген. Солай болған, бола бекрмек деп ойлайды. Оны өзгерту керек-ау деп ойланып жатқан да олар жоқ, жолсыздық, заңсыздық-өмір заңы. С.Торайғыров осы пәлсапаға қарсы қадала жазады. Трагедияның содан екенін айтады, енжарлық пен көнбістіктің, надандықтың сұрықсыз сипатын бейнелейді.

Қыз бала малды, дәулетті шалға тиюге, байға баруға тиісті. Ол жылайды да көнеді. Ата-бабамыз сөйткен. Одан өзге жол жоқ. Көпшілік психологиясы, пікірі осы. “Қамар сұлу” романында ата-баба жолына көнбей күреске көтерілген қыз характері, тағдыры бейнелейді. Қамар көптің бірі, надан, кедей қызы емес. Текті атаның бетінен қақпай өсірген ерке қызы, есті, әдепті қыз. Ата-ана алдына шығып, елдің салтын бұзсам деген ойында да жоқ. Осы жолда сүйгені Ахметке де тоқтау айтады. Қосылуға мүмкіндік болмаса - әуре болу, сөзге қалу, түсу мүлде қажет емес дейді.

Алайда, тағдырына Жорға Нұрымның араласуы есті қыз жан дүниесіне, санасына төңкеріс әкеледі. Қамар өзінің хұқының жоқтығын көреді. Салт-сана, әдеп туралы сенімі шайқалады. Ашынады, қарсылық білдіреді, күреске шығады. Бұл күрес бірте-бірте ұлғайып, өз басынан асып қазақ қыздары проблемасын қозғайды. Қаламгер осы көркем мазмұнға әкелетін сюжет, фабула таңдайды.

Романның негізгі тақырыбы қыз тағдыры болғанмен, жазушы онда ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ өмірінің шындығын жан-жақты суреттеуге ұмтылады. Негізгі оқиға қабатында қараңғы халықтың тағдырын байлап отырған феодалдық салт-дәстүрге қарсы үн көтереді. Сол қараңғылық пен надандықты ата жолы деп берік ұстап, елді зар жылатуға пайдаланған ел билігіндегі адамдарды әшкерелейді. Өздерінің келешегін ойламай, ішкен-жегенге мәз болып жүрген елдің қалың надан тобын да сынға алады. Жоққа алданып жүрген қараңғы көпті әрі аяйды, әрі олардың ісін көріп ызаланады. Нұрымның Қамарды алу тойы кезінде өзінше мәз болып «қызықтап» жүрген топты суреттей отырып, Сұлтанмахмұт «бір күн тойса есектер, ми жоқ алдын есептер» дейді. Қамардың аянышты жайын түсінетін, оған жаны ашитын жан таппай күйінеді.

Сондықтан «Қамар сұлу» романының өткен өмірді, ондағы әділетсіздікті реалистікпен суреттей отырып, еңбекші халықты надандыққа, феодалдық кертартпа салт-санаға қарсы күреске үндеуде ерекше маңызы бар.

Сонымен бірге «Қамар сұлу» - қазақтың жазба әдебиетіндегі алғашқы романдардың қатарына қосылады. Сұлтанмахмұт мұнда прозалық елеулі шығарма жасауға талаптанады. Бірақ ақын әдебиетте қалыптасқан поэзия дәстүрінің шеңберінен шыға алмайды. Роман проза мен поэзияның араласуы

түрінде жазылған. Онда әсіресе кейіпкерлерді мінездеу, портрет жасау, қатысушылардың біріне-бірінің айтар сыр-ықыласы, көңіл күйі елең түрінде беріледі. Қамар мен Ахметтің сырласуын, Нұрымға деген көзқарасын, ойын түгел өлеңмен жеткізеді. Қамардын елер алдындағы коштасу сөзі де, молдамен айтысы, бақсы-ишан сарындары - бәрі де өлеңмен айтылады. Бұл, бір жағынан, қалыптасып қалған халықтың поэзия дәстүрінің ырқы болса, екінші жағынан романдағы ауыз әдебиетінің әсерін де байқатады.

Сұлтанмахмұт реализмінің күші оның өткір сыншылдығында. Сыншыл реализмнің бұл дәстүрі советтік дәуірдегі қазақ әдебиеті үшін үлгі, өнеге болды [57, 108]. Ол өз заманының ұнамсыз қылықтарын аяусыз шенеп, оқырманың одан жиренте, безіндіре суреттейді. Жорға Нұрым мен оның айналасындағы топқа жазушының көзқарасы мұны анық байқатса, онын ұнамды кейіпкерлері оларға барлық жағынан (ақыл-ой, портрет, сезім, т.б.) қарама-қарсы бейнеде жасалады. Сол арқылы Сұлтанмахмұт бір жерге сыйыса алмайтын екі жүйелі топтың қайшылығын, ымыраға келмейтін күресін бейнелейді. Қамар мен Нұрым тойында Ахмет айтқан «Жар-жарда» бұл идея жұмбақтап беріледі.

Қарт қара құс сұқсырға
Қалайша тең, зар-зар!
...Бірің – күнде, бірің – түн
Бір кемеге салса да,
Сыйысу жоқ, зар-зар! [29, 69]

Сұлтанмахмұт мұндай тойдың зарлы күйін таныту үшін «Жар-жар» орнына «Зар-зар» айтқызады. Қоғамдық құбылыстарды, кейіпкерлер бейнелерін салыстыра суреттеу негізінде ұнамды-ұнамсыз шындықтың қарама-қарсылығын таныту оның жазушылық, ақындық стилінің елеулі көрінісі болып табылады.

Жазушы прозада да ақындық үлгіні сақтайды. Ол қарасөздің өзін желдірмелетіп, ырғақты әуенге құрады. «Ахметті сүйемін-ақ, Сүйгенім үшін осынша күйемін-ақ» (Қамардын сөзінен), «Ұрынуға қара таба алмай, ермек қылуға жара таба алмай» (қалың топты суреттеуден), «қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, жамандықтан басқаны сүймеген», «надан, пішіні де жаман... ішпей мас, әрі нас, елу шамасында жасы бар, қойсақтардың басындай басы бар» (Нұрым портретінен), т.б.

Міне, осы тәрізді әдеттегі прозадан өзгеше, ырғақты құрылған сөйлемдер де автордың ақындық қабілетінің молдығының белгісі.

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамы қайшылықтарын дөп басу, танып білу, тереңдей талдау, жан-жақты көркем бейнелеу оңай шаруа емес. Бұл тез өсіп, қанаттанып келе жатқан талантты тұлға С.Торайғыров үшін ғана емес, қазақ әдебиеті үшін де жаңа әдеби үлгі, икемді форманың қажеттігін көрсетеді. С.Торайғыров прозалық роман тәжірибесін белгілі деңгейде игере тұра, екінші романында өлеңге баруының нақты бір себептерінің барлығы анық. Ол қаламгердің ақындық талантында ғана емес күрделі мазмұнды көлемді дастанға, поэмаға айналдыруда көркем мазмұнда өрнектеуде қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрдің барлығын да ескеруде. Тез жазуды талап еткен төтенше

шақта (бәйгеге арнап) дәстүрлі үлгіні пайдалануға ұмтылу танданатын іс емес. Прозалық роман поэтикасының әбден кемелденбей тұрғанында өлеңмен жазылған романның әдемі көрінуі ғажап емес. Қоғамдық сана үшін де өлеңмен жазылған романның әдемі көрінуі мүмкін. [58, 275].

Жазушы бұл романда «Қамар сұлуда» көтерген ескілікке қарсы үнін тереңдетіп, әлеуметтік өмірдің басқа жақтарын суреттеу арқылы жан-жақты аша түседі. Әйел теңсіздігі, олардың қорлықтағы өмірі мұнда басты тақырып болып бөлінбейді, қоғамдық теңсіздіктің көп мәселелерінің бірі ретінде көрінеді. Ол қазақ ауылының тіршілігін, ел арасында етек алған зиянды әдет-ғұрып салттарын кеңірек қамтиды. Қазақ халқының қоғамдық, шаруашылық, мәдени дамуда мешпеу қалып отырғаның, қараңғылық пен талапсыздықты, жалқаулық пен шаруаға қырсыздықты, алауыздықты сынай отырып, халықтың тағдыры, оның саяси-әлеуметтік өмірінің түйінді мәселелері жөнінде сұрау қояды.

«Бұл романда Сұлтанмахмұт қазақ халқының сол кездегі қоғам, әлеумет тіршілігінің қалпын, суретін әдемі кескіндеген: қазақ арасындағы түрлі тап, түрлі топ өкілдерінің тұрмысын, қазақ әйелдерінің ауыр хал-жайын, қазақ халқының мінез-құлқын, ғұрып-әдетін, дүниеген көзқарасын – бәрін дәл, толық, шебер көрсеткен; халық саяси әлеуметтік өмірінің ең маңызды, ең түйінді мәселелері жөнінде, қазақ халқы тағдыры хақында сұрау салған, соған жауап іздеген [59,62].

Жалпы әйел теңсіздігін арқаулы мәселе ретінде қозғайтын романдар мен шығармалардың бірқатар тізбегі бар. Мәселен, «Қалың мал» мен «Қамар сұлу» романдарының тақырыбы бір. Бұл шығармаларда қазақ қыздарының Октябрь революциясына дейінгі трагедиялық ауыр халдері суреттеліп, жастардың азаматтық бас бостандығы олардың негізгі арқауы боп келген. Мұнан «Қалың мал» мен «Қамар сұлудың» көркемдік шешімі, образ жасау тәсілдері бір деген ұғым тумайды. Шын мәнінде, «Қалың мал» повесіне қарағанда «Қамар сұлу» романының идеялық мазмұны тереңірек. Мұнда қазақ әйелдерінің басына төнген феодалдық-патриархалдық әдет-ғұрып, салт-сана Қамар сұлу басындағы ауыр қайғы сол кездегі қытымыр, қатаң заңдардан туып жатады. Зәбір қорлыққа шыдамаған Ахмет жауына пышақ жұмсап, роман соңында оқыс қимылдарымен көрінсе, бақсының соққысына жығылған Қамар қасірет қайғымен өледі.

Әрине, бұл адам тағдырын аяққа басқан патриархалдық-феодалдық қоғам құрылысының шындығы еді. Жазушы сол шындықты Ахмет пен Қамар басынан көрген.

Романның идеялық, көркемдік жақтарынан шындықты тани тұрсақ та, ұнамды кейіпкерлердің образдарында үлкен қайшылықтар мен бояуы жетпей жататын жақтары да бар.

Асылында, Октябрь революциясына дейін проза жанры әр саладан көріне алмады. Дәуір тынысын танытарлық үлкен романдар туа қойған жоқ. Міне, сондықтан да «Қалың мал», «Кім жазықты», «Қамар сұлу» тәрізді

шығармаларға сүйеніп, қазақ әдебиетінде роман жанры ерте кезден-ақ болған деген тұжырымдар дәлелдей түсуді керек етеді [60, 158].

Сұлтанмахмұт қазақ арасындағы ескіні де, жаңаны да айқын көрді. Ол қазақтың малға, шалға сатылып, надандықтың құрбаны болып отырған Қамар сияқты қыздармен қатар оқу, білімге, бостандық-теңдікке ұмтылған Аппақай сияқты әйелдердің де бар екенін көре білді. Қазақтың дала мен қаланың барлық жаман мінез, әдетін ұғып, елге масыл болып жүрген Әжібай, Жүсіп сияқты жастармен қатар, Әнуар, Хасен сияқты талапшыл, жаңашыл, үлгілі жастары бар екенін көре білді [61, 151].

Сөйтіп, Сұлтанмахмұттың революциядан бұрын жазған шығармаларында халық өмірінің шындығы реалистікпен суреттеледі. Оның шығармаларында прогресшіл, белсенді романтизм мен сыншыл реализм ұшырасып жатады.

Елімізде 1917 жылы болған ұлы революциялар Сұлтанмахмұтқа зор әсер етті. Сондай-ақ осы революция тақырыбы көптеген шындықты қозғаған шығармаларды дүниеге алып келді. Революция жылдарында ақын аздап толықсу арқылы жаңа идеялық биікке көтерілді, революцияшыл бағытқа келді.

Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлуда» іздеген асыл шындығы – халықтың дертіне ем табу, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болу», «халықтың мұздаған жүрегін жібіту», көз жасын тыю, теңсіздікті, мұқтаждықты жою, сөйтіп халықты ерікті, мәдениетті, бақытты ету еді. Бұл шындықты ақын тек Совет үкіметінен ғана табатын. Себебі, сол тұстағы ескінің стероетипінде қалып қойған қараңғы халықты түртіп оятатын бір жаңашылдықтың лебі керек болды. «Қамар сұлу» арқылы сол лептің келер уақытысы, сәті жақындады деген белгі бергісі келді.

«Қамар сұлуды» толығымен әлеуметтік роман де айтуға толық негіз бар. Бұл жайлы академик Серік Қирабаев былай пікір білдіреді: «Автор роман сюжетін қазақ әйелінің теңсіздіктегі күйін көрсетуге құрғанымен, сол оқиғаға байланысты бүкіл қазақ қоғамының тіршілігін, ұғым-нанымын терең бейнелейді, ескі ауылды құрт аурудай жайлап есеңгірткен, тоздырып бара жатқан әдет ғұрыптың кертартпа жақтарын әшкерелейді. Сол негізде феодалдық-патриархалдық қоғамның күйреуін көрсетеді, Сұлтанмахмұттың суреттеуінде Қамар – өз заманының озық қызы, сұлу, ақылды, ақын, аздап болса да оқығаны бар. Соны сүймеген адамға байлап беріп, оның жан ауруын түсінбей, бақсы-балгерге емдетіп, төбесін тестіріп, қолдан өлтірген – сол дәуірдің қоғамдық тәртібі. Ақын оларға лағынет айтады, кектеніп ызаланады. Тәртіп те, оны жақтаушы адамдар да өзгеруі керек. «Жалғыз-ақ жаны ашитын жастар» (Қамардың өлердегі сөзінен) қалуға тиіс. Болашақ қоғам иесі – солар, Сұлтанмахмұт ызасын тудыратын ескі тәртіптің жасауылдары – ел басшылары, үстем тап өкілдері, дін адамдары, соларға қоса надан халықты билеген ескі салт-сана, ұғым (Қамарды Нұрымның алуын «қызықтап» жүрген, «бишараның бақыты бар екені, Ахметке барса несін беріп қайтарар еді» деп Нұрымның байлығына қошамет айтушы топтар). Ақынның олардың бәрімен кетісіп, іргесін ашысып тұрғаны танылады».

2.2 «Жаңа әйел» ұғымының ағылшын және қазақ қоғамында бой көрсетуі

Джейн Остиннің қай шығармасын алып қарасаңыздар да, «еркіндікті» аңсаған, әйел затының бар мұңын жырлаған шығармалар екеніне тәнті боласыз. Джейн ханым өз шығармалары арқылы өзінің мақсат-мұратын анық жеткізеді. Әйел затының қоғам тарапынан шеттетілуіне қарамастан, британ елінде «жаңа әйел» ұғымын қалыптастыруды меже тұтты.

«Pride and Prejudice» романының әрекеті қалыпты ағылшын провинциясында, Меритон деген кішкентай қалашықта, Хортфоршир графында ашылады.

Романның бірінші бетінен-ақ Остиннің қаншалықты сол күшті, яғни қоғамның сол кездегі басқаруын түсініп, анық та нақты жеткізгенін түсінуге болады.

Викторияндық дәуірде ер адамдардың еркін таңдау құқығы болды. Ал әйел адамдар XIX ғасырға дейін үй шаруасында ғана жетекші рөл ойнады. Осы жағдай сол тұста қазақ қоғамында да белең алып тұрған болатын. Себебі, өз құқығын көтеріп айта алатын қазақ қыздары жоқтың қасы болды. Сондықтан, үлкендер, яғни атап айтқанда, әулет зиялылары тарапынан қыздың болашақ жарының кім болатынын де кесіп айтатын болған. Ал тұрмыс құрар шағында қыз қанша бұлаңдап өскен ерке қыз болса-дағы, мал мен мүліктің құрбаны болып, сол ер азаматқа емес, берген қалыңмалдың сапасына қарай тұрмыс құратын болған. Әрине, мұның артында талай зар мен жастың ізі жатыр десек те болады. Дәл осы принциптер мен канондар бойынша талай Қамар сұлулар мен Балқадिशалар тұрмыс құрып, мал мен мансаптың құрбанына айналды деуге негіз бар. Отбасы мен ошақ қасынан шықпайтын әйелдер үшін өз құқығын қорғап, өз ниетін білдіру ар саналған жағдайлар да ұшырасады. Остиннің осы романды жазудағы негізгі мақсаты - әйелдердің қоғамда таңдау еркіндігі болмауы Джейн Остиннің алдында өз еркімен шешім қабылдай алатын, сондай-ақ басқа адамдардың тарапынан тұрмысқа шығу әлде шықпау керектігі туралы шешім шығара алатын еркін әйелдің бейнесін жасау. Сұлтанмахмұт бұл мақсатты ашық көрсетпесе де, қазақ қоғамының сол тұстағы мүшкіл жағдайын сынау және бақытымды құрам деген бейбақтың бақытсыз күйін қазақ халқының басына төнген трагедия ретінде бейнелейді.

С.Көбеевтің «Қалың мал» романының желісі С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романымен үндеседі. Бас кейіпкерлер – Қамар мен Ғайша; Ахмет пен Қожаш бір-біріне ұқсас және рухани да жақын. Бұлар жаңа заманның адамдары, олардың өмірге көзқарастары да жаңаша. Бірақ өзара айырмашылықтар да жоқ емес. Көбеевтің романында екі таптың өкілдері – байлар мен кедейлер қақтығысады., ол Тұрлығұл байдан романның кейіпкерлерінің жеке есеп айырысу, кек алу мақсатынан келіп туындайды. «Қамар сұлу» романындағы кейіпкерлері – оқыған, білімді адамдар, олар ұлттық зиялы қауымның өкілдері болып табылады.

Көбеевтің кейіпкерлері – қарапайым ауыл тұрғындары. Бірақ олар дала билеушілерінің (манаптарының) құрбаны болғысы келмейді. Көбеевтің романы


мақсатына жетіп аяқталады. Бақытты мәреге жету қазақ әдебиетіндегі бір жаңалық болып есептелінеді [62, 68]. Сұлтанмахмұт қазақ қоғамының күресін басқаша түрде жеткізеді. Оның да кейіпкерлері – жанашылдықты аңсаған жандар. Күрес барысында амалдың жоғынан немесе батыл қадам жасай алмағандығының шарасыздығынан құрбан болады. Сұлтанмахмұт пен Спандиярдың айтпақ болған ойы бір деуге негіз бар. Себебі қос шығарманың мәресі екі түрлі болғанымен, оқырманға жеткізбек болған идеясы бір. Тұрлығымен Ғайша қанша қиыншылықтан өтіп, қанша азапты бастарынан кешіріп, сүйгендеріне қосылып жатсадағы, әлеуметтік теңсіздік мәселесіне түгелімен балта шабылмайды. Бұл кезекте Сұлтанмахмұт басқаша жеткізуді көздейді: өлімнің өзі де тығырықтан шығармайды, тығырықтан шығудың бар жолы – өз уақытысында батыл қадам жасап, төтеп беру деп ұғындырады.

Түрлі тарихи оқиғалар, соның ішінде Жоңғар шапқыншылығы, Шыңғыс ханның орта Азияны жаулап алуы, Ресейдің отаршылдық саясаты қазақ қоғамының дамуын жүз елу-екі жүз жылдай уақытқа кешеуілдетті. Тарих сахнасы үшін бұл қас қағым сәт болғанымен, феодализмнен бірден социализмге ауысып жатқанда, ағылшын қоғамы капитализм даму жүйесін өткеріп жатқан болатын. Сондықтан, екі туындының жазылу хронологиясы бойынша ғасырға шамалас айырмашылық болса да, түпкі қозғайтын проблемасы – бір [63,147].

Сонымен «жаңа әйел» ұғымының қайдан бастау алғанын Қамар мен Элизабеттың төмендегі салыстырулары арқылы көз жеткізе аласыздар.

Кесте №2

Қамар бейнесі





Сұлтанмахмұт Торайғыров басында Қамар бейнесін аша келе, «жаңа заман адамы» ретінде суреттейді. Яғни Қамар үшін материалдық құндылықтардан адами құндылықтар басымырақ.

«Қамар сұлу» - реалистік шығарма. Өмірдегі қарама-қайшылық өмір ағысына тосқауыл болуға ұмтылған, өткен өмірдің кертартпа салт-санасын ұстанған ескілік пен ертеңінің өзгерісіне сенген жаңаның тартысы арқылы көрсетіледі. Қайғылы халге ұшыраған екі жастың гүл ашпай жатып солған жауқазын махаббаты - қараңғылық пен надандылыққа қарсы күрестің жаңа өскіні, жаңа күші. Бір-біріне қарама-қарсы екі топ, өмірге, қоғамға, адамға деген екі түрлі көзқарас арқылы айқындалады. Бірінші топ өкілдері романда Оспан, Қалтан, Нұрым, Әбділдә ишан арқылы бейнеленсе, екінші топ жас ұрпақ Ахмет, Қамар, Қасендер арқылы көрсетіледі. Алғашқы ұрпақ өкілдерінің негізгі ерекшелігін автор ескілікті салттың етегіне жабысып, соны негізгі құралы етіп, алдау, арбау, айла тәсілдері арқылы көрсететін тоғышарлық, қанаушылық мінз-құлқында деп таниды. Ал жаңа өскін ұрпақтың өкілдерінің бойынан ақын өз заманының саналы да жаңаға жаны құмар жастарын көреді. Олардың жаңаша көзқарасы мен таным-түйсігін сезінеді. Сұлтанмахмұт бұл ұнамды кейіпкерлерінің әділдік жолындағы, махаббат бостандығы жолындағы күрестерін сүйсіне суреттейді [64,204].

Автор Қамар болмысын өзгелерден оқ бойы оздырып тұрған басты белгі оқығандығында деп біледі. Сондықтан да ол – өз заманының озық ойлы қызы.

Қамар қыз оқымаса нетер еді,

Әуелі бұлтаң-бұлтаң етер еді.

Көзсіз болса, алды-артын болжау қайда,

Өркімнің жетегінде кетер еді, - деген сөздердің автор аузынан айтылуы Қамардың ақылды жан ретінде көрінуі – білімділік жемісі екендігінің

Сұлтанмахмұт ұсынған бір дәлелі. Ақын Қамардың оқығандығын өз тағдырына өзі араша түсуге мүмкіндігінің молдығы ретінде көрсетеді. Оқымаған қазақ қыздары өз бостандықтары үшін күреспек түгіл, ол туралы ойлай да алмайды деген ойды меңзейді автор. Оқыған Қамар бейнесін оларға бағдаршам іспетті ұсынады. Білімді, парасатты қыз ғана теңдік жолына батыл қимылға бара алатынына сендіреді. Қамар образын сомдаудағы автор айтпақ болған ой мен тәрбиелік мән, міне, осында жатыр. 205- бет.

Сұлтанмахмұт Қамардың еркіндікке қол созған саналылығын өзіндік түсінігі, өзгелермен қарым-қатынасы арқылы да нақтылай, аша түседі. Бұл Қамар образының өзгеше сипатын айқын байқатумен қатар, жазушының өз дәуірінің өзекті мәселелерін көтеру тарапындағы ұстанған бағдары мен шеберлік тәсілдерін айыруға мүмкіндік береді.

Қамардың Ахметке жазған хаттарынан оның өмір, қоғам жайлы түсініктері айқын аңғарылады.

- Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,
Ақылсыз екі аяқты мал қылғаның.
Біреуге Аплатондай білім беріп,
Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның.
Қыздарын теңге бермей, малға беріп,
Қазақты қара көңіл аң қылғаның [29,28].

Қамардың осы сөздері арқылы сол тұстағы қазақ қоғамының надандық сыры, кертартпалық сипаты айқындалып, құқық теңсіздігі, бедел мен биліктің малға бағаланған қияпаты ашық айтылған. Ол өз кезегіндегі шектен асқан әділетсіздікті, озбырлықты тап басып танып, жиіркенішпен қарайды. Қамардың бұл сөздерінде тек қоғамды танып қою ғана емес, оған деген күдік те, сескену де бар. Өйткені өз басына әлі туа қоймағанымен қазақ қызының басындағы халді ол жанымен сезеді. Бұл сезік кейін шынға айналады. Осы тұста Қамардың әлдебір жаңашылдықты күтетіні сезіліп-ақ тұр.

Сол кездің өзінде екіншісі бірі хат тани алмайтын заманда Қамар хат танып, аз-маз ақындығы бар сұлу ретінде суреттелген. Уақыт өте келе, Қамар Ахметпен дос болып, бір-бірінен түйген ілім-білімдерін үйретіп жүрген сәттерінде, Қамар мен Ахмет бір-біріне ынтық екенін байқайды. Дегенмен де қосыла алмайтынына көз жеткізген қос ғашық жай ғана айырылып кете береді. Дәл осы жерде Қамардың тапқырлығы байқалады. Қамар ақылды қыз ретінде Ахмет екеуінің ара-салмағын байыптай, өлшей келе ақырында: «Бес-он күндік ойын үшін әрі өзімді, әрі оны қаралап, жұртыма, құдайға да ұятты болмайын, жанған жаным жана берсін; обалымыз қиюы жоқ, қисыны қашқан дүниеге, оңға баспай солға басқан қазақтың қара ғұрпына болсын», – деген тұжырымға тоқтайды. Қанша бойын сезім билеп тұрса да, сол сезімнің жетегінде кетпей ата-анасының, ел-жұрттың абыройын ойлап, өз сүйгенінен бас тартады. Егер Қамар ата-анасына Ахметпен бір болам десе, ата-анасы қарсы шықпас еді. Бірақ ертеңгі күні ата-анасын ел-жұрттың алдында абыройын биік ұстау үшін осы қадамға барған болатын. Яғни ескі салт пен сананың құлына ұшырайды. Бұл дегеніміз – Қамардың қанша «жаңаның адамы» болып тұрса да, «ұятты»

ойлап, қоғам стереотипіне бой алдырды деген сөз. Оның жүрек қарсылығын үнсіз басып, өзін-өзі тоқтатқан осы бір сөзінің өзінен біраз нәрсені аңғарамыз. Көкірек көзі ояу Қамар Ахметке қосыла алмасын іштей мойындап, оған кінәлі ескі салт-сана үстемдік құрған заман деп біледі. Сондықтан да ол адамдық арын таза сақтауды өзінің басты борышы деп түсінеді, аз күндік алдамшы қызыққа елікпейді. Қазақ қызының бойында табылатын барша ұяңдық пен ибалылықпен бірге Қамарға ғана тән адамгершілік, адалдық, пәктік көзге ұрып тұр. Қамардың өз заманының қыздарынан ерекшелігі – өзгеше ойлауында, жаңашылыққа ұмтылысында. Себебі, Қамардың молдамен айтысында да, Қамар ескінің салтын ойлаған молданы емес, діншілдікті ойламаған молданы сынайды. Мұның өзі Қамардың хат танып, білім нәрімен сусындағандығын аңғартады. Себебі, ол заманда би де, жырау да, тураны айтатын адам да, ақты ақ, қараны қара деп айтатын адам да молда деп таныған. Ал молдалардың мұндай қателігін бетіне басып айту әркімнің қолынан келетін іс болмаған. Соның өзінде қаршадай ғана қыздың молданың қателігін табуы көп нәрсені білдіреді. Жалғыз өзі бүкіл қараңғыда қалған елдің бәрімен күреседі. Қамардың білім мен ғылымнан хабары бары мына өлең жолдарынан белгілі екені даусыз:

Жүретін сойып сатып, жасы-қарты,
Мал емес төрт аяқты әйел халқы.
Уау, молда, түзулікті айт құдай үшін:
Жоқ па еді күпу деген неке шарты? [29,48]

Қамардың Нұрымға, молдаға айтқан сөздерінен көп шындықтың сыры ашылады. Замананың жас өскіні Қамар тамырын тереңге жіберген ескілік тікенімен бетпе-бет келген жерде өзінің сезімін тежемей, еркіндік жайлы ойларын батыл айтып, кісіліктен кеткен азғын топтың бет пердесін сыпырады.

Сүю-сүю бола ма зарлауменен,
Көңілді ұстап тұру жоқ торлауменен.
Көңіл болса, қосылмай тоқтала ма?
Оқ атып, қылыш шауып, қорлауменен, – дейді ол.

Қамардың молдамен сөз қағысы романда ескі мен жаңаның арасындағы тартыс ретінде берілген. Бәйтік молданың сенімсіз сөздеріне нақты тойтарыс беру, ұтымды жауап қайтару, негізсіз ойларын әшкерелеу, надандығын бетке басу арқылы Қамар шарифатты жамылғы еткен дүмше молданың білімсіз, дүмбілез күйін өлтіре сынайды.

Шығарма Қамардың сананы надандық тұмшалаған замандағы ескі әдет-салттың құрбаны болуымен, оның ертеңгіге айтқан зарымен аяқталады. Ол өлім аузында жатса да адамдық арын биік қояды. «Ахметтен басқа жанды сүйгізбей ал!» деген соңғы тілек айтып, дүниеден адал, пәк боп өтуді армандайды. Жастардың еркіндігін аяққа таптаған қоғамдық өмір заңына лағнет айтып, ертеңгілердің еркіндікке жетуін тілейді.

Қамар – бүкіл болмысымен, ақыл-ой, білімімен, заманадан озған түсінігімен ояну дәуіріндегі адамдық құқын қорғау жолындағы күреске талпынған, көкірек көзі ашық қазақ қыздарының типтік бейнесін танытады.

Қамар – кешегі кер заманда өзінің бас бостандығын қорғау, махаббат еркіндігін алу жолында құрбан болған қазақ қыздарының аянышты да қасіретті өмірін бейнелейтін, Сұлтанмахмұттай хас шебер қаламымен жаралған толымды тұлға.

Көзі ашық, көкірегі сара Ахмет қоғамдық дамудың қайшылықтарын жіті аңғарады, бірақ қолдан келер қайран болмағандықтан, өкініштен басқа айла жоқ. Сол тұстағы қазақ даласында етек алған теңсіздік пен әділетсіздік Ахметтің тек жан дүниесінде реніш туғызып қана қоймай, оны тағдыр тәлкегіне салады.

Сүйгені Қамарға қолы жетпей, жазықсыз жалаға ұшыраған Ахмет елден безіп, оқуға кетеді. Өзін қолдар жанның, Қасен сияқты жөн білер азаматтың аздығы оны осындай дәрменсіздікке алып келеді.

Ал бұл дәрменсіздіктің өзіндік әлеуметтік себептері де бар. Ол – зиялы қауымның әлі де болса, бас біріктіріп, әлеуметтік ортада өзіндік күшке ие бола қоймауы.

Шығарманың соңында қиыншылықтың тезінен өткен, шындыққа көзі жеткен Ахметтің шектен асқан айуандыққа күшпен қарсы шығудан басқа амалы қалмайды. Қамармен қоштасарында: «Көрсеткен саған қорлық жауыздардан, кетермін тым құрығанда өшімді алып», – деген сөзін ол бұлжытпай орындап, бақсыға пышақ салады, Нұрымды жаралайды. Өзі де «бұл дүниенің залым тұрмысынан ақіреттің әділ тұрмысына» сапар шегеді. Шығарма оның осы бір оқыс қимылымен аяқталады. Автордың өзінің сүйікті кейіпкерін мұндай іс-әрекетке алып келуінің психологиялық дәлелі өзін-өзі ақтайды. Өзі тартқан тақсірет, сүйгенінің өлім аузындағы халі оны оны ашындырмауы мүмкін емес еді. Осы бір әділетсіздікке күш жұмсауға алып келген шешім – кенеттен туғанымен, надандық пен зорлыққа қарсы күрестің алғашқы белгісі. Ол Ахмет өлімімен бітіп қалмайды. Жалғасы ертеңде жатыр. Қараңғылық түнегін түрер уақыт та жақын қалған болатын. Ахмет бейнесі – ақпанның ақ таңы атар қарсаңдағы қазақ қоғамында енді-енді пайда бола бастаған жаңа тұлға.


Қамардың ағасы Қасен романда негізгі кейіпкерлердің бірі ретінде көрінбесе де, әділдікті, адамгершілікті жақтайтын жаңаның белгісі. Тіпті осы Қасен – Ахмет ісін келешекке жалғастырап, автор үміт артқан елдің ертеңі.

Романдағы ерекше назар аудартатын, қазақ әдебиетінде бұрын көріне қоймаған образдардың бірі – Қамардың әкесі Омар. Омар – жаны таза, арына дақ түсірмеуге тырысатын адал әке. Өмірдегі бар тілегі – жанындай жақсы көретін қызының бақытты болуы. Омар Қамардың басына қауіп төнгенде оны арашалап, қорғап қалу үшін бүкіл амал-әрекетін, қолдан келген күш-қайратын жұмсайды. Оның мұндай нағыз әкелік, биік адамгершілік қасиеттерге ие болуының негізгі себебін ақын Омардың «турашыл, сәулелі кісі», «қанша айтқанмен, оқыған» адам екендігінен іздейді. Сұлтанмахмұттың бұл суреттеуінен оның әділдік пен турашылдықты оқыған адамнан күткен ағартушылық идеясын тағы байқауға болады.

Егер Джейн Элизабеттің бейнесі арқылы мансаптан, сезімді биік ұстайтын кейіпкерді жасаған болса, Сұлтанмахмұт та дәл солай. Негізінен, Қамар да, Элизабет те орта тап өкілдері. Екеуінің бір-бірінен басты айырмашылығын төмендегі тірек сызбадан көруге болады:

Кесте №4

Элизабет пен Қамардың бақытқа жету жолындағы күресі



Бақытқа қол жеткізу жолында Элизабет Беннет қоғамда қалыптасқан барлық пікір мен канондарды моральдық тұрғыдан жоққа шығарды.

Әдебиетте Джейн Остин жасаған кейіпкер (Элизабет Беннет) «жаңа әйел» ұғымын қалыптастырды. Себебі осы бағытта жазылған ешқандай шығармада «Pride and Prejudice» романындағыдай толық дәлел кездестіре алмайтыныңыз сөзсіз.

Қорытынды

Джейн Остиннің “Pride and Prejudice” шығармасы бүгінде әлемнің ең озық классикалық туындыларының қатарына еніп қана қоймай, нағыз махаббат пен адамдардың қарым-қатынасы туралы түсінік беретін ұлы романдарының қатарына жатқызуға болады. Сондай-ақ Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романымен салыстыра отырып, екеуінде ортақ сарындардың бар екені айқындалды.

Зерттеу жұмысында қоғам тарапынан әйелге әсер ететін негізгі факторлар белгіленді. Зерттеу барысында феминизмнің, гендерлік саясаттың шығу тектері жайлы қарастырылды. Бұл зерттеулерде ескерусіз қалған жайттар ғылыми танымға арқау етілді.

Сонымен қатар, екі шығарманың типологиялық ерекшеліктері мен ұқсастықтары сараланды.

Сондай-ақ, жасау, айттыру сияқты қазақ халқында кездесетін дәстүрлердің ағылшын қоғамында да бар болғандығы айқындалды. Дін мен шіркеу саясаттарының бұрмалануына байланысты сол заман тұсындағы әйелдер қоғамнан тыс ескерусіз қалып отырды. Және де заң алдында ешқандай құқыққа ие болмауы осындай оқиғалардың орын алуына себепші болғаны сөзсіз. Қамар мен Элизабеттің бейнесі арқылы қос автордың айтпақ ойы және оқырман қауымға жеткізбек болған мақсаты ашылды. Джейн де, Сұлтанмахмұт та өздерінің кейіпкерлеріне үлкен жауапкершілікті жүктеді – қоғам алдында беделі төмен дәрежеде болса да, өздерін қоғам қайраткері ретінде мойындату миссиясы тұрды. Және де қос авторға қоғамдағы жаңа ұғым «Жаңа әйел» бейнесін аша түсу міндеті жүктеліп, өздерінің жасаған кейіпкерлері арқылы қоғамда сол тұстарда қалыптасқан негізгі проблемаларды аша алғандығын айта кеткен жөн. Элизабет пен Қамардың бейнесі – жаңашылдыққа ұмтылған қыздардың мүддесін жеткізу мақсатында жасалған кейіпкерлер. Қос шығарманың аяқталуы әрқалай болса да, авторлар шығармадағы негізгі проблемаларды көтере алды. Екі шығарма екі түрлі дәуірде жазылғандықтан, әрқайсысының өздеріне тән сыни тұрғыдан мәлімет берілді. Джейн Остин мен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мұндай тақырып айналасында шығарма жазуына не арқау болғандығы және себебі көрсетілді. Екі шығарманың аяқталуы екі түрлі болғанына қарамастан, Джейн Остин де, Сұлтанмахмұт Торайғыров та әйел теңсіздігі мәселесі түбегейлі шешіле қоймағандығын мойындайды, бірақ Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлудағы» негізгі идеясы бойынша жастардың қоғамды қзгерте алатынына сенеді.

Қорыта айтқанда, ағылшын және қазақ тілдерінде жазылған шығармаларда ортақ сарындар мен проблемалар бар екендігі дәлелденді. Жұмысты жазу барысында, мақсаттың орындалғанына толық көз жеткізе аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. B. L. Harman. London : University of Virginia Press, 1998. - 240 p.
2. Wilson E. Through the Looking Glass. A History of Dress from 1860 to the Present Age / E. Wilson, L. Taylor. London : BBC Books, 1989. - 352 p.
3. Winnifrith T. Fallen Women in the Nineteenth-century Novel / T. Winnif-rith. Basingstoke : Macmillan, 1994. - 178 p.
4. Witemeyer H. George Eliot and the Visual Arts / H. Witemeyer. New Haven ; London : Yale University Press, 1979. - 238 p.
5. Armstrong N. and Bradley A.C. Desire and Domestic fiction: apolitical history of the novel. Oxford, 1987. – 326p.
6. Butler M. Jane Austen and the war of ideas. Oxford, 1975
7. Mousset Sophie. Women’s Right and the French revolution: a Biography of Olympe de Gouges. New Brunswick, NJ: Transaction Publishers, 2007.
8. Margaret Fuller, Women in Nineteenth Century, Boston: Bedford, 1997,f– 188
9. Fritzer, Penelope Joan. Jane Austen and Eighteenth-Century Courtesy Books. Westport: Greenwood Press, 1997
10. Tuite C. Romantic Austen: Sexual politics and the literary canon. Cambridge, 2002, - 286
- 11.Гениева Е. Ю. Чудо Джейн Остен / Е. Ю. Гениева // Остен Дж. Леди Сьюзен. Уотсоны. Сэндитон : романы. М., 2002. – 228
- 12.Zunshine, Lisa. 2007. “Why Jane Austen Was Different, And Why We May Need Cognitive Science to See It.” Style 41: 275–298
- 13.Бондаренко Л. Ю. Роль женщины от прошлого к настоящему / Л. Ю. Бондаренко. М. : Б. и., 1996. - 248 с
- 14.Гордость и предубеждение/ Джейн Остин; [перевод с англ. И.С.Маршака]. – Москва: Издательство «Э», 2016. – 672с
- 15.Gay P. Jane Austen and the theatre., L.;N.Y., 2002. – 482
- 16.Jane Austen, or The Secret of Style. Princeton and oxford: Princeton University Press, 2003. – 386
- 17.Christie, William. "Pride, Politics, and Prejudice." Nineteenth-Century Contexts 20 (1997): 313
- 18.Troost, Linda. “The Importance of Being Austen”. Review of William H. Galperin, The Historical Austen, Eighteenth-Century Studies 39/3 (2006): 405
- 19.Гениева Е. Ю. Английская литература / Е. Ю. Гениева, В. В. Ивашева // История зарубежной литературы XIX века : в 2 ч. М., 1983. - Ч. 2. - 294.
- 20.Крючкова Н. Д. «Женский вопрос» в викторианской Англии. Проблемы повседневности в истории: образ жизни, сознания и методология изучения. – Ставрополь, 2001. –130.
- 21.Austen, Jane. Pride and Prejudice.Hertfordshire: Wordsworth classics, 2007 – 329 p
- 22.Вельский А. А. Остин Джейн / А. А. Вельский // Большая советская энциклопедия : в 30 т. 3-е изд. -М., 1974. - Т. 18. - С. 583

23. Lynda A. Hall. Women and 'Value' in Jane Austen's Novels. Macmillan. California, USA. 2017, - 218
24. www.springer.com/gp/book/9783319507354#otherversion=9783319507361.
25. Singh, Sushila. Jane Austen: Her Concepts of Social Life. New Delhi: S. Chand and Company Ltd., 1981. – 227
26. Дронова Н. В., Малахова О. А. Женщина в семье викторианской Англии. От мужских и женских к гендерным исследованиям. – Тамбов, 2001. – 159
27. Остен Дж. Гордость и предубеждение. / Ком. Е. Гениевой, Н. Демуровой. Перевод с английского И. Маршака. – М.: Худ. лит., 1989. – С. 12-
28. Набоков В.В. Джейн Остен. Набоков В.В. Лекции по зарубежной литературе. - М., 1998. – 197
29. Торайғыров С. Адаскан өмір. Кедей. Жарқынбай. Кім жазықты. Қамар сұлу / С. Торайғыров. Қалың мал / С. Көбеев. - Алматы: Рауан, 1992. - 238 б.
30. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2005. – 2016 бет.
31. Бегманов Қ. Халқы мықтының – салты мықты: /этнографиялық сыр-сұхбат). Қасымхан Бегманов – Алматы: «Өлке», 2010. – 480 б.
32. «ӘЙЕЛДІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ», Қазақ әйелі: өткені, бүгінгі, болашағы: дөңгелек үстел материалдарының жинағы. – Астана, 2013. – 146 бет.
33. Ф.Қ. Бектұрбекова. Дәуір ақыны: Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналады. – Алматы: Орталық ғылыми кітапханасына, 2002. – 255 бет. – «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы.
34. Тревельян Дж.М. История Англии от Чосера до королевы Виктории. - Смоленск: Русич, 2001. – с. 513-514.
35. Острогорский М.Я. Демократия и политические партии. – М.: РОССПЭН, 1997. – с. 243
36. Уоллстоункрафт М. В защиту прав женщин // http://www.newlibrary.ru/book/uollstounkraft_myeri/v_zashitu_prav_zhenshi_ny.html.
37. Моисеева Л.П. Проблема женской эмансипации в русской литературе 30-40-х годов XIX века // Общественные науки и современность. – 2000г. - №4. – С.165.
38. Жолудов М.В. Идеология и политика либеральной партии Великобритании в 30-е гг. XIX в. – Рязань: – 1997. – 320.
39. Сумароков А. Прогулка за границу. В 4 тт. – Т.3. – СПб., 1821 г. – с. 267 – 271
40. Perkin J. Women and marriage in 19th century England. – London: - 1989. – P. 220
41. Диккенс Ч. Лавка древностей. – М.: Детская литература, 1980. – 281
42. Свиньин П. Ежедневные записки в Лондоне. – СПб., 1817 г. – с. 176
43. www.anna-warvick.livejournal.com


44. Айвазова С. К истории феминизма / С. Айвазова // Общественные науки и современность. 1992. — № 6. — 314.
45. Басовская Н. Ищи женщину. : (О влиянии женщин на политику Англии и Франции со средневековья до наших дней) / Н. Басовская // Знание сила. - 1996.-№8. — 208
46. Әбдірәсілқызы Айнұр «ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ МӘРТЕБЕСІ: КЕШЕ МЕН БҮГІН», Қазақ әйелі: өткені, бүгіні, болашағы: дөңгелек үстел материалдарының жинағы. – Астана, 2013. –146 бет.
47. «Дін және әйел» республикалық форумының материалдары. Астана, 2013 жыл. Баспаға дайындағандар: А.Әбдірәсілқызы. Редакторы: М.Әзілханов. – Астана, 2013. – 60 бет
48. Сарсенова Ж.Н. Гендер туралы түсінік. Оқу құралы. Алматы: Нур-Принт, 2010. – 68 бет
49. Әуезов.М «Адамдық негізі – әйел» <http://el.kz/m/articles/view/content-4089>
50. Тапанова С.Е. Қазақ басылымдарындағы әйелдер бейнесі. Монография – Астана: 2013. – 264 бет
51. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар: Әдебиеттану, сын әлемі. – Алматы: «Қазығұрт» баспаханасы, 2003. – 336 бет. – Отырар кітапханасы
52. «Социалистік Қазақстан», №158, тамыз 1945 ж
53. Умарова Г.С. Шарабасов С.Ф. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 244
54. Бейсембай Кенжебаев. Жылдар жемісі. Әдеби мақалалар мен естеліктер. Алматы. «Жазушы» баспасы. 1984 жыл.
55. Қирабаев Серік. Тарих және әдебиет. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 500 бет.
56. Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін...- Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2004 – 344 бет.
57. Қирабаев Серік. Көп томдық шығармалар жинағы.Т8. – 448 бет. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007.
58. Еспенбетов Арап. С.Торайғыровтың көркемдік әлемі //Еспенбетов Арап. Уақыт өрнегі (Мақалалар. Ойлар. Толғамдар). - Алматы, 2005. – 275 - 288 б.
59. Серік Қирабаев. Октябрь және қазақ әдебиеті. Мақалалар мен зерттеулер. «Жазушы» баспасы. Алматы. – 1968.
60. Кенжебаев Б. «Асау жүрек». Деректі әңгіме, зерттеу, толғам, аударма. Шымкент: «Ордабасы», 2004 – 384 бет.
61. Жанр және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1971. -272 б.
62. Торайғыров Сұлтанмахмұт. Сарыарқаның жаңбыры. I-кітап. – Алматы: Жазушы, 1987. – 160 бет.
63. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6-том. Алматы. ҚАЗАқпарат., 2008. 781 б.
64. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық. – Алматы, 2012. 408б.



Феминистік идеяның негізін салушы – Джейн Остин.



Джейн Остиннің шоқтығы биік романдарының бірі – «Pride and Prejudice» (түпнұсқа).




Джейн Остиннің “Pride and Prejudice” романындағы кейіпкерлердің бір-бірімен байланысы



“Pride and Prejudice” романы жселісінде түсірілген фильм



*Қазақтың Абайдан кейінгі дара ақыны,
ұлы сыншысы – Сұлтанмахмұт Торайғыров*



Сұлтанмахмұттың алғашқы жинағы (түпнұсқа)



Қамардың Ахметтен келген хатты оқу сәті



Жорға Нұрымның Қамарды айттыру сәтінен



Хал үстіндегі Қамардың Ахметпен қоштасуы

ОҚУ